

Жаһандық диалог ^{8.2}

Жылына 3 рет 17 тілде шығады

Джон Холловеймен әлеуметтану
туралы әңгіме

Лабинот Кунушевчи

Неолибералдық
ой өндірісі

Карин Фишер
Дитер Плеве
Элейн Маккьюэн
Хернан Рамирес
Маттиас Киппинг

Қамқорлық
дағдарысы

Хайди Готфрид
Дженнифер Джихай Чан
Фиона Уильямс
Адел Блэккетт
Крис Тилли
Джордина Рохас
Ник Теодор
Сабрина Марчетти
Хельма Лютц
Юен Тео
Пей-Чиа Лан
Шармила Рудрапа
Хелен Швенкен

Теорияның
болашағы

Хармут Роза
Жасминка Лазняк

Ашық бөлім

- > Қытай девелоперлері және шаруа наразылығы
- > Жаһандық диалогтың румын тобын таныстыру

ЖУРНАЛ



International
Sociological
Association
isa

Басылым 8/ Шығарылым 2/ Тамыз 2018
<http://globaldialogue.isa-sociology.org>

GD



> Редакциядан

Фундаментализм мен неолиберализмнің саудасы әлемнің көптеген бөліктерінде күнделікті өмірге ықпал етуде отыр. Ақша, нарық пен неолибералдық ой заманауи саясаттың саналуан супра-, аралық-, транс-және ұлттық тұрғыдағы негізінде жатыр. Бұл мәселе заманымыздың басым тенденциялары туралы екі тұжырымды ұсынады. Капитализмнің еркін әрі сұңғыла сыншысы Джон Холловейдің сұқбатында ақшаның тегеурінді күші, қаржылық капитализмнің динамикасы және Еуропалық Одақтағы түйткілді мәселелер бойынша пікір таластырады, дегенмен ол басқа қоғамның мүмкін екендігін жоққа шығармайды. Неолибералдық ой өндірісі туралы алғашқы симпозиум авторлары неолиберализм өзін-өзі реттейтін нарық туралы либералдық ойдың мықты дәстүрін айқындайтынын есімізге салды. Неолибералдық ой орталықтарының осы идеяның жақтаушылары екенін күнделікті өмірде білмеуіміз әбден мүмкін. Аталмыш құбылысты халықаралық тұрғыдан зерттеп жүрген әлеуметтанушы Карин Фишер осындай талдау орталықтарының қалай жұмыс жасайтынын және қоғамға ықпалын көрсететін мақалалардың жиынтығын ұсынады.

Соңғы онжылдықта күтім және күтім жұмысы – әлеуметтанушылардың назарын өзіне көбірек аударып бастаған мәселенің бірі. Осы саладағы белгілі зерттеушілер Хайди Готфрид пен Дженнифер Джихай Чан күтім мен күтім жұмысын ұйымдастыруда ағымдағы және

болашақтағы түбегейлі өзгерістер туралы ойға жетелеп, бүкіл әлемді қамтыған мақалалар топтамасын біздің екінші симпозиум үшін дайындады. Аталмыш саланың көптеген қырлары – күтімнің жаңа нарығы, дене маркетингизациясы, отбасылық және гендерлік тетіктердің өзгерістері, көші-қон және жаһандық көмектің жүйелері – заманауи капитализм және жыныс, нәсіл пен тап қатынасымен біте қайнасып жатыр деп саналады. Сонымен қатар біз Ұй Қызметкерлері Құқықтарын Зерттеу Желісімен бірге осы сектордағы еңбек ахуалын жақсарту үшін табысты жұмыс жасап жүрген әлеуметтанушылар мен белсенділердің ықпалды халықаралық бастамасымен таныстырамыз.

Соңғы жылдары неміс әлеуметтанушысы әрі әлеуметтік философы Хартмут Роза заманауи капиталистік қоғамдарды үнемі жеделдету, өсім және бәсеке қажеттілігі сияқты негізгі принциптерін үшін сынға алып жүр. Әсіресе, оның заманымыздың басты мәселесі ретіндегі резонанс – немесе резонанстың болмауы – туралы қағидасы кеңінен талданды. Осы шығарылымда ол өзінің резонанс концепциясы туралы мағлұмат береді.

Сондай-ақ, Хорват әлеуметтанушылар қауымдастығының президенті Жасминка Лажнякпен сұқбатта Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Еуропадағы жағдай талданып, әлеуметтанудағы түйткілдер таратылады. Келесі бір мақалада қытайдағы урбандалу аясындағы шиеленістер сарапталады. Соңғы және аса маңызды нәрсе – румын тобының *Жаһандық Диалогтағы* жұмысымен таныстыру. ■

Брижитт Ауленбахер мен Клаус Дерр,
Жаһандық Диалогтың редакторлары

> Жаһандық Диалог [ХӘҚ ресми сайтында](#) 17 тілде жарияланады.
> Мақалаларды globaldialogue.isa@gmail.com жолдауға болады.



> Редакциялық алқа

Редакторлар: Бриджитт Ауленбахер, Клаус Дёрре.

Редакторлардың көмекшісі: Йоханна Грубнер, Кристин Шикерт.

Редактордың орынбасары: Апарна Сундар.

Басқарушы редактор: Лола Бусуттил, Август Бага.

Кеңесші: Майкл Буравой.

Медиа кеңесшілер: Густаво Танигутти.

Редакциялық кеңес:

Маргарет Абрахам, Маркус Шульц, Сари Ханафи, Виниета Синха, Бенджамин Теджерина, Роземари Барбарет, Изабелла Барлинска, Дилек Чиндыоглу, Филомин Гуттиерец, Джон Холмвуд, Гуэлермино Жассо, Калпана Каннабиран, Марина Куркчян, Саймон Мападименг, Абдул-мумин Саад, Айше Сактанбер, Сели Скалон, Саука Ширахасе, Гразина Скапска, Эвангелия Тастосоглоу, Чин-чин Ю, Елена Здравомыслова.

Аймақтық редакторлар

Араб әлемі:

Сари Ханафи, Мунир Сайдани.

Аргентина: Хуан Игнасио Пиовани, Пилар Пи Пуч, Мартин Уртасан.

Бангладеш: Хабибул Хак Хондкер, Хасан Махмуд, Джувел Рана, Юс Рокейя Ахтер, Тоуфика Султана, Асиф Бин Али, Харун Нахар, Кази Фадия Еша, Хелал Аддин, Мухамин Чоудари.

Бразилия: Густаво Танигутти, Андреса Галли, Лукас Амарал Оливера, Бенно Уоркен, Анжела Мартинс Джуниор, Дмитри Чербончини Фернандеш.

Франция/Испания: Лола Бусуттил.

Үндістан: Рашми Жаин, Джуотти Сидана, Прага Шарма, Нидхи Бансаль, Панкаш Бхатнагар.

Индонезия: Каманто Сунарто, Хари Нугрохо, Лусия Ратих Кусумадеви, Фина Итрияти, Индера Ратна Иравати Паттинасарани, Бенедиктус Хари Джулиаван, Мохаммад Шохибуддин, Домингус Элсид Ли, Антониус Арио Сето Харджана, Диана Тереза Пакаси, Нурул Айни, Гегер Риянто, Адитья Прадана Сетиади.

Иран: Рейханех Жавади, Нияеш Долати, Сина Бастани, Саед Мухаммад Муталеби, Вахид Ленджанзаде.

Жапония: Сатоми Ямомото, Сара Мехара, Масатаки Егуши, Юко Масуи, Рио Танака, Мари Ямомото, Киори Хашия, Айна Каниюки, Эрика Куга, Кайя Озава, Цукаса Шигабаки, Михияки Юаса.

Қазақстан: Айгүл Забирова, Баян Смағамбет, Әділ Родионов, Алмаш Тілеспәева, Қуаныш Тел.

Польша: Якуб Барщевски, Ивона Божаджижева, Катарзина Дебска, Паулина Домагалска, Лукаш Дулняк, Кшиштоф Губански, Сара Хержинска, Жустина Косинска, Каролина Миколажевска-Зажак, Адам Мюллер, Зофия Пенза-Габлер, Александра Сенн, Анна Вандзель, Яшек Зих.

Румыния: Косима Ружиниш, Райса-Габриела Замфиреску, Мария-Лоредана Арсене, Дениса Дан, Диана Александра Думитреску, Раду Думитреску, Юлиан Габор, Ден Гитман, Алина Хоар, Александра Иримице-Ана, Кристиана Лотри, Анда-Оливия Марин, Бианка Михайла, Андреа Елена Молдовану, Уна-Елена Негри, Милоара Парашив, Кодрут Пинзару, Сусана Мария Попа, Елена Тюдор.

Ресей: Елена Здравомыслова, Анастасия Даур, Валентина Исаева.

Тайвань: Джинг Мао Ху.

Түркия: Гүл Шарбаджоғлы, Ирмак Эврен.



Джон Холлоуэй, жетекші марксист әлеуметтанушы және теоретик, өзара құрметке негізделген қоғамды құру мүмкіндігі туралы әңгімелейді және шығармашылық қайратымызды ақша үстемдігінен азат етуді есімізге салады.



Неолибералдық ой өндірісі жаһандық шешімдерге әсерін күшейте түсуде. Осы шығарылым неолибералдық ой орталықтары желісінің түп-төркінін және дамуын, олардың әлемдегі саяси, әлеуметтік және экономикалық ықпалын талдайды.



Осы нөмірде күтім мен үй жұмысының кезек күттірмес мәселелері жарыққа шықты. Әлем ғалымдары еңбектің аталмыш саласындағы өзгерістер, шекаралармен шектелген үй қызметкерлері және олардың еңбектің жақсы жағдайы жолындағы бүгінгі күресі туралы баяндайды.



Жаһандық диалог SAGE

Publications ұсынған риясыз
грант негізінде жүзеге асып отыр.

> Осы шығарылымда

Редакциядан: 2

> АШЫҚ ӘЛЕУМЕТТАНУ

Капитализм және адамзаттың бұлыңғыр болашағы:
Джон Холловеймен сұқбат

Лабинот Кунушевчи, Косово 5

> НЕОЛИБЕРАЛДЫҚ ОЙ ӨНДІРІСІ

Неолибералдық ой орталықтары желісі

Карин Фишер, Австрия 8

Атлас желісі: еркін нарықты талдау орталықтарының
әлемді шырғауы

Карин Фишер, Австрия 10

Күрделі әрі ықшам: еуропалық саяси талдау орталықтары

Дитер Плеве, Германия 12

Ауа-райы өзгерістері туралы ғылымнан бас тартқан
корпоративті басшылар

Элейн МакКьюон, Аустралия 14

Неолибералдық талдау орталықтарының
бразилиялық желісі

Хернан Рамирес, Бразилия 16

Талдау орталықтарының консалтингі: маркетинг әлде
гегемония құралы ма?

Матиас Киппинг, Канада 18

> ҚАМҚОРЛЫҚ ДАҒДАРЫСЫ

Шегі жоқ қамқорлық: күтім мен күтім жасаудың өзгеруі

Хайди Готфрид, АҚШ және Дженнифер

Джихай Чан, Канада 20

Күтімдегі жаһандық дағдарыс?

Фиона Уильямс, Ұлыбритания 22

Халықаралық Еңбек Ұйымының үй қызметкерлері
үшін лайықты еңбек стандарттарын тағайындауы

Адель Блэккетт, Канада 24

Үй қызметкерлерінің сектор аралық ұйымдасу тарихы

Крис Тилли, АҚШ, **Джорджина Рохас**, Мексика

және **Ник Теодор**, АҚШ 26

Ақылы үй жұмысын жаһандық басқару

Сабрина Марчетти, Италия 29

Ермінезділік және әке болу: мигрант
әйелдердің серіктестері

Хельма Лютц, Германия 31

Сингапур, бала күтіміне арналған керемет орын... кім үшін?

Юен Тео, Сингапур 33

Жапонияда күтуші мигрант-жұмыскерлерді
жалдау және оқыту

Пей-Чиа Лан, Тайвань 35

Жүктілік пен босану – жалдамалы жұмыс

Шармилла Рудраппа, АҚШ 37

Үй қызметкерлерінің құқығын зерттеушілер желісі

Сабрина Марчетти, Италия

және **Хелен Швенкен**, Германия 39

> ТЕОРИЯНЫҢ БОЛАШАҒЫ

Резонанс идеясы – әлеуметтанулық тұжырымдама

Хартмут Роза, Германия 41

Балкандануға қарсы ынтымақтастық әлеуметтануы

Жасминка Лазнякпен бірге сұхбат

Лабинот Кунушевчи, Косово 45

> АШЫҚ БӨЛІМ

Мықты аутсайдерлер: қытайлық құрылыс салушылар
және шаруа наразылығы

Ю Ду, АҚШ 48

Жаһандық диалогтың румын редакциясын таныстыру 50


“Жалғыз ғылыми сұрақ қалды: мұны қалай тоқтатуға болады? Адамзаттың өзін-өзі жойып жіберуіне тосқауыл бар ма? Адам абыройын құрметтеуге негізделген қоғамды қалай қалыптастырамыз?”

Джон Холловей

> Капитализм

және адамзаттың бұлыңғыр болашағы

Джон Холловеймен сұқбат



| Джон Холловей.

Джон Холловей – Пуэбла автономды университетінде әлеуметтану профессоры, Мексика. Маркстік ілім, ұлттық қозғалыстың сапатистік әскері, капитализмге қарсы күрестің жаңа түрлері жайында көпмақала жариялайды. «Билікті тартып алмай әлемді өзгерту» (2002, жаңа редакция 2010) кітабы он бір тілге аударылып, халықаралық деңгейде бағаланды. Жақында басылып шыққан «Капитализмді құлдырату» (2010) еңбегінде капиталистік биліктегі дімкестің пайда болуы, оның ұлғаюы, көбеюі және басқа жарықтармен қосылуын көрсете отырып,

революцияның өзіндік интерпретациясы идеясын жалғастырады. Ұсынылып отырған сұқбат – атақты әлеуметтанушылармен әңгімелесу арқылы халықаралық және ұлттық әлеуметтанулардың өзара ықпалдасуын зерттеу мақсат етіп қойылған әлеуметтік теория жобасының бір бөлігі. Сұқбаттасқан ХӘҚ Жастар әлеуметтанулық қауымдастығының ассоциацияланған (теңестірілген) мүшесі, Приштины университетінде (Косово) әлеуметтану магистрі дәрежесін алған **Лабинот Кунушевчи**.

Л.К.: Әлемді әлеуметтік жүйе ретінде және жаһандық теңсіздіктің себебі болатын жәйттарды талдауға, түсіндіруге талпыныс жасалып жатқан бірнеше теория бар. Марксизмге қандай баға бересіз? Марксизм мен марксистдердің болашағы қандай?

Д.Х.: Жалғыз ғылыми сұрақ қалды: мұны қалай тоқтатуға болады? Адамзаттың өзін-өзі жойып жіберуіне тосқауыл бар ма? Адам абыройын құрметтеуге негізделген қоғамды қалай қалыптастырамыз?

Яғни, әңгіме белгілі бір ой мектебі туралы болып отырған жоқ. Бізде жауап жоқ, осыдан бастайық. Қажеттілігі айқын білініп тұрған әлеуметтік трансформацияны қалай жүзеге асыру керек екендігін білмейміз. Маркстік дәстүрде де жауап жоқ, бірақ оның үлесі – революция туралы мәселені көтергендігінде. Болашаққа қатысты, не боларын білмеймін. Дегенмен, әлемде әлеуметтік наразылық өсіп барады. Егер әлем түбегейлі әлеуметтік өзгерістерге бет бұрмаса, болашақ – бұлыңғыр. Осы жағынан адамзат болашағы үшін марксизм (немесе басқа да революциялық ілім) шешуші мәнге ие.

Л.К.: [DailyMail](#)-да жарияланған мақалаға сәйкес, жақында ғана жария болған құжаттарға сенсек, қант индустриясы зерттеу нәтижелерін бұрмалау мақсатымен Гарвард белді ғалымдарының қызметіне үшін ақша төленген. Олар ұсынған зерттеу нәтижелері бойынша жүрек ауруларының негізгі себебі – қант емес, май. Капиталистік пайда үшін академиялық сана жемқорлығын қалай интерпретациялайсыз?

Д.Х.: Ақша басым болып тұрған әлемде жемқорлық академиялық қызметті де қамтитын жүйенің функциялығымен тығыз байланысты. Бірақ мәселе Сіз келтірген мысалдағы сияқты ашық жемқорлық жағдайларында емес, бізді конформизмге мәжбүрлейтін барлық академиялық және әлеуметтік күштерде, яғни өзімізді жойып жатқан қоғамды қабылдауға итермелеуінде. Осы сұқбатты оқып отырған кез келген оқырманның академиялық қызметке қатысы бары (білім алушы немесе профессор ретінде) сөзсіз, ықтимал. Алдымызда тұрған міндет – не істесек те: семинарлардағы талқылауларда да, жариялап жатқан баяндамалар мен мақалаларда да, - қиратушы сипатқа ие әрекетімізді өзгерту.

Л.К.: Мені қызықтырып отырған жәйт – биліктің әртүрлі позицияларымен байланысты маскулиндік мәселесі. Рейвин Коннеллден алған сұқбатында ол: «Болып жатқанды түсіндіру үшін адамдардың экономикалық және мемлекеттік билікпен өзара әрекеттестігіндегі гендерлік аспектіні қарастырған дұрыс», – деді. Сәйкесінше, Энтони Гидденспен сұқбаттасқанымда: «Толық шешімін табудан әлі де алысқа қаржы дағдарысы кей ерекшеліктерді, оның ішінде әлемдік қаржы нарығы ойыншыларының агрессиялық заңдылығын «маскулиндік» рөлін ескере отырып, гендерлік өлшеуді айқын көрсетеді». Әлемдік қаржы нарығындағы

ойыншылар рөлін және маскулиндік пен экономикалық қуат қатынасына қандай баға бере едіңіз?

Д.Х.: Қызық сұрақ. Сіз сұраған нәрсе туралы қарама-қарсы бағытта оқып берер едім. Қаржылық дағдарыс жағдайында әлемдік қаржы нарығы ойыншыларының агрессиялық мінез-құлқы гендерлік ықпал нәтижесі емес, керісінше агрессиялық мінез-құлық ақша табиғатымен және экспансияға үздіксіз ұмтылыспен түсіндіріледі. Ақша табиғатына кіріктірілген агрессияның ең мықты өкілдері ерлер екендігін болжауға болады, себебі осындай ғадеттің әйелдерден гөрі, ерлерде басым екендігіне қоғамымыздың тарихи ұйымдастырылуы ықпал етті. Ақша жоғалмайынша, өз өмірін экспансияға арнағандардың мінез-құлқы агрессиялық болады және бұл оның жынысына байланысты емес. Ерлер агрессиясы деп идентификацияланатын осындай мінез-құлықтан айырылу үшін ақшадан бас тартуымыз және әлеуметтік қарым-қатынасымызды басқа, саналы деңгейде бекітуіміз қажет.

Л.К.: Біз үшін жауапты капитализм қалыбының қайсысы қажеттірек? Қайсысында байлық қоры әлеуметтік қажеттілікпен үйлеседі?

Д.Х.: Бұл мүмкін емес. Капитал – адам қажеттіліктеріне тәуелді емес байлық. Капитал – пайдамен шартталған байлық. Енді байлықпен осылай жұмыс жасау өз – өзімізді жоюға алып келетіндігі айқын болды.

Л.К.: Рональд Инглхарттың әлемдік құндылықтарды жаһандық зерттеуіне сәйкес екі құндылықтар жүйесі бар: құндылықтардың материалистік жүйесі және құндылықтардың дәстүрлі жүйесі. «Билікті тартып алмай әлемді өзгерту» және «Капитализмді құлдырату» еңбектерінде білдірген пікірлеріңіз құндылықтардың екі жүйесі арасындағы ауытқу динамикасын қалай түсіндіреді? Құндылықтардың осы жүйелері капитализм туындатқан теңсіздікке қалай ықпал етеді?

Д.Х.: Менің пікірімше, мәселе құндылықтар жүйелері арасындағы тепе-теңдікті табуда емес. Біз уақыт өткен сайын тым қатал, одан әрі эксплуатациялық және терең теңсіздік орнаған жүйенің қақпанына түскен сияқтымыз. Олардың арасында ештеңе жоқ, икемді капитализм жоқ. Жақын көршілеріміз, яғни гректердің тәжірибесі мұны анық көрсетіп отыр. Мен келтірген аргумент мәні капитализмнен бас тартуда, бірақ оны қалай жүзеге асыру керек екендігінен бейхабармыз, сондықтан ойлануымыз және эксперимент жасауымыз қажет. Югославия және тағы да басқа мысалдардан мемлекеттің өзгерістер жасауға қабілетсіз екенін көреміз, сондықтан басқа жол іздеуіміз керек. «Капитализмді құлдыратуда» капитализм құрылымында бар миллиондаған жарық тұрғысынан басқа әдістерді, басқа үлгіні әзірлеуде кездейсоқ немесе саналы әрекет ете отырып, өмір сүрудің басқа әдістерін әзірлеу жөнінде миллиондаған эксперименттерді зерттеймін. Келген қорытындым: жалғыз әдіс – революция, яғни

>>>

осындай жарықтарды арнайы жару, жарық санын көбейту, жарықтардың бірігуі.

Л.К.: Эгалитарлы қоғамның барына сенесіз бе?

Д.Х.: Иә, дегенмен осы қоғамды негізгі мәселе деп ойламаймын. Басты мәселе – біздің әрекетті, шығармашылық қуатымызды ақша билігінен босата аламыз ба?! Бұл мүмкін бе? Иә деп үміттенемін, себебі адамзат үшін басқа болашақты көре алмаймын.

Мүмкін, сұрағыңызды басқаша қою керек шығар: Қоғамның осы ұйымдастырылу әдісінде әрі қарай өмір сүру мүмкін бе? Менің жауабым: тек қысқа мерзімді болашақта мүмкін, себебі бізді жою үшін капитализмге ұзақ уақыттың керегі жоқ сияқты. Жарыс аяқталмады: капитализм бізді әлде біз оны жоямыз ба? Менде жауап жоқ, алайда мен қай тарапқа жататынымды жақсы білемін.

Л.К.: Ұлыбритания ЕО-тан шығуға дауыс берді, Еуропа көп мәселелермен, оның ішінде құрылымдық экономикалық және саяси дағдарыспен де соқтығысуда. Бұл мәселелерді экономика бойынша Нобель сыйлығының лауреаты Джозеф Стиглиц егжей-тегжейлі түсіндіреді. Оның пікірінше, АҚШ, ХВҚ мен Әлемдік банкі тарапынан көрсетілген қысым мемлекеттердің экономиканы деиндустрияландыру жолымен мемлекеттік активтерді жекеилендіруіне және оңай қадағалауға болатын олигархтардың пайда болуына алып келді. Дегенмен мұның барлығы жаһандық дағдарыс жаздайында Еуропа ішіндегі және одан тыс мемлекеттерге қалай ықпал етеді?

Д.Х.: Жаһандық дағдарыс туралы сұрағыңыз маңызды. Сапатистер бізге жетіп қалған «дауыл» туралы айтып еді. Жақын арадағы жылдары барлығы одан да жаман болатын сияқты. Дауыл барлық жерде сезілуде: Трамп пен

Брексит – дауылдың бір көрінісі ғана. Мұны еңсеру үшін қалай әрекет етіп жатырмыз? Біздің наразылық капиталға қарсы бағытталған. Ал әңгіме ұлтшылдық туралы. Бүгінгі күні Еуропадағы ұлтшылдықтың өсуі алаңдатады. Тарих дәлелдеген нәрсе: ұлтшылдық өлім мен өлтіруге алып келеді, басқа ештеңеге де емес.

Л.К.: Косово – он жыл бұрын ғана тәуелсіздігін алған шағын мемлекет болғандықтан, қазіргі таңға дейін шешілмеген мәселелер өте көп. Соның бірі – визалық тәртіпті либерализациялау мен ЕО-қа интеграциялану процесі. Оқишаулану еркін жүріп-тұруды, басқа еуропалық мемлекеттермен және мәдениеттермен байланысты, еуропалық нарыққа интеграцияны және Еуропадағы жұмыс істеу мүмкіндігін шектейді. Ал Косово халқының 60% – 25 жасқа толмағандар. Біз Еуропалық Одаққа интеграциялануымыз бен мүшелікке қабылдануымыз қажет екендігін сеземіз. Косовоның Еуропаға интеграциялануы үшін қандай кеңес берер едіңіз?

Д.Х.: «Еуропалық одаққа мүше болу» мен «Еуропаға интеграциялану» сәйкес пе? Жоқ деп ойлаймын. Еуропалық одақ – неолиберализмнің мықты ықпалындағы авторитарлы құрылым. Адамдардың неолиберализмге жауабы таң қалдырмайды. Неолиберализмнен бас тартудың ең қорқыныштысы – онымен қатар жүретін ұлтшылдық (мысалы, Брексит). Мен үшін Еуропалық одақтың маңызды тұсы – Екінші дүниежүзілік соғыстан соң шекара үшін күрестен бастау алғанында. Ең күшті еуропалық интеграцияны, яғни шекараға күресті сақтап қалу үшін шекара үшін күресті жалғастыруымыз қажет. Косово үшін мұның мәні неде? Мигранттарға, ол Еуропадан, Таяу Шығыстан немесе Африкадан, кез келген жерден болсын, шекараны ашу. Осылай басқа мемлекеттермен және мәдениеттермен байланыс орната және 25 жасқа дейінгі 60% халықтың өмірін жақсартып аласыз. ■

Хаттарды Лабинот Кунушевчиге <labinotkuneshevci@gmail.com> және Джон Холлоуейге <johnholloway@prodigy.net.mx> жолдауға болады.

> Неолибералдық ой орталықтары желісі

Карин Фишер, Йоханнес Кеплер университеті, Австрия



Шекаралар арқылы байланысқан және үйлестірілетін неолибералдық ойды өндіру.

Талдау орталықтарының түрлі формалары мен өлшемдері бар, бірақ олар өсе түскенде маңыздырақ болады. Бұрын университеттердің және топтық немесе ұйымдық мүдделерін білдіретін ғылыми-зерттеу институттарының бөлігі болса, бүгін олар саясатты сынау мен оның дамуына қатысатын субъектілерге айналууда. Талдау орталықтары санының артуы университет интеллектуалдарының қоғамдық пікірталастарға қатысуларына түрткі болды. Кәсіби сарапшы жоғары оқу орындары оқытушысын бұқаралық ақпарат құралдарындағы «сарапшыға» ауыстырды.

Кәсіби сарапшылар өздерін эмпириялық дәлелдерге негізделген бейтарап білім мен көзқарастарға бейімделген технократтық операторлар деп біледі. Сонымен қатар, дәстүрлі америкалық талдау орталықтары туралы түсінік сараптаманың тәуелсіздігі мен қоғамдық мүдделерге қызмет етуін нақтылап көрсетеді.

Жарнамалық «келбеттеріне» қарамастан, талдау орталықтарының басым бөлігі саясатқа бағытталады. Талдау орталығы ретінде жұмыс істеудің қарапайым талаптары – арнайы білім беруді, өндіруді қамтамасыз ететін сарапшылардың саяси білімдерімен айналысатын ұйымдар, кеңес беру және ақпарат тарату. Сыни талдау орталықтары зерттеушілерінің еңбегі – сараптаманың бейтарап емес, саяси сипатын, оның технократтық емес, қайшы табиғатын көрсететіндігінде. Осылайша, академиялық топтардың, экономикалық мүдделердің, саясаттың және бұқаралық ақпарат құралдарының қиылысында орналасқан талдау орталықтары, азаматтық қоғам және таптарды қалыптастыру үдерісінің бөлігі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Атап айтқанда, бұл неолибералдық заңның «әлеуетін арттыруына» қатысты. Еркін нарықтық талдау орталықтары 1970-жылдары «неолибералдық контрреволюцияның» стратегиялық бастаушылары болды. Содан бері өте жақсы дамыған желілер «идеялар күресіне» қатысып, сол арқылы неолибералдық парадигмалардың күшін сақтап қалуға үлес қосады. Олар табиғатынан элиталық болып табылатын ұлттық шекараларды үйлестіріп, кеңейтетін үлкен аудиторияға ие болуға, ұлттық және халықаралық деңгейде басқару мәселелеріне ықпал етуге тырысады. Көптеген идеялар мен корпоративтік құралдар дұрыс бағытта саясатты алға жылжыту үшін белгілі бір сценарийлерді жасауға және дамытуға бағытталған. Трансұлттық неолибералдық архитектура бәсекелес күштермен әлі де теңдестірілмеген, себебі қуатты корпорациялар мен миллиардерлер саяси заңға сүйенеді. Мұның нақты мысалы – неолибералдық және неоконсервативті талдау орталығы желілерімен, сондай-ақ қаржылық, мұнай-газ, тау-кен өнеркәсібі және энергетикалық салаларда қолдау көрсететін еркін нарықтық скептицизммен байланысты.

Осы мақалаларда талдау орталықтары қызметтерінің түрлі аспектілері қарастырылады. Карин Фишер Атлас

желісінің дамуын қадағалап, талдау орталықтарының зерттеулері жеке ұйымдарды зерттеуден алыстауы керек екенін көрсете білді. Дитер Плеве Еуропадағы талдау орталықтарының даму үстіндегі (неолибералдық) ландшафтына талдау жасауда «желілік әдісті» (<http://thinktanknetworkresearch.net/>) қолдайды. Плеве өзінің ЕО-ның неолибералдық және консервативті бағыттарының өзгерісін саяси сараптау орталықтарының саясаты арқылы талдайды.

Екі зерттеуде «идеялар шайқасы» қатал түрде жүргізілетіні көрсетіледі. Элейн Маккьюэн Аустралиядағы ауа-райы өзгерісі саласында неолибералдық талдау орталығының жұмысымен бөліседі. Ол кең (корпоративтік) желілерді анықтайды және ұйымдасқан неолибералдық желілерге талдау орталықтары қалай қатысатынын көрсетеді. Бразилияда Атласқа тәуелді «еркіндік жауынгерлері» Еңбек партиясына және Дильма Руссефтің төрағалығына қарсы шыққан басты ұйымдастырушылар болды. Хернан Рамирес осы жаңа акторлардың түп негізін іздейді және Бразилия мен одан тыс жерлерде 1960-шы жылдардағы ұйымдастырылған неолиберализмнің ескі талдау орталықтарымен және желілерімен байланысын көрсетеді.

Ақырында, Маттиас Киппинг өзінің мақаласында жасырын әрекет ретінде талдау орталықтарына тән білім мен мүдде арасындағы қарым-қатынасты қарастырады. Коммерциялық жаһандық консалтингтік компаниялар талдау орталықтарын қолдауға қаржылық мүмкіндіктері бар, осылайша олардың болжанған коммерциялық емес сипаты және заңды талаптары эмпириялық дәлелге негізделген.

Бұл кейс-стади сыни зерттеу орталықтарының талдауы үшін не береді? Біріншіден, саяси немесе партиялық талдау орталықтары адамдар, ұйымдар мен идеялар трансұлттық желілері ретінде зерттелуі керек. Екіншіден, зерттеу жұмысы клиенттік орталықтардың логикасын, талдау орталықтары мен идеологиялық, қаржы, саяси және академиялық міндеттемелердің желілерін анықтауы керек. Үшіншіден, осы мәселе бойынша зерттеулер кең қолдауға ие болуы және талдау орталықтарын азаматтық қоғам тұрғысынан орналастыруы мен таптарды қалыптастыруы керек. ■

> Атлас желісі:

еркін нарықты талдау орталықтарының әлемді шырмауы

Карин Фишер, Йоханнес Кеплер университеті, Линц, Австрия

Пайдаға бағытталған ұстанымдар арқылы өзгерістегі әлем туралы ой.



Жоғары таптағы отбасынан шыққан британ бизнесмені Энтони Фишер Хайектің *Road to Serfdom* (Құлдыққа апаратын жол) кітабынан үзінділер оқып, аса риза болды. Ф.Хайек осы әскери кітабында социализмді фашизммен теңестіріп, сөзсіз құлдыққа апарды деп санаған мемлекеттік жоспарлауға шүйлікті. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Фишер саясатпен айналысқысы келді, бірақ Хайек оның саясатты ұмытуына ықпал етті. «Саясаткерлер қалыптасқан пікірлерді ұстанады. Егер, Сіз жағдайды өзгерткіңіз келсе, онда идеяларды өзгертуіңіз керек». Басқаша айтсақ, академиктерді, мұғалімдерді, жазушыларды, журналистер мен саясаткерлерді сендіріңіз. Осылайша, талдау орталықтарының үлгісі пайда болды.

Хайек еркін нарық, мемлекетті шектеу, заңның үстемдігі жағдайындағы жеке бостандық туралы ойын тарату мақсатында институт құру үшін сенімді серіктес таба алмады. Төрағалардың бірі айтқандай, ашылысымен-ақ саяси истеблишментті идеологиялық оқтың астына алған Экономикалық мәселелер институтының (IEA) негізін Фишер Лондонда 1955 жылы қалады. Уақыт өте келе IEA Тори партиясының персоналын неолибералдарға айналдырды.

Ол Маргарет Тэтчердің сайлауалды платформасын біріктірді және экономикалық саясатын, әсіресе жекешелендіру мен реттеуден бас тарту саласында, қалыптастыруға мүмкіндік берді.

IEA табысты құрғаннан кейін Мон Пелерин Қоғамы (MPS) сияқты неолиберал элиталық топтар арқылы жақсы байланыста болған Фишер өзінің күш - қайратының басым бөлігін неолиберал талдау орталықтарының дамуына жұмсады. Манхэттен Институты мен АҚШ-тағы Саяси Талдаудың Ұлттық Орталығы, Канададағы Фрейзер Институты мен Аустралиядағы Тәуелсіз Зерттеулер Орталығында Фишер қолының таңбасы бар. 80- жылдардың басында жаңа шабуылға шығатын уақыт туды.

Atlas Network деген атпен белгілі Atlas Economic Research Foundation қорының мақсаты – Atlas-тың бұрынғы президенті, IEA бас директоры және MPS мүшесі Джон Бланделлдің айтуынша, «әлемді еркін нарықты талдау орталықтарымен шырмау». Іргесі қаланған 1981 жылдан бастап, Atlas Чилиден Гонконгқа және Исландиядан Ганаға дейін әлемнің 90 елінде 475 мекемені ашты және дамытты. Ұйымдардың басым бөлігі АҚШ пен Еуропада, дегенмен Латын Америкасында 78 және

>>

Шығыс және Оңтүстік Азияда 37-ден кем емес радикалды нарықтық бағыттағы талдау орталықтары орналасқан. (<https://www.atlasnetwork.org/partners/global-directory>).

Фишердің кәсіпкерлік тәжірибесі мен MPS-тағы байланыстары оған бизнес көшбасшыларына жақсы жол ашты. Ең алғашқы қолдаушылар арасында инвесторлар Джон Темплтон, тағы да бірқатар банкирлер мен General Electric болды. Pfizer, Procter & Gamble, Shell, ExxonMobil, British American Tobacco және Philip Morris сияқты Fortune 500-ге енетін корпорациялар да қолы ашық қолдаушылар санатына қосылды. Әлемнің барлық аймақтарында Atlas-пен байланысты талдау орталықтарының ыңғайлы қаржылық іргетасын трансұлттық капитал сияқты жергілікті экономикалық топтар мен отбасылық фирмалар да қамтамасыз етеді. Мемлекеттің қаржысынан тәуелсіздігінен туындайтын түсініспеушіліктердің жиілігіне қарамастан, Atlas-тың мүшелерін, мысалы, АҚШ-тың Мемлекеттік Департаменті мен Демократияның Ұлттық қоры (NED) қаржыландырады.

> Стратегиялық репликация және ұлтаралық ұйым

Atlas «шатыр ұйым» сияқты қызмет етеді. Бір жағынан, ол кәсіпкер-аналитиктерге бастапқы ақшаның үлкен сомасы мен кеңестерге сұранысты береді және оларды қолдаушылармен байланыстырады. Екінші жағынан, Atlas өз мүшелерін бірлескен шаралар, мысалы, Аймақтық Бостандық Форумдары, іссапарларға гранттар мен сыйақылар арқылы біріктіреді. Көшбасшылық академиясын және жетекшілер үшін MBA курсын дамыта отырып, ол бүкіл әлемдегі талдау орталықтары қызметі мен қызметкерлерінің кәсіби сипатын арттырады.

Atlas желісінің отбасы мүшелері көп-ақ. «Таза доктринаны» өндіріп, тарататын талдау орталықтары бар және олар нақты саясаттан базбір қашықтық сақтайды. Осы тұрғыда өздерінің «идеялар соғысын» хайекше ойлау мен австриялық экономикаға негіздейтіндер жақсы мысал бола алады. Басқалар – кеңес берумен айналысып, көбіне мемлекеттік саясатқа бағытталған «танктер», үшіншілер болса, интеллектуалдық қызметтен тыс, алаңға бас сұғуымен белгілі, жалған жаңалықтармен және қарсы жақ тұлғаларын диффамациялаумен айналысады. Бұған Бразилияда Atlas құрамына кіретін жаңадан пайда бола бастаған топтардың Жұмысшы партиясы мен оның өкілдеріне қарсы мәдени күресті бастауы және оны үнемі қоздырып отыру жақсы мысал бола алады.

Неолиберал институттардың негізін қалаушылар әу бастан жаһандық көзқараста болды. Сауда мен инвестицияларға қарсы кедергілерді алып тастау олардың утопиялық «космополиттік капитализмінің» кілті еді. Бүкіл әлемде мемлекеттің неолибералдық тұрғыдан араласуын басқарудың халықаралық деңгейде маңызы бар екені жиі

ескерілмеді. 80-жылдардың ортасына қарай Atlas еркін нарық идеологиясын насихаттай бастады және Шығыс Еуропаның бұрынғы социалистік мемлекеттеріндегі интеллектуалдық топтардан ниеттестерді тарта бастады. 1980 және 1990-жылдар Латын Америкасы мен Азиядағы аналитикалық орталықтар қызметі үшін маңызды кезең болды.

Халықаралық және аймақтық берешек дағдарысы құрылымдық қайта құру саясатымен қатар жүріп отырды. Университеттердің Тәуелсіз зерттеу орталықтары дағдарысқа ұшырағанда, жақсы жабдықталған талдау орталықтары үнемдеуді көздейтін экономикалық, әлеуметтік және саяси кеңес берумен айналысты. Бұл 2007-08 жылдары қаржылық дағдарыстан соң қатаң үнемдеу саясатын жақтаған еркін нарықты талдау орталықтарын құруға мәжбүр болған Жаһандық Солтүстікте де орын алды. Бұдан биліктің өзгеруі, дағдарыс және саяси оқиқылықтар талдау орталықтарына ресурстарды шоғырландыруға және күн тәртібін орнатуға мүмкіндік бергенін байқауға болады.

> Ортақ ой, саналуан пікір

Ұйымдасқан неолиберализмнің идеялардың соғысына қандай негізгі тақырыптармен қатысады? Atlas –тың бостандық үшін күрескерлері баспана, әлеуметтік қамсыздандыру, денсаулық сақтау және білім салаларында активтерге негізделген, жекешелендірілген игілікті жақтап, бәрі үшін игілікті мемлекетке қарсы барлық күштерін біріктіреді. Мемлекеттік саясат бойынша кеңестер реттеуді жою мен қайта құруға іскерлік ұстаным; сату-сатып алуда үнемі ыңғайлы салыққа негізделіп отыруы керек деген бағытта жүзеге асырылады. Халықаралық «Тұрақты ақша» кампаниясы қатаң монетаристік принциптерге негізделген ақша реформаларын жақтайды. Кампанияның көшбасшысы Джуди Шелтонды Дональд Трамптың экономикалық кеңесшісі болуға шақыру (және NED-тің төрайымы етіп тағайындау) осы саяси шараларды күшейтуі ықтимал. Жаһандық Оңтүстікте меншік құқығын күшейтуге көбірек көңіл бөлінеді. Кедейлер табыстың әртүрлі көздерін қолдануға үйретілген инновациялық кәсіпкерлер ретінде қабылданады. Жүзеге асуы тиіс жалғыз ғана нәрсе – кедергі келтіретін ережелерді алып тастау және меншікке құқықты қалпына келтіру. Atlas Әлемдік банк осы ұстанымды қабылдады деп мақтанады. Банктің Іскерлік белсенділік индексі Atlas-тың ұсыныстарына толық сәйкес келеді.

Неолибералдық саясат сыналады және еркіндік үшін күрескерлер қарсылыққа тап болады. Atlas отбасында да келіспеушілік бар. Бірақ Atlas құрған трансұлттық неолибераллық архитектура Фишердің стратегиялық репликациясының принципін жүзеге асырады: бір институт жалғыз сола сияқты естіледі; көп институт, бәрі осы рефренді айтса, қоғамдық пікірге, ең соңында, мемлекеттік саясатқа ықпал етуге қажетті хорға айналады. ■

Хаттарды Карин Фишерге <Karin.Fischer@jku.at> жолдауға болады.

> Күрделі әрі ықшам:

еуропалық саяси талдау орталықтары

Дитер Плеве, Берлин әлеуметтік ғылымдар орталығы (WZB), Германия



Арбу иллюстрациясы.

Саясатты анықтау бағытының одан әрі күрделенуі жалпы үйреншікті жайтқа айналды. Бұл — әсіресе, Еуропалық одақ және үйлестіру мен ынтымақтастықтың басқа да ұлтаралық және трансұлттық ареналары сияқты ортақ және өзарабайланысты құзыреттілік үшін айқын. Одан әрі күрделену кері үрдісті, яғни ықшамдауды талап етеді. Теңестірудің бастапқы жағындағы сәйкес білім қалай қамтамасыз етіледі және сәйкес білімнің таралуын қалай қамтамасыз етуге болады? Күн тәртібін анықтайтын «контейнерге» не салынатынын және «қоқыс бағына» не тасталатынын кім анықтайды?

Сондай-ақ, сарапшылар біліміне сенімділіктің артуы талдау білімнің саясаттануына алып келді. Егер даулы мәселелер талдау білім деңгейінде талқыланатын болса, онда тікетірес

ықшамдауға бағытталған әрекеттерді күрделендіретін және сәйкес ерекшеліктерді іріктеуді талап ететін бәсекелес білімдерді қамтитыны сөзсіз.

Айқын нәрсе — кең таралған жарнамалық «келбеттеріне» қарамастан, талдау орталықтары, ең алдымен, дәлелді ұсыну үшін қызмет етеді. Бәсекелес талдау орталықтары саясатпен байланысты әртүрлі, кейде қарама-қарсы мәселелерді, жобаларды және көзқарастарды дәлелдейтін айғақтарды ұсынады.

> ЕО деңгейіндегі релеванттылықты құру

Еуропа ұлттық деңгейдегі келіссөздерден, шешім қабылдаулардан және лоббилерден жоғары тұратын келіссөздер,

>>

шешім қабылдаулар және лобби ко-эволюциясымен әйгілі. Сондай-ақ, ЕО – академиялық және саясатпен байланысты талдау білімнің кең таралу аумағы. Еуропалық кеңесте мажоритарлық дауыс беру және ортақ шешім қабылдау процедурасында Еуропалық парламент ықпалының артуын модернизациялау Кеңесті де, Еуропалық парламентті де, Еуропалық комиссияға қосымша, негізгі ықпал ету және сараптамалық алаңдарына айналдырды. Әлсіз институттық инфрақұрылым мен жеке тәжірибесінің болмауынан еуропалық саяси арена сыртқы білім үшін ашық. Мысалы, ЕО деңгейіндегі жүздеген талдау топтары тұрақты және уақытша негізде қызмет етеді.

Еуропалық мүдделі топтар мен талдау топтары санының күрт артуы – таңқаларлық жағдай емес. Коммерциялық лоббилік фирмаларға қарағанда, талдау орталықтарының коммерциялық емес сипаттағы және білім легитимділігіне қойылатын талаптарға сай келу артықшылықтары бар. Егер мүдделі топтардың білімі белгілі бір мәселеге біржақты пікір ретінде қабылданса, талдау орталығы білімді зерттеуді қаржыландыратын клиенттің айқын мүддесін көздесе де, бейтарап ретінде ұсынылуы мүмкін. Талдау орталықтарын жағымды және лоббилік топтардың теріс келбеті лоббидің кең желісі мен талдау орталық жұмысы арасындағы тығыз қарым-қатынасқа қарамастан, талдау орталықтарының кең таралуына ықпал етті.

ЕО-қа мүше елдердегі жергілікті талдау орталықтарының басым бөлігі еуропалық интеграция нәтижесіндегі еуропалық саясат мәселелерін шешсе, ЕО-қа қатысты мәселелермен айналысатын талдау орталықтарының саны тез артуда. Осындай ұйымдардың бірі – Ашық Еуропа (Open Europe) британдық талдау орталығы. Лондондағы, Брюссельдегі және Берлиндегі кеңселерінде ЕО-ты тек экономикалық одақ ретінде ілгері жылжытуда. Ашық Еуропаны бірқатар британдық компаниялар мен Тори саясаткерлері қолдауда. Нарыққа бағытталған басқа да талдау орталықтары сияқты Ашық Еуропа 1990-шы жылдардың ортасынан бастап 2009 жылға дейін жүзден аса мүшесі бар талдау орталықтары, ірі неолибералдық еуропалық желілерінің британдық орталығы болған Стокгольм желісінің бір бөлігі болды. Осы күнге дейін ол Жаңа бағыт қорын (New Direction Foundation) және қормен байланысты Еуропалық консерваторлар мен реформаторларының альянсы (Alliance of European Conservatives and Reformists) талдау орталықтары желісін құра алды. Партиялық отбасы да, қор да Brexit-тен (Ұлыбританияның Еуроодақтан шығуы) зардап шеккенімен, Ашық Еуропа және Жаңа бағыт қоры ЕО-тың неолибералдық және консерваторлық бағыттар бойынша трансформациялануына бағытталған ортақ әрекеттерді жалғастыратыны, әбден, ықтимал. Brexit-тен кейін мүдделері ортақ британдық топтар шешім қабылдайтын еуропалық топтардан қол үзген соң балама жолдар іздей бастайтыны анық, олардың ішінде талдау орталықтарының орны ерекше болмақ.

Сондай-ақ, қызмет етуін тоқтатқан халықаралық ынтымақтастықтың Стокгольм желісінен тыс нақты мәселелерге бағытталған желілер бар, мысалы, Timbro швед талдау орталығы қолдау көрсететін «қамқор мемлекет индексіне» жауапты Epicenter желісі мемлекеттік қадағалауға қарсы және «еркін

тұтынушыларды» қолдайды. Timbro – 1970 жылдардың аяғынан швед сауда-өндірістік ұйымдарымен қаржыландырылатын және Швеция мен бүкіл Еуропада агрессиялық неолибералдық насихатпен әйгілі, ықпалы мықты ұйым. Timbro жалпыға бірдей игілікті көздейтін мемлекеттің аскетизміне, «икемділігіне» және неолибералдық трансформациясына көп күш жұмсауда.

> Еуропалық интеграцияда білімнің қалыптасуы мен сұрыпталуы

Еуропаның интеграциялануына ықпал етіп жатқан ірі еуропалық орталықтардың бірі – Саясатты қолданбалы зерттеудің германиялық орталығы. Орталық Германиядағы алпауыт жеке меншік корпоративті қор – Бертельсман қорының (Bertelsmann Foundation) қаржылық, ұйымдастырушылық және Людвиг Максимилиан атындағы Мюнхен университетінің ресурстарын пайдаланады. Еуропалық комиссияның бұрынғы президенті Жак Делор құрған Франциядағы Біздің Еуропа (Notre Europe) да осындай орталықтардың қатарында. Париж бен Берлинде орналасқан және бұрынғы брюссельдік инсайдерлермен негізі қаланған орталық «айналма есік» қызметін атқарады, яғни жас мамандардың қызмет бабымен өсуіне мүмкіндік береді.

Халықаралық экономика мен еуропалық экономикалық саясат саласында әйгілі Брейгель (Bruegel) талдау орталығының да санаулы күндері қалған сияқты. Ол 2005 жылы Германия мен Франция мүдделерін қорғау мақсатында құрылған. Қызметкерлер штаты 30 адам және әртүрлі корпорациялармен, мүше-мемлекеттермен қаржыландырылады, сондықтан Еуропалық комиссиядан іргесін алшақ ұстай алады. Академиялық және саяси профилі мен сапасын асыра көрсеткен Брейгель қаржылық дағдарыспен күрес үшін еурооблигацияларды ілгері жылжытқанда қажырлық танытты. Орталықты қаржыландыруды Германияның Қаржы және экономика министрлігі жүзеге асырып отырды, ал социал-демократтармен байланысы бар француз және неміс экономистерінің ұсыныстары саяси импульсқа алып келгенде экономика министрі ашуға булықты. Брейгель билігі мемлекеттік қарыздарды біріктіру мәселесінде Германияның қырсық оппозициясына қарсы шығып, 2012 жылы Ангела Меркель осы текетіреске нүкте қойды («мені өлтіріп қана»). Қаржыландырушы тарап пен талдау орталықтарын татуластыру үшін Брейгельдің кеңес беру органындағы неміс позициясын қорғау Меркельдің ең жақын экономикалық кеңесшісі Ларс-Хендрик Реллер құзыреттілігіне берілді.

Білім мен биліктің ішкі еуропалық байланыстарына қарағанда, Брейгель жұмысының трансатланттық масштабы маңыздырақ болуы мүмкін. Ол Вашингтонда (Колумбия округі) орналасқан Петерсон халықаралық экономика институтының стратегиялық серіктесі және сол институтқа сай мекеме ретінде құрылған. Америкалық БАҚ-та еурооблигациялар талқыланып жатқанда, Брейгельдің негізгі ұсынысы көк облигациялар туралы болды. Саяси ықшамдап және білім иерархиясын бекіту арқылы зияткерлер, журналистер мен шешім қабылдайтын тұлғалар алдында тұрған қиындықты жеңілдетеді. ■

Хаттарды Дитер Плевере <dieter.plehw@wzb.eu> жолдауға болады.

> Ауа-райы өзгерістері туралы ғылымнан бас тартқан корпоративті басшылар

Элейн МакКьюон, Сидней технология университеті, Аустралия



Рокко Фаззари иллюстрациясы.

Жалған ақпарат саясаты мен «сараптама өліміне» дейін ауа-райына қатысты скептицизм орын алған болатын. Соңғы 30 жылда Құрама Штаттарында және Аустралияда осы жағдайдың терең тамырлауын және қоғамдық пікірталас аумағын жария еткенін көрдік: бұқаралық ақпарат құралдарында жалған ғылыми пікірталас туындату (жалған сарапшылар пікірлерінің негізіндегі жалған жаңалықтар ұсыну); ғылыми білімге қарсы партизан соғысы; білімнің академиялық және ғылыми өндірісін жактырмау; ғалымдарды қаралауға, ғылымға деген қоғамдық сенімді жоюға және ғылымға қарсы долы әрі қас қоғамдық қозғалыстарды түрткілеуге бағытталған астыртын әрекет теориясы климат саясатын жұмсартуы мүмкін емес еді.

Ауа-райына қатысты скептицизм Құрама Штаттары мен Аустралияда қатал әрі жемісті болды, бұл мемлекеттерде неолибералдық талдау орталықтары қазба байлықтар, тау-кен өндіру өндірісі және энергетика салаларымен қаржыландырылып, бұқаралық ақпарат құралдарында саяси кәсіпкерлік қызметін атқарды. Ал бұқаралық ақпарат құралдары – көпшіліктің ғылым туралы ақпарат алатын құралы. Аустралияда ауа-райы скептицизмін Мельбурнда орналасқан неолибералдық талдау орталықтарының бірі Қоғамдық Мәселелер Институтына (ҚМИ) дейінгі деңгейде байқауға болады. Саяси консервативті Либералды партияны қолдау үшін қаржы жинаған «жайбасар» консервативті талдау орталық 1970-ші жылдардың соңында тау-кен өндірісінің басшысы және неолибералдық энтузиаст Хью Морган бастаған корпорациялық сатып алудың нысанына айналды. Төңкерістен кейін ҚМИ жаңартылған радикалды неолибералдық талдау орталық

ретінде қайта ашылып, орталықты қаржыландыратындар саясатта жетістікке жету үшін бұқаралық ақпарат құралдарында жария тартыстардың қатысушысы болды. 1980-ші жылдардың соңында Аустралияда ҚМИ ауа-райы туралы ғылымның, ауа-райы өзгерістері салдарын жұмсартудың және қайта қалпына келетін энергия көздерінің негізгі қарсыласы еді.

> Ғылым саласына АҚШ-тың қол сұғуы

ҚМИ – АҚШ талдау орталықтарының басым бөлігі шоғырланған трансұлттық неолибералдық желінің мүшесі. 1998 жылы, Морганның оң қолы, Рэй Эванс, Америкалық жанармай институты мен Жаһандық ауа-райы коалициясының (ЖАК) сыни кездесулеріне қатысып, Жаһандық ауа-райына қатысты әрекеттердің ғылыми коммуникациялық жоспарын әзірлеуге көмектесті. Стратегия бұқаралық ақпарат құралдарында ақпараттық-үгіттеу әрекеттеріне қатысуы және ауа-райы туралы ғылымды талқылау мен парниктік газдардың ауаға таралуын шектеу саясатын ендіруге қарсылық білдіруі мақсатында баспасөз хабарламаларының, пікірлерінің және редакторға сауалдың үздіксіз жариялануы үшін қоғаммен байланыс мамандарын, ауа-райы өзгерісіне байланысты ғылыми келісімге қарсы ғалымдарды жұмысқа тартуды көздеді.

Кейінгі жылы ҚМИ Жаһандық ауа-райы коалициясының қоғаммен байланыс жөніндегі кампанияның бас өкілі Бурсон-Марстеллерды директорлар кеңесінде таныстырды. Көп ұзамай ҚМИ жаңа атқарушы - директор қызметін жарнамалай бастады. Директордың мақсаты ҚМИ-ның қоғамдағы дәрежесін жоғарылату, саясат нәтижелеріне ықпал ету мақсатында ұлттық



деңгейдегі пікірталастардың негізгі және бұқаралық ақпарат құралдарындағы тартыста дәлелді қатысушы бола отырып, осындай қызмет түрінен табыс таба алатын демеушілерді тарту арқылы қаржыландыруды көбейту. Егер қаржы тартудың негізгі көрсеткіштері орындалып, қомақты қаржы тартылса, жолы болған үміткер 140 000 АҚШ долларын құрайтын негізгі жалақының үстіне 50% сыйақы алу мүмкіндігіне ие болды.

2004 жылы ҚМИ атқарушы директоры қызметіне тағайындалған Джон Роскам осы қызметіне дейін тау-кен саласының алыбы Рио Тинто компаниясының корпоративті байланыстар директоры қызметін және Либералды партияның штаттық қызметкері мен сайлау кампаниясының ұйымдастырушысы қызметін атқарған. Роскам ҚМИ қоғамдағы мәртебесін Аустралияның бұқаралық ақпарат құралдарында үздіксіз жарнамалау арқылы жоғарылатып қана қоймай, оны бейтарап, коммерциялық емес ғылыми-зерттеу институты ретінде тіркеді. Ал институттың жасырын демеушілері салымдарын салықты шегеру арқылы талап ете алатын болды.

Сондай-ақ, Роскам АҚШ-тың Хартленд институты арқылы қаржыландырылатын Ауа-райы ғылымы жөніндегі Аустралия коалициясы (АФАК) мүшесі болатын ҚМИ топтарын құра бастады. АФАК мақсаты ауа-райы өзгерістері туралы жаһандық ғылыми консенсусқа, Аустралияда парниктік газдардың ауаға таралуын шектеу мен ауа-райы өзгерісі салдарын жұмсарту саясатын ендіруге қарсылық білдіру.

> Ауа-райы өзгерістері туралы ғылымға қарсы БАҚ соғысы

АФАК «ғылыми кеңесшілері» ауа-райы өзгерісінің ғылыми консенсусына қарсы ғылыми дәлел келтірген жоқ. Керісінше, ҚМИ ұзақ мерзімді серіктесі және тұрақты бақылаушылары ретінде, әлі де болса, ауа-райы өзгерісін солшыл бағыттың астыртын әрекеті деген идеологиялық нарративке сеніп отырды. Осындай пікірлер ҚМИ-нан бұқараға ҚМИ-ның негізгі топтарын еліктеудің интеллектуалды және идеологиялық үлгісі деп қабылдаған БАҚ-тағы оңшыл өкілдер арқылы тарап кетті. Осылайша, ҚМИ оңшыл журналистер мен редакторларға ауа-райын зерттейтін ғалымдар мен солшыл саясаткерлерді

жағымсыз бейнеде ұсынуға мүмкіндік берді.

2009 жылы Аустралияда коқыстарды сату жүйесін ендіруге қатысты парламенттік пікірталас алдында осы жағдай айқын байқалды. АФАК ғылыми кеңесшілерінің бірі, геолог және тау-кен өндірісі компаниясының директоры Ян Плимер ҚМИ басылымында ауа-райының антропогендік өзгеріске ұшырамайтынын дәлелдеуге талпыныс жасалған еңбегін жариялады. Сондай-ақ, ауа-райы өзгерісі мәселесі ғалымдар мен солшыл саясаткерлер арасындағы келісім екендігін баяндап, ауа-райы өзгерісі салдарын жұмсарту саясатын қолдайтындарды мазақ қылады.

Плимер кітабының жариялануы – америкалық талдау орталықтар қызметінің бір көрінісі. Әдетте, америкалық талдау орталықтар негізгі саяси пікірталастар алдында экологиялық «скептикалық» кітаптар шығара бастайды. АҚШ үлгісі бойынша Плимер пресс-тур жүргізіп, Аустралиялық газеттерде 219 мақала шығарды. Назар аударатын жайт – Плимердің ҚМИ-мен байланысы айтылған емес.

Плимер кітабын оңшыл журналистер мен редакторлар ауа-райы өзгерісі туралы ғылыми консенсусқа қарсы дәлел ретінде қабылдады, ал ғылыми рецензенттер оны көркем әдебиет шығармасы ретінде қарастырды. Дегенмен, Плимер көпшілік алдында сөйлеген сөздерінде ауа-райын зерттейтін ғалымдар мен ауа-райы өзгерісі салдарын жұмсартуды қолдайтындарды қаралап жатты. Бұқаралық ақпарат құралдарына берген бір сұқбатында: «қоршаған ортаны қорғаушылардың кейбірі жаһандық жылынуды діни нанымдар жүйесіне айналдырды [...], сондықтан мен креационистер мен кейбір экологтар және жаһандық жылытқыштар жұмыстарын салыстырамын».

Ауа-райы туралы ғылым саласынан хабары жоқ және ауа-райы өзгерісі жөніндегі ғылыми консенсусқа дәйекті қарсылық білдіре алмаған Плимер, дегенмен де, осы салаға ықпал ете алды. Кітабы жарияланғаннан кейін қоғамның ауа-райы туралы ғылымға сенімі төмендеп, коқыстарды сату жүйесі жеңіліске ұшырады. Ал, оңшыл саясаткерлер Плимерді қазіргі Галилео ретінде қабылдады. ■

Хаттарды Элейн МакКьюонға <elaine.mckewon@gmail.com> жолдауға болады.

> Неолибералдық орталықтарының бразилиялық желісі

Хернан Рамирес, Синос өзені аңғарындағы университет (Unisinos) және Ғылыми-техникалық даму жөніндегі ұлттық кеңес зерттеушісі (CNPq), Бразилия



«Манифест»: Сан-Паулу буржуазиясы бақылауындағы Samba Paraíso do Tuiuti мектебінің карнавалдық фигурасы, Бразилия карнавалы, 2018.

2013 жылғы толқулардан кейін Бразилияда күрделі саяси және идеологиялық өзгерістер орын алды, яғни президент Дильма Руссефтің екінші мандатында неодевелопменттік саясаттан жаңа неолибералдық бағытқа бетбұрыс жүзеге аса бастады. Бетбұрыс кездейсоқ оқиғалардың емес, саны өте көп қатысушылар әрекеті мен факторларының нәтижесі болды. Олардың кей бірі оқиға орнында қалыптасса, енді бірі конъюктура бөлігі ретінде пайда болып, консолидацияланды. Сондықтан, талқылауымыз жаңа сәттен басталғанымен, өткенге шолу жасалады.

Орын алған оқиғалар эпифеномендерінің бірі – басым бөлігі оңшыл неолибералдық көзқарастары бар жастардан құралған қозғалыстарды жаншу, оның ішінде «Movimento Brasil Livre» («Еркін бразилиялық қозғалыс»), «Estudantes Pela Liberdade» («Студенттер еркіндік үшін») және «Vem Pra Rua» («Көшеге шығындар») қозғалыстарына ерекше назар аударылды. Бұл қозғалыстар туралы ақпарат мардымсыз болғанымен, олардың ұлы идеологиялық өзгеріс және оның талдау орталықтары аясындағы бастамаларымен байланысы бар екендігін дәлелдейтін айғақтар бар. Олар неолибералдық көзқарастың тамыры терең жайылған басқа орталықтармен байланысты әртүрлі арналарды қолдана отырып, әлеуметтік желілерде өз идеяларын таратты.

Өте қысқа уақытта топтардың қауырт әрекеті үлкен аудиторияны өзіне қаратуға және оларға рудиментті нарратив (әңгіме-аңыз) ұсынуға мүмкіндік берді. Мобилизацияланған адамдар әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдарында толып кетті, ары қарай олар қала көшелері мен алаңдарына шықты және жаңа ғана қайта сайланған президентті «тақтан түсіруге» бағытталған институттық субъектілерге жағдай жасады.

Қызметі мен идеяларын насихаттай алатын мықты дінгегі бар үйлесімді құрылымданған ұйымдардың орнына ол триангуляциялық ресурстарды пайдаланатын симбиоздың еркін түрі арқылы жұмыс жасайтын желіге айналды. Желі – шырмауық, себебі Бразилия – ұлттық өкілдік органдар қызметі шектеулі ел. Мұны, әсіресе, буржуазия мүддесін жоғары қоятын аймақтық бөлініс пен саяси партияларға сәйкес әрекет ететін топтардан айқын көруге болады. Буржуазия негізінен жергілікті саяси басшыларға тәуелді болғандықтан өзара келісілген бағдарламалық ұсыныстары жоқ.

> Объектіміздің қысқа тарихы

Бүгінгі күні қызмет етіп жатқан неолибералдық талдау орталықтары желісінің құрылымын ұғыну үшін іргелі тарихи синтез қажет. Неолиберализммен байланысты

>>

идеялардың енуі олардың 1950-ші жылдардың ортасында кең таралуымен түсіндіруге болады. Осы онжылдықтың аяғында идеялар негізінен талдау оталықтарының алғашқы толқынымен терең тамырлап, институттанды. Екі институтты ерекше атауға болады: Instituto Brasileiro de Ação Democrática (IBAD) және Instituto de Pesquisas e Estudos Sociais (IPES). Екі институт та «еңбек» президенті Жоау Гуларттың саяси оппоненттері үшін мемлекеттік саясатты әзірлеуде үлес қосқандардың алғашқылары болды: нәтижесінде ұсынылған тұжырымдар диктатураның алғашқы кезеңінде қолданылғанымен, 1960-шы жылдардың аяғына қарай тиімсіз бола бастады.

Жоғарыда сипатталған бөліну – Бразилиядағы неолиберализмнің институттық дамуын көрсететін сипаттамалардың бірі. Аймақтық бөлініске қосымша, аталған мекемелер саяси бағытты анықтау қызметінен гөрі насихаттау жұмыстарына бағдарланған. Қызметтің екінші түрі Fundação Getúlio Vargas және Pontifícia Universidade Católica de Rio de Janeiro (PUC-Rio) сияқты жеке меншік оқу орындарының негізгі топтары үшін топтастырылған. Дегенмен, оқу орындарына қабылданған техникалық персоналды оқытуға және бүгінгі күнгі әлеуметтік жағдайынан кәсіпкерлер табына ұмтылатындарға, яғни екі сала арасындағы үйлесімді жылжуға ешқандай да инвестиция тартылмайды.

Неолибералдық талдау орталықтары қалыптасуының екінші толқыны 1980-ші жылдары, яғни демократиялық дәуірдің басталуымен және Liberais (IL) институттарының жаңғыруымен байланысты. Орталықтар Экономика институты және Atlas желісінің негізін қалаған Энтони Фишер кеңесінен кейін құрылып, Рио-де-Жанейро, Сан-Паулу және басқа да елордаларда ұқсас принциптермен жұмыс жасады. Порто Алегриде орналасқан штаб-пәтер кейіннен Instituto Liberdade атауына ауысып, басқа команда басқаруында болды.

Бұл жағдайлар Фернандо Х. Кардозо әкімшілігінің – Бразилия неолиберализмінің алтын күндері, экономика-

лық саясатын бағыттап отырған тұлғалардың PUC-Rio қатарынан болғандығын түсінуімізге көмектеседі. Олар – банкир, инвестициялық қор төрағалары және партиялық кеңесшілер ретінде сәтті мансап жолын жасағандар. Кейіннен көзқарастарын белсенді қорғаған және, мүмкін, ең маңызды неолибералдық талдау орталығы болып саналатын «Casa das Garças»-дан (немесе Instituto de Estudos de Política Econômica) қолдау іздейді. Сондай-ақ, басым бөлігі Порто Алегриден шыққан философ пен PUC-Rio экономисті бірігіп құрған Instituto Millennium мүшелері болды. Екі тұлға да ақпараттық-үгіттеу орталығының дәрежесінен үмітті гегемониялық медиа-корпорациялармен байланысты. Fórum da Liberdade ең маңызды конклавқа айналды. Fórum da Liberdade – жылына бір рет Порто Алегриде серіктестерін жинайтын негізгі ұйым. Ұйымдарға мүше тұлғалар өзара алмасып отыратындығын да ескерген жөн.

> Үміт бар ма?

Дильма ұстанған экономикалық саясатының неолибералдық күн тәртібіндегі желінің, пікірталас пен әрекеттің одан әрі шырмалуын ескерсек, бұл – қауіп-қатерге толы сценарий. Дильма тағайындаған тұлғаның лауазымынан алып тасталуы және оның өзіне импичмент жариялау Михер Темер басшылық еткен экономикалық команданы билікке алып келді және 2013 жылға дейін Бразилияда нық бекіген саясатта «төңкеріс» жасады.

Енді орын алған тенденциялар әлсіреп, режимнің ауысуын ақтау үшін қолданылған ұстанымдар өз шеңберінен шыға алмай, халықаралық сахнадағы өзгерістерге ілесе және белгілі бір топтардан тыс келісімге келе алмады. Ал үшінші неолибералдық толқынның шырқау шегінде белсенді болған мемлекеттік саясаткерлер де сәтсіздікке ұшырап жатыр. Оларды қолдаған сайлаушылардың қызығушылығы басылып қалды. Мұны алпауыт дауылға төтеп бере алған бұрынғы президент Луис Инасиу Лула да Силваның әйгілілігімен түсіндіруге болады. ■

Хаттарды Хернан Рамиреске <hramirez1967@yahoo.com> жолдауға болады.

> Талдау орталықтарының консалтингі:

маркетинг әлде гегемония құралы ма?

Матиас Киппинг, Йорк университеті, Канада



Құрсаудағы әлем немесе бәрін отарлау?

18

Кәсіпкерлік туралы баспасөздегі ауқымды мәліметтер, жасанды интеллект және өндіріс болашағы сияқты соңғы тенденциялар жайындағы пікірталастарды қарастырғанда әлемнің ірі консалтинг фирмалары сараптамалық орталықтарының есептерін кездестіреміз. Дәйексөз жиі келтірілетін институт – McKinsey Global Institute (MGI). Басқа институттарға да сілтемелер аз емес, оның ішінде Accenture Institute for High Performance, IBM Institute for Business Value және Boston Consulting Group's Henderson Institute. Басылымдарының көбі кәсіпкерлік мәселелерімен байланысты болғанымен, макроэкономикалық құбылыстарды түсіндіретін кейбір

есептерінде жаһандану болашағы мен гендерлік теңдік сияқты проблемаларды қарастырады. «Институттар» ықпалы мен оларды «ұғынуды» ең кең қолданысқа ие талдау орталықтары рейтингісі анықтайды. Ең мықты 25 «Best For Profit Think Tanks» тізіміндегі 14 сараптамалық орталық консалтинг фирмаларымен байланысты. Тізімді бастап тұрған – MGI. «For Profit» адастыратын сипатта, себебі басқа консалтинг қызметтеріне қарағанда олардың «ұғынуы» тегін ұсынылады. «Не үшін консалтинг фирмалары ең алдымен осылардың қызметін реттейді?», – деген заңды сұрақ туындайды.

>>

> Зерделеудегі көшбасшылық па әлде қорқыныш па?

1990-шы жылдары MGI алғашқы кадамды жасады, ал қалғандары кейіннен пайда болды. Талдау орталықтарын құруға негіз – басқару саласындағы кеңес беру нарығындағы бәсекенің артуы және сол нарықта маркетинг құралына айналуы. Менеджерлер «артық білімге» ие болу мақсатымен консалтинг қызметіне жүгінеді. Кейде олар консалтинг қызметінің сатып алынуын ақтауы үшін де басқа мүдделі тарапқа «артық білім» артықшылығын көрсетеді. Консалтинг фирмалары «зерделеудегі көшбасшы» екенін дәлелдеу үшін талдау орталықтарын құрады және, әдетте, орталық мақсаттарында осы жағдайлар анық көрініс табады. Консалтингті зерттеумен айналысатын кейбір ғалымдар фирмалардың талдау орталықтарына жүгінбей, «көшбасшы» болуға ұмтылудағы пайдакүнемдік мүдделерін анықтаған. Ғалымдардың пікірінше, кеңесшілер немесе «сән» (себебі, құбылмалы сипатқа ие) ұсынатын басқару идеялары белгісіз, тұрақсыз болашаққа қатысты менеджерлер арасында үрей туғызып, нұсқаулық беретін немесе жанына жұбаныш болатын кеңесшілерге жүгінуіне мәжбүрлі болады. Талдау орталықтарының есептерін оқып отырсаң, «Болашақтағы өзекті мәселелерді қалай шешеміз?» деген сұраққа жауап іздейсің және жауап алу үшін сараптамалық орталықпен байланысты, мәселенің әмбебап шешімін ұсынатын консалтинг фирмасының қызметін пайдалану қисынды.

> Көшірме жасау ма? Академияны ығыстыру ма?

Әрі қарай орталық есептері кеңесшілерге жаңа нарыққа шығуға жол ашады. Жаңа нарық мүлдем басқа қызмет саласы немесе экономикасы қалыптаспаған ел болуы мүмкін. Клиентті қызықтыру және мәселе шешімінің заңды екенін көрсету үшін орталық есептері кез келген мәселеге қатысты терең «идеяларын» ұсына отырып, дәл осы мәселеде құзыретті екендігін көрсететін белгі береді. Бұл талдау орталықтардың келесі даму сатысына өту кезеңі, яғни «басқару билігіндегі» белгілі бір позицияға орнығуы, оның ішінде бизнес-мектептері мен басқару медиалары да бар. «Институттардың» басым бөлігі қызметтерін сипаттау үшін академиялық тілді қолданады, есептегі кеңесшілер «зерттеуші» немесе «ғылыми қызметкер» деп жазылады. Кейде әйгілі ғалымдарды, оның ішінде Нобель сыйлығының лауреаттарын да «кеңесші» қызметіне жалдайды. Сондай-ақ, талдау орталықтары зерттеулерінің нәтижелерін мақсатты топ арасында сұранысқа ие мықты баспа құралдарында тегін немесе ақылы түрде жариялап отырады.

Делойт (Deloitte) «Deloitte University Press» құрып, барлығынан асып түсті. Мұны кеңесшілер пікіріне

сенімділікті көрсететін «дұрыс ойластырылған маркетинг» ретінде қабылдауға болар еді, бірақ «Deloitte University Press» құрылуы «басқару біліміндегі индустриядағы» үлкен кеңістікті алуға талпыныс болуы да мүмкін. Басқарушы ғалымдардың өздері кеңесшілер ұсынған өндіріс метрикаларын мемлекеттік қызметке жартылай енгізу арқылы жаратылыстану ғылымындағы зерттеу парадигмасын қолдай отырып, осы мүмкіндікке жол ашуы да ықтимал. Мәселенің өзектілігіне қарамастан басқару саласын зерттеушілердің басым бөлігі парықсыз және нағыз менеджерлер үшін қызықсыз, сондықтан олар консалтингтік сараптамалық орталықтардың «зерттеулеріне» сенім артады. Негізгі сұрақ «Кеңесшілер өздерінің легитимділігін академиялық дәрежелері арқылы қай уақытқа дейін растап отыруы тиіс?». Бизнес-мектеп оқытушыларының басым бөлігі беделін тәжірибеленушілер мен студенттерге кеңесшілер сенім грамоталарын беру негізінде бекітуге тырысып жатыр.

> Жаппай отарлау ма?

Ең мықты тәжірибелерді анықтауда билікке ие болу үшін кеңесшілер тарапынан мүмкін болатын осындай квест жағдайды тереңірек негіздеуге және астыртын әрекет теориясына итермелейді. Талдау орталықтардың құрылуы тек кәсіпкерлікте ғана емес, жаһандық деңгейде экономикада, қоғамда және саясатта үстемдік ету мақсатымен астыртын әрекет теориясының бір бөлігі болуы мүмкін. Қазіргі таңда тек компанияларға ғана емес, Католик шіркеуі, әртүрлі үкіметтер сияқты басқа да ұйымдарға кеңес беретін фирмалардың көлемі мен әрекет ету аумағын қарастырғанда таңқаларлық ештеңе таппайсыз. Кәсіпкерлікпен қатар академиялық ортада да – декан бэкграундын тексереді – басқарушы лауазымындағы және талдау орталықтар ұсынатын идеялар мен болашақтың негізгі аудиториясын құрайтын түлектер санын ескерсек, сарапталып отырған жағдай шындыққа жанасады.

Жоғарыда баяндалғанның барлығы «жаман» емес. Жағдай қандай идеялардың өндірілетіні мен таралатынына байланысты. Құрылған талдау орталықтар мен консалтинг фирмалары әріптестері мен акционерлерінің қалталарын қампайтпай, «жақсылық», яғни игілік үшін бағытталған күш бола алады. Шындығында, гендерлік теңдік немесе ұзақ мерзімге бағытталған капитализм мәселелерінде кейбір институттар дәл осылай (әріптестері мен акционерлерінің қалталарын қампайту) әрекет етеді. Дегенмен, бүгінгі күнге дейінгі басқару консалтингі индустриясы мен оның ықпалының тарихы – іркілістің себебі. ■

Хаттарды Матиас Киппингке mkippling@schulich.yorku.ca жолдауға болады.

күтім мен күтім жасаудың өзгеруі

20



Күтім мен назардан тыс еңбектің барлық түрлері құнсызданған тұста зерттеудің дамып отырған салаларының

бірі — әлеуметтік, саяси, құқықтық тұрғыдан мойындалмаған суррогат аналар. Суррогат аналардың еңбегі тауарлық және сыйлыққа беру айырбасы арасындағы шекараның беймәлімдігі кесірінен айқын емес. Болжанған ата-аналар сыйға тарту қарым-қатынастарын альтруистік сезімдермен бүркеп, өздерінің беймәлім қанаушы әлеуметтік қатынастар мен жақындық және репродукциялық еңбектің ұлғайтылған коммодификациясымен байланысты екендерін көрмеуі де мүмкін.

Акторлар мен институттардың әртүрлілігі капитализмдегі әлеуметтік қажетті және күнделікті өмірдің бөлінбес бөлігі ретіндегі күтім көрсетудің құндылығына ықпал етеді. Уақытша мигрант және ерікті суррогат ана немесе тегін қызмет көрсету саласы күтім жасаушы қызметкерлерді құқықтық қорғаудан шеттетіп, сүйіспеншілік пен адалдық еңбегі ретінде одан сайын құнсыздандырады. Мемлекет өз саясатының басымдықтарын өзгерте отырып, күтімге жауапкершіліктен (тәуекелдерден) бас тартты, бірақ күтім мен назардан тыс еңбектің маркетингизациясын жүзеге асыратын реформалар жүргізді. Сингапурға қатысты мысалды алайық: мемлекеттің үй шаруашылығында күтім жасайтын шетелдік үй қызметкерінің қызметіне қанағаттануға мүмкіндік беретін рентабельділігі жоғары және жеке-шелендірілген нұсқаларын жасауы — оның жұмысшы отбасыларына қарағанда, жоғары және орта таптағы отбасыларға артықшылық бергенін көрсетеді. Күтім қызметтерін маркерлеу мен жекешелендіру күтім қызметкерлері үшін қауіпті, төмен жалақылы жұмыс орындарымен байланысты.

Сүйіспеншілік пен қамқорлық күтімнің жаһандық желілері арқылы тасымалданады және өзгеріске ұшырайды. Күтімнің жаһандық желілері биліктің кеңістіктік қатынастарын көруге болатын «суретке» айналады. Еңбек етуші-мигранттардың үйінде қалған отбасы мүшелері балалары және үй шаруашылығы үшін материалдық

және эмоциялық көмекті талап ету туралы әңгіме етеді. Постсоциалистік Шығыс Еуропа мәліметтері көрсетіп отырғандай, «ана махаббаты» еңбегі өздерін маскаралаудан, оқшауландан қорғап, ермінезділікті көрсетуге тырысып жүрген жалғызбасты әкелердің бәрін қамтымайды. Ұзаққа сапар шегетін қызметкерлер мен көмекті алушылар арасындағы шекаралық келіссөздерде жекеменшік еңбек брокерлерінен екіжақты ұлттық келісімдерге дейінгі бірнеше делдалдар жүреді. Жапонияда тез қартаюшы халыққа күтім жасау бойынша үкіметтік бағдарламалар жапондық көмек алушыларға қызмет көрсету үшін этникалық «өзгешелігін» жеңіп, мәдени «көпір» салуға қатыса алатын кәсіби дайындалған мигранттарға көбірек көңіл бөледі. Күтімнің жаһандық желілері әлемдік экономиканың бір аймағындағы отбасыларды екінші аймақтағылармен байланыстырады және отбасындағы, азаматтық қоғамдағы, мемлекеттегі, экономикалық институттар мен олардың арасындағы мемлекеттік және жеке билік қатынастарының қайта ұйымдастырылғандығын көрсетеді.

Осы тәжірибелер жиынтығы сектораралық қыспаққа алудың қуатты жүйесін құрып отырған кезде, осы үдерістердің қарсыластары да болады. Кейбір жағдайларда біз кәсіподақтар мен азаматтық қоғам ұйымдарының жаңа ұйымдық және саяси міндеттерге бейімделетінін байқаймыз; басқа жағдайларда күтуші қызметкерлерді қолдау және оларға әділетті қарым-қатынас жасайтын аса маңызды одақтар мен ынтымақтастықтың дамуын көреміз. Жеке қожалықта немесе үкіметтің дәліздерінде болсын күтуші қызметкерлер белсенді келіссөздер жүргізіп, кейде еңбектің гендерлік және этникалық-нәсілдік бөлінісін көрсетіп, кейде ынтымақтасқан бірегейлік пен субъективтілікті құра отырып, теңсіздік пен бағынушылық қарым-қатынастарындағы келіспейтін тұстарын айтады.

Жаңа саяси субъектіні интерполяциялау арқылы кең таралған және

үнемі даму үстіндегі күтім жасаудың коммерциялануы ұжымдық биліктің жаңа түрлеріне негіз болды. Жаһандық деңгейде үй қызметкерін жалдау бойынша компаниялар мен олардың одақтастары қызметінің ұзақ уақытқа созылуына байланысты халықаралық еңбек ұйымы (ХЕҰ) 2011 жылы үй қызметкері үшін бірінші халықаралық стандарттарды (№189 Конвенция) қабылдауға мәжбүр болды. Ішкі құлдықпен, отарлық құлдықпен және магистрлермен байланысы үшін тарихи оқшауландан кейін, осы Конвенция — үй қызметкерлеріне жұмысшылардың құқықтары мен ұлттық саясаттың мобилизациясы, адам құқықтары туралы халықаралық-құқықтық нормалар жөнінде ақпарат алуға, олардың еңбек жағдайларын жақсартуға, үй қызметкері ретінде «лайықты еңбек етуге» мүмкіндік беретін ортақ лексикон мен жаһандық платформа.

Тарихи мұра мен ұлттық саяси мән де әлеуметтік қозғалыстың субъектілеріне тиісті тәсілдер мен құралдарды құрайды. Үй қызметкерін ұйымдастыру әлеуметтік-экономикалық түбегейлі өзгерістердің тағы бір маңызды кезеңінде — XX ғасырда жүзеге асты. АҚШ пен Мексикадағы жақында болған белсенділік мүшелер мен одақтастарды жасақтауға болатын көптеген бір-бірімен қиылысатын бірегейліктерге сүйенетін әлеуметтік қозғалыстардың инновациялық стратегияларымен ерекшеленеді. Үндістанда біріктіретін алаң адам құқықтарына назар аударады және халықаралық ынтымақтастықтың (аймақтық деңгейдегі ынтымақтастыққа емес) нығаюына ықпал ететін ұлттық үкіметке бағытталады; Эквадордағы жұмылдыратын құрылым тең еңбек құқықтарына негізделеді және жаһандық деңгейдегіден гөрі, аймақтық ынтымақтастықты алға тартатынын көрсетеді. Саяси мүмкіндіктердің жаңа құрылымдарын қолдана отырып, өзгеріп отырған күтімнің трансұлттық саяси экономиясы күтімді реттеумен айналысатын әлеуметтік субъектілердің түрлеріне ғана емес, сонымен бірге ұйымдар мен ұжымдық әрекеттердің саяси көкжиегін өзгертті. ■

Хаттарды Хайди Готфридке <ag0921@wayne.edu> және Дженифер Джихай Чанға <jj.chun@utoronto.ca> жолдауға болады.

> Күтімдегі жаһандық дағдарыс?

Фиона Уильямс, Лидс Университеті және Оксфорд Университеті, Ұлыбритания, ХӘҚ кедейлікті, әлеуметтік қамтамасыз ету және әлеуметтік саясат бойынша зерттеу Комитетінің мүшесі (ЗК19).



Халықаралық еңбек ұйымы ©

Казіргі таңда әлемдегі 223 миллион мигранттың жартысы әйелдер болып табылатын миграцияның өсуі оларға қамқорлық көрсету жаһандық және трансұлттық мәселе екендігін көрсетеді. Кедей және шағын мемлекеттерден дамыған мемлекеттерге көшетін әйелдердің көбісі балаларға, қарттарға және үй шаруашылығына күтім жасаумен айналысып, ақылы күтім, үй тазалау және үй шаруашылығындағы жұмыстарға орналасады. Олар Оңтүстіктен Солтүстікке, сонымен қатар Солтүстіктен Оңтүстікке жылжиды. Осы жаһандық желілерімен бірге мемлекеттік медициналық жәрдем көрсету ұйымдары мен жеке мекемелер төмен және орташа табыс деңгейі бар елдерден бай елдердегі қарттар үйлері мен денсаулық сақтау қызметтерінің ауруханаларындағы медбикелер мен дәрігерлердің трансұлттық қауымын кеңейтеді. Осы үдеріс барысында

еңбек етуші мигранттардың ата-аналарына немесе балаларына күтім жасау жауапкершілігі барлық континенттерге таралады. Дәл осы кезде күтім бойынша жеке жеткізуші өз қызметтерін бүкіл әлемге тарататындықтан, күтім жасау индустриясы ірі халықаралық бизнеске айналды. Басқа жағынан алғанда, қаржылық ұйымдар арқылы мигранттар үйлеріне ақша жібереді. Орташа-төмен табысы бар кейбір елдерде, мысалы Филиппинде, медбикелер мен күтім жасау бойынша жұмысшылар ірі «экспорт» және сол елдегі шетел валютасының көзі болып табылады.

Осы күтім жасаудың трансұлттық саяси экономиясы әлеуметтік, экономикалық және геосаяси теңсіздікке ықпал ететін өзгерістер мен дағдарыстардың жиынтығын күшейтеді. Біріншіден, бұл әйелдердің еңбек нарығында жаһандық өсуі. Дамыған елдерде осы үрдіс «асырау-

шы ер адам» үлгісінен отбасының барлық ересек мүшелері, ер болсын, әйел болсын, ақылы еңбек нарығында жұмыс жасаумен сипатталады. Әлемнің кедей аймақтарында жергілікті экономиканың құлдырауы, жұмыссыздық және кедейлік нәтижесінде әйел адамдар өз мойнына отбасын асырау жауапкершілігін алды.

> Күтімге зәруліктің өзгеру динамикасы

Жалпыға ортақ игілікті көздейтін дамыған мемлекеттерде күтім жасау орталық әлеуметтік, саяси және қаржылық мәселеге айналды, себебі «қартайған» қоғамдар мен туылу деңгейінің төмендеуі қолдауға мұқтаж адамдар санын көбейтті. Бірақ, осы күтім жасау саласындағы дағдарыс көрсеткіштері дамушы елдерде де өзекті, әр мемлекетте бұл көрсеткіштер әр түрлі қалыпта көрініс табады – Африкада СПИД,

асқынған аурулар, стихиялық апаттар және балалардың тәуелділігінің жоғары коэффициенті мардымсыз инфрақұрылымдық қолдауда ақша тауып, күтім жасайтын әйелдердің мойнына ауыр салмақ түсіреді. Үй қызметіне және күтім жасау бойынша қызметке орналасу үшін болатын миграция осы әйелдер үшін, тіпті олардың артында қалған адамдар алдындағы жауапкершілікті күшейтсе де, жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

Дамыған мемлекеттер әлеуметтік шығындарды азайтып, күтім жасаудағы қажеттіліктерін қанағаттандырудың экономикалық тиімді тәсілдерін іздестіруде. Тіпті Швеция сияқты күтім жасауға жоғары мемлекеттік инвестиция салатын әлеуметтік қамтамасыз ететін мемлекеттерде жеке нарық жоғары мөлшерде күтім жасауды ұйымдастыру элементіне айналуға. Бұл жеке секторға, отбасыларға, мүгедектер мен қарттарға күтім жасау бойынша еңбекке нарықтан көмек көрсету негізінде салық несиелерін, ваучерлерін, жеңілдіктер сияқты мемлекеттік және жергілікті қызметтерді төлеу арқылы көрініс табады. Осы құбылыс реттелмейтін немесе әлсіз реттелетін аймақтарда, әсіресе, жеке үй шаруашылығындағы жұмыс үшін өзекті, сонымен қатар, бірнеше олқылықтардың орнын толтырады: жергілікті жұмысшы табы, ауылды аймақтардан келген мигранттар (Қытайдағы сияқты), көбінде трансұлттық мигранттар, еңбек етуші әйелдер мәселелері бойынша. Олардың жоғары біліктіліктері бар – Еуропалық Одақта мигранттарға өздерінің әріптестеріне қарағанда, екі есе жоғары біліктілік алу талабы қойылады. Олардың тұрғын үйге және әлеуметтік қорғауға азаматтық құқықтары төмен, қауіпті, төмен ақылы және үй шаруасына қатысты жұмысқа орналасады.

Бірақ, осы жаңа құбылыс тарихи теңсіздіктен бастау алады, себебі нәсілдік құлдықта, этникалық азшылықтарда жалпыға ортақ игілікті қамтамасыз ететін мемлекеттің

немесе жеке талаптармен әйелдер дәстүрлі түрде «біліктілікті талап етпейтін» үй шаруасы мен күтім жасау бойынша еңбекпен шұғылданды. Әйелдердің көбі кездесетін жұмыспен жеке өмір арасындағы теңгерімді сақтау мәселелері кедей таптар мен елдерден келген әйелдерге күтім баска жасау және үй шаруасы бойынша қызметтерді беру арқылы шешілсе де, үй шаруашылығындағы сақталып қалған жыныстық еңбек бөлінісін толығымен өзгерту мүмкін емес.

> Күтімнің жаһандық басқа дағдарыстармен түйісуі

Күтім жасау бойынша еңбектің трансұлттық қозғалысы басқа да жаһандық дағдарыстармен қиылысады. Біріншіден, жаһандық қаржылық дағдарыстан кейінгі қатаң үнемдеу шараларының салдары негізінде мемлекеттер үнемді күтім жасауды ұйымдастыруды жүзеге асырды. Күтім жасау бойынша жұмысшылардың үштен екі бөлігі мигрант болып табылатын Испанияда үй шаруашылығындағы табысты қатаң үнемдеу еңбек етуші мигранттардың сағаттары және жалақысы мөлшерінің қысқаруына алып келді. Үйлеріне жіберетін қаржылық аударымдар екі есеге қысқарды. Екіншіден, Жоғары табыс деңгейі бар елдердің еңбек етуші мигранттарға тәуелділігі антимиграциялық ксенофобияның өсуімен қатар жүреді. Босқындар дағдарысы туралы саяси пікірталастар еңбек етуші мигранттарға әсер ететін иммиграциялық саясаттағы өзгерістерді құрады. Осы саясат тек «біліктілігі жоқ» жұмысшыларға ғана емес (осы санатқа күтім жасау бойынша жұмысшылар кіреді), сонымен қатар негізгі әлеуметтік қамтамасыз етуде мигранттардың құқығына да шектеулер қояды. Көптеген саяси пікірталастар мемлекеттік егемендік пен адам құқығы бойынша экономикалық шығындар мен адамгершілікті қарама-қарсы қояды. Расымен де, Поланы бойынша осы қаржылық

дағдарыстар мен мигранттар және босқындар мәселесіне тап болатын елдер – өздерінің күзіретіндегі азаматтарды жалған тауарларға айналдырады және қауіпсіздік, ынтымақтастық пен тұрақтылықты қауіп-қатерге қояды.

Не істеу керек? Үй қызметкерімен қамтамасыз ететін жеке ұйымдардың трансұлттық және халықаралық саяси белсенділігі 2011 жылы Халықаралық еңбек ұйымының үй қызметкерінің құқығы туралы Конвенция қабылдауына алып келді. Басқа жаһандық стратегияларға Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының 2010 жылғы этикалық кодексі жатады, осы құжат бойынша үй қызметкерін жалдау үшін, мигранттың денсаулық жағдайын тексеру тиісті. Бұл маңызды, бірақ мигранттардың күтімі бойынша мәселелер осы шаралардың шеңберінен кеңірек қарастырылуы қажет. Күтім жасау мен миграция адам құқығы мен тұрақтылық мәселелерімен теңбе-тең. Қозғалыс еркіндігі, азаматтық құқық, сонымен қатар зорлық-зомбылықтан қашушыларды құшақ жая қарсы алу маңызды. Күтім жасау адамның күтімді қабылдау мен берудегі құқығының мойындауын талап етеді. Осы жерде нарықтағы өнімді еңбек пен әйелдердің ақылы күтім жасау бойынша еңбек нарығында жұмысын ұйымдастыру саясаты басым. Ұзақ уақытқа қойылған алғышарттарда күтім жасау бойынша еңбек нарығында жаһандық әлеуметтік әділеттілікті орнату әлеуметтік игіліктерді қамтамасыз етіп, еңбек мигранттарына әлеуметтік әділеттілікті орнатып отырған, адамзаттық тұрақтылықты қамтамасыз етіп, өзарабайланыстылықты қамтамасыз етуші мемлекет ретінде ұжымдық мойындауға ие болу маңызды. ■

Хаттарды Фиона Уильямске <F.Williams@leeds.ac.uk> жолдауға болады

> Халықаралық Еңбек Ұйымының үй қызметкерлері үшін лайықты еңбек стандарттарын тағайындауы

Адель Блэкетт, Макгилл университеті, Канада



2008 жылдың наурыз айының соңында маған Біріккен ұлттар ұйымының мамандандырылған еңбек мекемесі Халықаралық еңбек ұйымы (ХЕҰ) шұғыл қоңырау шалды. Бұл ұйымның басқарушы органы жанында үй қызметкерлерінің лайықты еңбегі туралы жаңа халықаралық шарт жөнінде келіссөз жүргізуге міндеттеніп шешім шығарғаны көпті таң қалдырды. Менен үй қызметін лайықты бағалау үрдісінде ұйымның жетекші сарапшысы болуды өтінді.

> Көзге көрінбейтін үй шаруасы

Басқаларға қызмет көрсететін үй қызметкерлері өздерінің көрінбей, естілмейтініне үйреніп алған. Байырғы үй құлдығы мен отарлық құлдық, бүгінге дейін сақталған ескілік сарқыншағы жалдаушы мен жұмысшы арасындағы мәртебеге негізделген қарым-қатынастардың «парасаттылығынан»

көрініс тауып, тарихи оқиғаларды еске салады. Ежелде отаршылық пен апартеид (елдің тұрғындарын нәсілдік кемсітушілік негізінде мәжбүрлеп бөліп-жару саясаты) орнаған мемлекеттердегі үй жұмысы жөніндегі көптеген өзекті социологиялық баяндамаларда тіпті қоғамдық ұдайы өндіріске байланысты болатын ауыр әрі қара жұмысты атқаратын үй қызметкерлерінің бағаланбай келе жатқанына ерекше көңіл бөлінеді. Саяси-экономикалық әдебиетте адамдардың үй қызметіндегі жұмысты іздеп, шет елдерге кететініне ерекше назар аударылады. Мұндай адамдар көбінесе жоғары білімді, өз үйлеріндегі жұмысты атқаруға міндетті, осыған қарамастан олар отбасылары мен үйлерін тастап, жұмыс істейді. Әдебиетте әдетте басқа ұлт әйелдері атқаратын қомақты жұмыстың экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан бағаланбай келе жатқаны айтылады.

ХЕҰ № 189 Конвенциясы бойынша Конференциялық комитеті, 2011.

Халықаралық еңбек ұйымының деректеріне сәйкес үй жұмысымен айналысатын әйелдер мен ерлер саны – кем дегенде 67 миллион; бүкіл әлемде 25 әйел жұмысшының біреуі – үй қызметкері. Жеке үй қызметіне деген сұраныстың өсіп отырғанына қарамастан, үй қызметкерлерінің жаһанды экономикаға қосқан үлесі бағаланбай келеді. Біреулер жаһанды үй қызметі желілерін талқыласа, Рацель Парреньяс үй қызметіндегі ресурстар көзіне назар аударады. «Оңтүстік жарты шар елдері солтүстік құрлықтарды білімді болса да, арзан жұмысшылармен қамтамасыз етіп отыр, сөйтіп солтүстіктегі елдер мигранттар арқасында нарықтарын жасап отыр», – дейді Рацель. Үй қызметкерлерінің басқа елдерге көшіп баруы уақытша жұмысшылардың миграциясына негізделген экономика дамуының жаңа либералдық амалына

>>>



ХЕУ № 189 Конвенциясы бойынша Конференциялық комитеті, 2011.

байланысты, ақша аударымдарына негізделген стратегия болып табылады.

Үй қызметкерлері халықаралық стандарттардың шығарылып, мойындалуын талап етті. Олар ондаған жылдар бойы аймақтық деңгейде ұйымдасып, құқықтарын қорғау үшін, ұлтаралық желі жасады, кәсіподақ федерациясының көмегімен бірігіп, бірегей ұлтаралық форум ұйымдастырды. Халықаралық еңбек ұйымының құрылғанына бір ғасырдай уақыт болды (1919 жылы негізі қаланды). Бұл ұйым үкіметпен қатар жұмысшылар мен жұмыс берушілерге өкілдік ететін үш жақты мекеме болып құрылды. Ұйым конституциясының алғашқы беттерінде жазылғандай, «әлеуметтік әділдікке негізделе отырып ғана әлемде тұрақты бейбітшілікке қол жеткізуге болады». Ал 1944 жылы Филадельфия декларациясында «еңбек – тауар емес» деп көрсетілді. 1936 жылдан бері үй қызметкерлері жөнінде құжатты шұғыл қабылдаудың сан рет талап етілгеніне қарамастан, Халықаралық еңбек ұйымында стандарт белгілеу дәурені өткенше үй қызметкерлері үшін лайықты еңбек стандарттары белгіленбей қойды. Жаңа стандартқа көп үміт артылды.

> Үй қызметкерлерінің лайықты еңбегі саласын реттеу

Қатаң үнемдеуге бағытталған жаңа либералдық шаралар аясында да, қоғамнан шеттетілген әрі бейресми шаруашылық жұмысшыларын елемей шекара қою себепті де билігі үстем еңбек заңнамасына сенім жоқ. Біз еңбек заңнамасының шектерін мойындауда да, даулауда да үй қызметкерлерінің лайықты еңбегі саласының арқасында машықтандық. Мен Халықаралық еңбек ұйымының Заң және тәжірибе

жөніндегі есебін сыни тұрғыдан бағаладым, оған қоса үй қызметкерлері еңбектерін еңбек заңнамасында көздеуді талап еткендіктен, құқықтар мәселесіне стратегиялық бағдар алып, құжатта көзделуін ынталандырдым. Үй қызметкерлері талабының маңызы зор, себебі Конвенция мен ұсыным тек шартты құжат немесе құқықтар жөніндегі абстрактілі «жарғы» ғана емес, егжей-тегжейлі жасалып, мәселенің жан-жақты қарастырылуы көзделді.

Солтүстік жарты шардан әлем елдеріне таралады деп көзделген заңды қоныс аударудың дәстүрлі тәсілдерін өзгерту нәтижесінде, көбінесе Оңтүстік Африка мен Уругвай сияқты оңтүстік елдерде, сол сияқты Францияда жүргізілген нормативтік зерттеуге негізделе отырып құжаттар дайындалды. 1999 жылы Халықаралық еңбек ұйымы «еңбек» ұғымының аясын «лайықты еңбек барлығы үшін» деп кеңейте отырып, ұйымның қорғауындағы «лайықты еңбек» ұғымын кеңейтетін стандарттар белгілеуге бағыт алды. №189 мен № 201 ұсынымға сәйкес «лайықты еңбек» ұғымы лайықты еңбек жағдайларын және т.с.с. білдіреді. Үй қызметкерлерінің теңдік құқықтары мен қауымдастықтың бостандығы мойындалып, мәжбүрлі еңбек пен балалар еңбегін болдырмай, қорғау аясы кеңейтілетін болады. Бұған жүктілік пен бала тууға байланысты демалысты қамтитын әлеуметтік қорғау, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және әлеуметтік қамсыздандыру кепілдіктері кіретін болады. Әйтсе де, шынына келгенде, оларды біртіндеп енгізу қажет болуы мүмкін деп мойындалып отыр. Аталғандардан басқа мәселелер көп. Тексеру және дау шешу тетіктерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету алға тартылды. Оған қоса, қанауды тоқтату мақсатында, лайықты еңбек саласы

болашақта миграция саласында қиындық тудыруы мүмкін жасырын мәселелерге ерекше назар аударуды қажет етеді.

Сонымен қатар, №189 мен оған қосымша берілген №201 ұсынымда бағыныштылықты заң жүзінде бекіту емес, бейсимметриялық билікті ығыстыру қағидасын негізге ала отырып, үй жұмысы жөніндегі құқықтық нормалар жасауға ұмтылыс байқалады. Олар баламалы, үстемдікке қарсы әрі трансгрессивті ұлтаралық заң тәртібін жасау аясында осы тәртіптің орнап, таралуына жол берді.

Бұл үрдіске тәуекел тән. Атап айтқанда, үй жұмысы саласын қадағалаушылар жаңа халықаралық стандарттар артынан еңбек заңнамасын реформалауға бастама көтеру арқылы мәжбүрлі еңбек пен бағыныштылық саясатын мәңгіге сақтауға талпынады деп қауіптенемін. Себебі «үшінші дәрежелі қызметтер» экономикасының жаңа либералдық амалдары көбейіп келеді, оларды қоғамнан оқшауланған, ұлттық азшылықтарға жататын әйелдер іске асырып келеді. Бұл тұста атап өтетін маңызды жайт, жаңа стандарттар қабылданғаннан кейінгі жеті жылдан аз уақытта оңтүстік және солтүстіктегі 25 мемлекет К№189 бекітті. Сондай-ақ студенттер контингенті халықаралық ниеттестігін түрлі жолдармен білдіре отырып, тәжірибе бөлісуді және үй қызметкерлерінің лайықты еңбегін қолдауды бастап отыр, бұл да елеулі жәйт. Бірінші кезекте үй қызметкерлері жұмылып, «бізсіз шешім қабылданбауы керек» деген ұранмен өздерінің лайықты еңбегін мойындатуға ұмтылуы тиіс. ■

Хаттарды Адель Блэкеттке <adelle.blackett@mcgill.ca> жолдауға болады.

> Үй қызметкерлерінің сектор аралық ұйымдасу тарихы

Крис Тилли, Калифорния университеті, Лос-Анджелес, АҚШ, ХӨҚ ұйымының еңбек әлеуметтануы (ЗК30), «Кәсіподақ қозғалыстары» (ЗК44) және «Әлеуметтік таптар мен әлеуметтік қозғалыстар» (ЗК47) жөніндегі зерттеу комитеттерінің мүшесі; **Джорджина Рохас**, Әлеуметтік антропология саласындағы зерттеулер және жоғарғы зерттеулер орталығы (CIESAS), Мексика; **Ник Теодор**, Чикаго қаласындағы Иллинойс штатының университеті, АҚШ



Үй қызметкерлерінің ұлттық альянсы (ҰҚҰА): напаға құлшылық ету, 2015 жылдың желтоқсаны. Суретті түсірген :ҰҚҰА.

Бейресми сектор жұмысшыларының кәсіподақтарын құру жөнінде жақында жүргізілген зерттеулер бұрын бейресми жалданған жұмысшылардың ұйымдасып, табысты жұмыс істейтін ұйымдар құра алатынын көрсетуге бағытталған болса, қазіргі уақытта бұл ұйымдардың қалай табысқа жеткені қарастырылады. Көптеген тақырыптық зерттеулерде бейресми жалданған жұмысшылардың бір

тарихи кезеңдегі, бір елдегі, бір сектор ішіндегі (және көбінесе бір ұйым аясында) жұмылуы қарастырылған, әйтсе де кейбір сирек зерттеулерде бейресми жұмысшылар қозғалыстарының түрлерін, стратегияларын және табыс дәрежесін түсіндіру үшін ұлтаралық немесе тарихи салыстыруларды нәтижелі пайдалануға талпыныс жасалды.

Ұлтаралық және тарихи талдау үшін бейресми сектор жұмысшылары

ұйымдарының қалай жұмыс істейтінін көрсетудің әлеуеті зор. Мексика мен Америка Құрама Штаттарында үй қызметкерлерін жұмылдырылып, ұйымдастырылуына жүргізілген салыстырмалы талдауымыз тарих және елдер тұрғысынан күрделі салыстыру кешені болып көрінетінін мойындаған жөн. Бұл мақалада атқарып жатқан жұмысымыздың бір бөлігінің қорытындысы беріледі. Осындай жұмысшылар ұйымдары қызметінің теориясын



Үй қызметкерлерінің ұлттық альянсы (УҚҰА): папаға құлшылық ету, 2015 жылдың қыркүйегі. Суретті түсірген :УҚҰА.

жасау үшін, біз басқалар арасында Норма Аларкон мен Дженнифер Чунның әлеуметтік қозғалыстар сабақтастығы талдауларын дереккөз ретінде пайдаланамыз, себебі үй қызметкерлеріне түрлі бағыныштылық қасиеттері тән: әйелдер ретінде, мәртебесі төмен жұмысшылар ретінде және қоғамнан шеттетілген нәсілдік және этникалық топ мүшесі ретінде. Сонымен қатар біз әлеуметтік қозғалыстар туралы көптеген негізгі әдебиет көздерін, соның ішінде ресурстардың жұмылдырылуы, саяси мүмкіндіктер құрылымдары, тұлғалық қасиеттер және ұйымдастыру сияқты тақырыптар қарастырылған зерттеулерді пайдаланатын боламыз.

Белсенді қызметтің үш ағымы екі елдегі ұйымдастыру және қорғау траекториялары өзгеру үрдісінің сипаттамасын береді. Алғашқы екі ағым қызметкер әйелдің сектор аралық тұлғалық қасиеттеріне негізделген. Бір ағымда элиталық еңбек феминистері жұмылдырылған; басқасы кәсіподақтардан тұрады. «Жаңа әлеуметтік қозғалыстар» деп аталатын үшінші ағым әйелдер, этникалық топ мүшелері немесе мигранттар сияқты тұлға кейіптеріне

(негізінде аталғандардың ешқайсысын «жаңа» тұлғалық деп атауға келмейді) негізделген түрлі жаңашыл көпшілік қозғалыстарын қамтиды. Бұл мақалада айтылған оқиға түрлі дереккөздерге, соның ішінде біздің жақында жүргізген жергілікті жерлердегі зерттеулерімізге, әсіресе Мексикадағы Мэри Голдсмиттің, сондай-ақ АҚШ-тағы Премилла Надасен мен Эйлин Бористің тарихи зерттеуіне сүйенеді.

> Мексика және АҚШ тарихтарын салыстыру

Мексикадағы белсенділіктің алғашқы легі 1900-1950 жылдарға сай келеді. Бұл толқынға бастапқыда революциялық қозғалыспен, кейін ұзақ билік еткен Индустриялық-революциялық партиямен (PRI) байланысы болған элиталық феминистер бастама көтерді. Үй қызметкерлері бұларға кешірек қосылып, 1920-1940 жылдар аралығында Индустриялық-революциялық партиямен байланысқан ондаған одақтар ұйымдастырды. Осы кезеңде АҚШ-та ұқсас оқиғалар болып өтсе де, соншалықты ұзаққа созылған жоқ: элиталы еңбек феминистері 1920-1940 жылдар

аралығында, кейін 1960 жылдары үй қызметкерлерінің құқықтарын қорғау мақсатында белсенді қызмет етті. Мексикалық әйелдер сияқты, АҚШ үй қызметкерлері 1930-1940 жылдары одақтар құрды, бұл жолы оларға Өндірістік кәсіподақтар конгресі қолдау көрсетті.

1970 жылдары бастау алған жаңа әлеуметтік қозғалыстар бұрынғы тәртіпті түбегейлі өзгертіп, ерекше маңызды рөл атқарды. Индустриялық-революциялық партиямен байланысы жоқ, партия қызметін жақтырмаған азат ету теологиясы ұйымдары мен феминистік зиялы қауым қолдауымен Мексикада жаңа үй қызметкерлерінің қауымдастықтары құрылды. Олар Мексикалық үй қызметкерлерінің сәйкессіз (ұлтаралық) мигранттық және жергілікті тұлғалық қасиеттерін байқатты. АҚШ-та элиталық феминистерді қорғау құралы болған, 1920 жылдардан бері дүркін-дүркін қызмет еткен Үй шаруашылығына жалдау жөніндегі ұлттық комитетті қадағалау құқығы 1972 жылы Эдит Барксдейл-Слоанға өтті. Қара нәсілділердің азаматтық құқықтарын жақтаушылар қозғалысымен бірлесіп, қара нәсілді феминист Барксдейл-Слоан 1970 жылдардың басында гүлденіп, кейін құлдыраған, қара нәсілді үй қызметкер әйелдерді жұмылдырған ондаған жергілікті ұйым құруға қолдау көрсетті. Бұрын үй шаруасына көбінесе афроамерикалықтар жалданса, кейінгі кездері үй қызметкерлерінің арасында иммигрант әйелдердің көбейіп, демографиялық ығысу үрдісіне орай 1990 жылдары АҚШ-қа көшіп келген иммигранттардың құқықтарын қорғаушы белсенділер және ақ нәсілді емес феминист әйелдер басым бөлігі иммигранттар мекендеген аудандарда жаңа қауымдастықтарды ұйымдастырды. Осы жұмыс

нәтижесінде 2000-шы жылдары Үй қызметкерлерінің ұлттық альянсы құрылды.

Алайда, үй қызметкерлерінің одақтары екі елде де белсенді қызметке оралып, дегеніне жетті. Бұған жаңа қоғамдық қозғалыс энергиясы түрткі болды. АҚШ-та мемлекеттің қаржыландыруымен қарттар мен мүгедектерге үйде күтім көрсететін көптеген қызметкерлердің қызметін көздеген мемлекет заңнамасындағы өзгерістерді пайдалана отырып, мемлекеттік сектор қызметкерлерінің озық кәсіподақтары қара нәсілді адамдар және әйелдер қауымдастықтарында берік негізге ие бола отырып, 1980 жылдардан бері көптеген халқы тығыз штаттарда үйде күтім көрсету одақтарын ұйымдастырды. Мексиканың ірі әрі беделді одағы, үй қызметкерлері қауымдастығы болып табылатын Үй шаруашылығындағы қызметкерлерді қолдау және жаттықтыру орталығы Мексикада жеке әкімшілік-аумақтық бірлік болып табылатын Мехико қаласында саяси мүмкіндіктің туындауын пайдалана отырып, 2015 жылы «Үйде жұмыс істейтін ерлер мен әйелдер ұлттық одағы» (SINACTRANO) деп аталатын кәсіподақ құрды. Бұл кәсіподақ – 1940 жылдардан бері нәтижелі жұмыс істейтін үй қызметкерлері одағының алғашқысы. SACEN және SINACTRANO ұйымдарының бас жетекшісі Марселина Баутиста белгілі бір дәрежеде Мексиканың үй қызметкерлері қозғалысының дамуын іске асыруда. Халқы нашар тұратын, жергілікті ұлт өкілдері ғана мекендейтін Оахака штатынан келген мигрант әйел азат ету теологиясы жөніндегі ұйымдасқан топта бірінші болып белсенділік танытты, кейін жағдайы орташа феминист қорғаушылармен жұмыс істеді. Ұйым

құрамынан шығып, жұмысшылар басқарған қауымдастық құрды. Содан соң қайта жағдайы орташа еңбек феминистерінің жетекшісі болып, одақ құрды.

> Субъективтілікті өрістету

АҚШ пен Мексикада ұйымдар уақыт өте келе ұйымдастыру ағымдарының үшеуіне де жататын жаңа базалар ашып, сыртқы одақтастармен одақтар құру үшін үй қызметкерлерінің сектораралық қасиеттерінің түрлі қырларына ерекше мән берді. Осы ағымдарға жататын үй қызметкерлерін жұмылдыру үрдісін қолдау үшін үйлестірілген сектор аралық тұлғалық қасиеттерге даму жолын ескермей бірінші кезекте әйелдерді, екінші кезекте жұмысшыларды және үшінші кезекте қоғамнан шеттетілген адамдарды және нәсілдік азшылықтарды жатқызуға болады. Жұмысшылар қозғалыстары биліктің өзгергіш нысандарына бейімделгіш тәсілдермен өздерін жұмылдырған көптеген орталық мәселелерге, құрылымдарға және одақтастарға қолжетізе отырып, Чела Сандовал «тактикалық субъектілік» деп атаған құбылысты қозғалысқа келтірді. Саяси мүмкіндіктер құрылымындағы өзгерістер олардың табысты жұмысын күшейтті, бұл, өз алдына, қоғамның үй қызметкерлері ұйымдарын мойындауына септігін тигізіп, азаматтық қоғамның негізгі өкілдерінің қолдауын қамтамасыз етіп қана қоймай, одан бөлек саяси шешімдер қабылдайтын топтарда ұлт өкілдерінің көбеюіне де қол жеткізуге мүмкіндік берді. Сөйтіп, сектораралық тұлғалық қасиеттер бұл елдердегі үй қызметкерлеріне пайдасын тигізіп, мүшелер тарту, ұйымшылдықты қалыптастыру, табысты стратегиялар әзірлеу сияқты үрдістердің негізін қалады. ■

Хаттарды Крис Тиллиге <tilly@ucla.edu>, Джорджина Рохасқа <georgina@ciesas.edu.mx> және Ник Теодорға <theodore@uic.edu> жолдауға болады.

> Ақылы үй

жұмысын жаһандық басқару

Сабрина Марчетти, Венециядағы Ca 'Foscari университеті, Италия

Ж 2011 жылдың 16 маусымында, еневада әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған үй қызметкерлерінің ән айтып, қолпаштауымен Халықаралық еңбек ұйымы (ХЕҰ) «үй қызметкерлері үшін лайықты жұмыс туралы» №189 Конвенцияны және №201 Ұсынысты қабылдайды. Бұл, әдетте саналуан әлеуметтік тұрғыдан кедей және әлеуметтік стигмаланған топтарға (кедей әйелдер мен балалар, құжаты жоқ мигранттар, этникалық азшылық, т.б.) жататын еңбек етушілер категориясының дәстүрлі түрде құқықтан жұрдай болуымен салыстырғанда, айтулы жетістік еді. Бірқатар елдерде үй жұмысы «жұмыс» деп есептелмейді, еңбекті қорғау саласынан алынып тасталынған. Үй қызметкерлері ақшалай жалақы алмайды және азық-түлік пен баспана үшін жеңілдікке ие. Сонымен қатар, үй жұмысы еңбек заңнамасымен реттелетін елдерде осы ережелер басқа лауазымдарда қолданылып жүргендерден аз мөлшерде сыйақы мен әлеуметтік қорғаудың аздығымен ерекшеленеді.

Дегенмен, соңғы жылдары «ақылы үй жұмысын жаһандық басқаруды» қарастыратын нәрсенің біртіндеп дамуы байқалады: үй қызметкерлерінің құқығын әртүрлі



Бұл жобаны Еуропалық одақтың Horizon 2020 зерттеу және инновациялық бағдарламасы аясында Еуропалық зерттеу кеңесі (ERC) қаржыландырады (грант беру туралы келісім – 678783 – DomeQUAL)

жаһандық және жергілікті субъектілер типімен өзара әрекеттестігін жақсарту үшін көпдеңгейлі және саналуан негіздерді қолдану. Бұл тұрғыда жалдамалы үй қызметкерлерінің жағдайы – нашар ахуалы мен әлемнің шартарабында кездесетін кемсітушілік – басқарудың ұлттық шекарадан тыс жатырған «жаһандық мәселе» ретінде қарастырылды.

Іс жүзінде, институттық тұрғыдан ХЕҰ ғана емес, сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) әйелдер, Халықаралық көші-қон ұйымы, Көші-қон және даму жөніндегі жаһандық форум, Еуропалық іргелі құқықтар агенттігі, БҰҰ-ның Әйелдер ісі жөніндегі комиссиясы және бірнеше халықаралық кәсіподақтар соңғы жылдары үй қызметкерлері құқықтарын қорғау мақсатында нақты іс-шараларды жүзеге асырды. Сонымен қатар, 2012 жылы Монтевидеодағы Үй қызметкерлерінің Халықаралық

федерациясының (ҰҚХФ) құрылуы үй қызметкерлерінен тұратын ұлттық және аймақтық ұйымдар арасындағы жаңа байланыстарға негізделген осы жұмысшы қозғалысының жаһандық аясын көрсетті.

Осы сценарийде үй қызметкерлерінің құқықтарына қатысты компанияларға К189 ықпалын әртүрлі ұлттық контекстте қарастыру маңызды. Шындығында, әр елдегі жағдайдың ерекшелігін қарастырғанда, әлеуметтік қозғалыстардың, мемлекеттердің және халықаралық ұйымдардың бұл мәселеге қатысты әрекетінде маңызды айырмашылықтарды көреміз. Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың мәселеге қатысты өз көзқарастарын анықтау үшін үй қызметкерлері құқықтарының контекстке тәуелді сипатының түптеп келгенде, әр контекстте қатысушыларды жұмылдыру үшін К189 қабілетін қаншалықты дәлелдеуі

“Жалдамалы үй қызметкерлерінің жағдайы басқарудың ұлттық шекарадан тыс жатырған «жаһандық мәселе» ретінде қарастырылды.”

мүмкін екендігін айқындауға болады. Бұл мынадай мәселелерді тудырады: жергілікті субъектілер үй қызметкерлерінің құқықтарын «жаһандық басқару» шарасы ретінде K189-ға қалай жауап береді? Осы процесте мемлекет қандай рөл атқарады? Мұндай процестер ұлттық және аймақтық деңгейлерде орын алатын саяси және әлеуметтік өзгерістердің неғұрлым кең етек жаюымен байланысты ма?

K189 Үндістан мен Эквадордың жергілікті субъектілері (мемлекеттік және мемлекеттік емес) үй қызметкерлерінің құқықтарын қорғау мақсатына жұмылу мүмкіндігі ретінде қалай қабылдағанына қатысты қарама-қайшы мысалдарды көрсететін [Dom-EQUAL](#) жобасының зерттеу тобына қолжетімді деректерге негізделген жағдайларды осы сұрақтарға жауап берудің үлгісі ретінде қарастырамын.

Эквадор мен Үндістан мемлекеттік деңгейде екі қарама-қарсы көзқарасты көрсетті: Эквадор үкіметі кең ауқымды әлеуметтік-экономикалық реформалар шеңберінде үй қызметкерлерінің құқықтарын белсенді түрде алға тартты, ал Үндістан үкіметі бұл мәселені азаматтық қоғам топтарының қысымына қарамастан саяси күн тәртібіне қойғысы келмеді. Осы ұлттық айырмашылықтар, үй қызметкерлері құқықтары үшін науқан негізгі әлеуметтік субъектілердің әртүрлі рөлі, мақсаттары мен әрекеттерінің ауқымын беретін әртүрлі тәсілдермен қалыптасты.

Үндістан мен Эквадор арасындағы айырмашылықтар географиялық аймақтар арасындағы айырмашылықты көрсетеді. Эквадордың жағдайы Бразилия, Боливия, Эквадор және Венесуэладағы солшыл үкіметтердің уақытында, кедей және осал топтардың, соның ішінде үй жұмысындағы әйелдердің жағдайын жақсарту үшін, Кариб теңізі мен Латын Америкасы аймағындағы үрдісті көрсетеді. Латын Америкасы мен Кариб бассейні елдері үкіметтерінің бірінен кейін бірі ратификация процесіне қосылуы эмуляция эффектісі бар екенін көрсетеді. Бүгінгі күні аймақ ратификациялаудың ең жоғары шоғырлану дәрежесіне ие, бастапқыда небәрі 14 мақұлдаған қол бар еді. Үндістандағы жағдай, керісінше, Латын Америкасына қарағанда, ол әйелдер мен мигранттардың құқықтарын жақсарту үшін реформалар мардымсыз қабылданған аймақ ретінде қалыптасқан. Бүкіл Азияд бойынша қазіргі уақытта тек Филиппиныда ғана K189 ратификацияланды. Бұл үй қызметкерлерінің құқықтарына теріс ықпал етері даусыз.

Осы себептерге байланысты Үндістан мен Эквадор, үй қызметкерлері құқықтарының жаңа нормативтік және құқықтық жетілдірілуіне ықпал еткен актордың, яғни «әрекеттегі актердің» рөлін атқаратын адамға қатысты әртүрлі үрдістерді көрсетеді. Эквадорда жаңа нормативтік-құқықтық база-

ны ілгерілететін ұлттық үкімет болғанымен, Үндістанда олай емес, онда заңнама тек кейбір жергілікті мемлекеттер деңгейінде (Керала сияқты штатта) бар; елдің қалған бөліктерінде ХЕҰ үй қызметкерлерінің құқығын қорғауға жәрдемдесудегі негізгі әрекет етуші тұлға болып қала береді. Үндістандағы ұлттық мемлекет алаңның ішіндегі қарсылас ретінде сипатталуы мүмкін деп есептеймін.

Қорытындылай келе, бұл екі елде акторлар арасындағы өзара әрекеттесудегі айырмашылықтар әртүрлі идеялардың аясында орналасқан деген гипотезаны ұсына аламыз: үй қызметкерлері құқықтарының Үндістанда жақсаруы Эквадорда олардың еңбек жағдайларының нақты жақсаруымен ерекшеленеді. Осы науқанның мақсаттарына сәйкес екі түрлі конфигурация әртүрлі әрекеттерге сәйкес келеді, үй қызметкерлері ұйымымен бірге науқанға қолдау көрсетіп, оны насихаттайды. Үндістанда науқанның өте ауқымды құрылымын ескере отырып, үй қызметкерлерінің құқықтарын қорғау науқанына қосылмаған теңдік және адам құқықтары мәселелерімен айналысушы тиісті акторды табу қиын болды. Ал Эквадорда мұндай жағдай болған жоқ, алайда, дәстүрлі феминистік, байырғы және жұмысшылар қозғалысының мүдделі тараптары өздерінің жеке мақсаттарынан тыс деп есептеген науқанға қатысқысы келмеді. ■

Хаттарды Сабрина Марчеттиге [<sabrina.marchetti@unive.it>](mailto:sabrina.marchetti@unive.it) жолдауға болады.

> Ермінезділік және әке болу:

мигрант әйелдердің серіктестері

Хельма Лютц, Гёте Университеті, Франкфурт, Германия, 1990 жылдан бері ХӘҚ нәсілшілдік, ұлтшылдық, индигендік және этникалық (ЗК05) (2018-22), «Қоғамдағы әйелдер» (ЗК32), «Өмірбаян және Қоғам» (ЗК38) зерттеу комитеттерінің мүшесі және ХӘҚ сайланған президенті

Күтімнің тиімділігін талқылауда?

Соңғы он бес жылда зерттеулерде отбасыларға, негізінен әйелдердің жалғыз қоныс аударуының отбасы үшін салдарына, әсіресе, қоныс аудармаған балалары үшін салдарына басымдық берілді де, әкелердің гендерлік тәжірибесі мен практикасы тіпті зерттелген жоқ. Шығыс Еуропаның әйел-мигранттарына арналған зерттеуімде мен әкелердің постсоциалистік жағдайдағы әкелік практикасына және олардың өздері жалғыз жүргізіп отырған тәрбиесіне ертеректегіге қарағанда, ер адамға тән міндеттерді орындауы тиістігіне назар аударамын.

Шығыс Еуропа елдерінің көпшілігінде «социализмнен» «еркін нарыққа» көшу кезінде мемлекеттік кепілді және қаржыландырылған әлеуметтік қауіпсіздік жүйесі жойылды немесе айтарлықтай қысқарды. Экономикалық жүйедегі реформалар нәтижесінде миллиондаған адамдар жұмысынан айырылды. Экономикалық өзгерістер, сондай-ақ, әлеуметтік қорғау секторында мемлекеттік қамтамасыз ету тоқтады: көптеген балабақшалар мен мектептер жабылды немесе жекешелендірілді. Жаңа саяси жүйе «социалистік матриархаттан» бас тартты және оның орнына жалғыз еркек асыраушы идеалына негізделген дәстүрлі ер адамның үстемдігі қайта оралды. Экономикалық қысым кезінде,



>>

бұл идеалдың орнығуы қиынға соқты және тұрғындар көшінің артуын еркек мінезділіктің жаңа стандарттарына сай болуға тырысу деп түсінуге болады. Сонымен қатар, әйелдердің – арасында көптеген аналардың – көп көше бастауын олардың өзін бұрынғыша сезінетіндігінен деп санауға болады. Мұндай жағдайларда олардың күйеулері/серіктестері әйелдерінің үйде болмауына қалай қарайды? Бұл әкелердің ер азамат ретіндегі үстемдігін жоғалту қаупі бар ма? Мұндай отбасыларындағы күнделікті тәжірибе қандай?

> Әке болу жолдары

Зерттеуде «жалғыз басты әке», «әке командир» және «қатыстырылған әке» деп аталатын әкенің үш түрі қарастырылады. Бірінші – Костикаға қатысты жағдай, ол – «жалғыз басты әке». Костика – жақсы білімі бар молдавиялық фермер, үш баласын өзі ғана бағып отыр. Әйелі италияндық отбасында құжатсыз күтуші болғаннан бастап отбасынан көп жыл бұрын кетіп қалған. Үш бала да фермадағы және үй шаруашылығындағы жұмысқа тартылған; әкесі тапсырмалар береді, жұмыс тең дәрежеде бөлінеді және сабақтарын орындауға да уақыт бар. Ол өз балаларына қамқорлық жасау қажеттілігін жоққа шығармайды, дегенмен анасы сияқты қамқор бола алмайтынын мойындайды. Әкесі өзін балаларын балалық шақтан айырдым деп кінәлайды. Өзінің әкелік қамқорлығын анасының қамқорлығымен салыстырып, кемшіліктерін атап көрсетеді.

«Жалғыз басты әке» типіне қарағанда, «әке командир» деген екінші түрі әлдеқайда кең таралған. Украиндық әке Сергей, бұрынғы мұғалім, үй қызметкері болып жұмыс істеуге Польшаға зыр қаға барып келіп жүретін әйелі жоқ кезде өз ісін басқарады; ол өз міндеттерін ішінара ата-анасына және ішінара балаларға жүктейді және үй шаруашылығындағы жұмыстан қашып жүреді. Отбасы

мүшелеріне нұсқау бере отырып, анасы болмаған кезде өзін басқару жөніндегі сарапшы ретінде сезінеді; өз сөзімен айтқанда, әскери қолбасшы. Әйелі қайтып келісімен отбасы мен бала күтіміне байланысты жауапкершілік мойнына қайта артылады. Оның әкелік тәжірибесі дәстүрлі ер адамның гегемониясына сәйкес гендерлік міндеттердің бөлінісі аясында.

Үшінші тип іріктеудегі өте сирек кездесетін «қатыстырылған әке» – поляк технигі Павел, жұбайы Германияда үй қызметкері болып жұмыс жасаған кезде ол бес жасар ұлымен бірге қалады. Оның жағдайындағы ерлердің көпшілігі сияқты автокөлік зауытының бақылаушысы болып ауысымда күндіз де, түнде де жұмыс жасайды. Павел күтімге және үй жұмысына қатысты міндеттерді барлық талапқа сай орындауға күш салады, оның айтуынша бәрін өзі атқарады. Қатыстырылған әке ретінде ол, әдетте жалғыз басты аналарға байланысты күрделі қиыншылықтарды еңсергенін, яғни ұлын тәрбиелеумен қатар жұмыс істеп те жүргенін мақтан етеді.

> Күтім жөніндегі келіссөздер

Осы тақырыптық мысалдардан «қатыстырылған әке», «әке командир» және «жалғыз басты әкенің» арасындағы айырмашылық айқын көрінеді. Оларға ортақ нәрсе – жалақыға жұмыс жасаудың аса қажеттілігі, тіпті бұған қаржылық және басқа жағынан кедергі туындағанына қарамастан әке болу гегемондық мұратын қанағаттандыруға тырысу. Павел «аналық» қамқорлықты өз мойнына алған кезде әйелдік код мәселесі қиын емес сияқты көрінеді; оның күтімінің үлгісі жұмыс орнының талаптарымен қайшылыққа түседі және осы тұрғыда тәжірибесі қосарланған жүктемеден зардап шегетін жұмыс істейтін аналардікімен пара-пар. Сергей ананың орнын басудың немесе ауыстырудың кез келген рөлін немесе талпынысты жоққа шығарады және шындық басқаша болғанына қарамастан, өзін

жалғыз асыраушы ретінде көрсетуге тырысады.

Павел мен Костиканың әкелік тәжірибесі идеал емес, бірақ іс жүзінде шындық болған, мемлекеттік социализм тұсында асыраушы отбасыларға негізделген тәжірибеге сәйкес анадан күтілетін практикамен бірдей. Қазіргі гегемондық әке идеалын ескерсек, әкелердің әке болу практикасын өзгертетін көпшілік мойындаған бастаушы болу мүмкіндігі аз немесе жоқ екендігі анық. Керісінше, олар өздерін жаман жағынан көрсететін қатыспау тәжірибесінен қорғауға және әлсіз жақтарын айқындауға тиіс және оның салдарында қазіргі гегемондық үлгіге күмән келтірмейді.

Тұтастай алғанда, бұл жағдайлар көші-қонның екі аспектісін көрсетеді. Біріншіден, отбасы мүшелері отбасының бөлінуіне байланысты эмоциялық күйзеліс және практикалық шиеленіс. Әкелер өз серіктестерімен ғана емес, сонымен қатар маңайында және қоғамда да қамқорлық көрсетуі керек. Орталық және Шығыс Еуропаның көптеген елдерінде әйелдердің ауысымдық көші-қонын «уақытша болмау» деп санайды және олардың экономикалық үлесін мойындаудан бас тартқандықтан, жіберуші мемлекеттер ата-ананың қамқорлығынсыз қалған отбасыларды қолдаудың арнайы бағдарламаларын қабылдамайды. Сол сияқты, қабылдаушы мемлекеттердегі отбасылық және күтім жұмысы бенефициарлары көбінесе жұмыскерлердің эмоциялық шығындары мен қиындықтарынан бейхабар. Екіншіден, жіберуші мемлекеттер әйелдер асыраушыға айналған кезде, олардың отбасында болмауы қиындықтар тудыратынын және гендерлік проблемаларға әкеліп соғатынын түсінеді. Әке болудың лайықты «жұмыс» ретіндегі мүмкіндіктерін жаңғырту және кеңейту жіберуші мемлекеттердің тиісті жауабы болуы мүмкін; алайда, өкінішке орай, ол еш жерде көрінбейді. ■

Хаттарды Хельма Лютцка <lutz@soz.uni-frankfurt.de> жолдауға болады.

> Сингапур, бала күтіміне арналған керемет орын... кім үшін?

Юен Тео, Нананг технологиялық университеті, Сингапур, ХӘҚ Кедейлік, әлеуметтік қамсыздандыру, әлеуметтік саясат (ЗК19) және Қоғамдағы әйелді (ЗК32) зерттеу комитеттерінің мүшесі.



Сингапурдегі қайшылықты болмыс.

Соңғы жылдарда «еңбек ету саласындағы үйлесімділік мәселесі» Сингапурдағы қоғамдық мәселе ретінде алдыңғы орынға шықты. Сингапур мемлекеті ата-аналарға, әсіресе аналарға жалақысы мен балаға қамқорлықарасында тепе-теңдікті сақтауға мүмкіндік беру үшін әлеуметтік қолдау көлемін ұлғайтты. Сонымен қатар ұзақ уақыт бойы мемлекеттік қамқорлық мәселесі жөніндегі негізгі компоненті болып табылатын үйде жұмыс жасайтындарға көрсетілетін сырттай көмек өсті. Мемлекеттік саясаттағы көңіл бөлу артқан сайын балаларға бағытталған коммерциялық қызметтер аясы кеңейді. Балаға қарайтын орталықтар, балабақшалар мұғалімдер мен оқушылардың, педагогтердің санымен, оған сәйкес келетін бағаларымен мақтанды. Арнайы орталықтардағы балалардың музыка, шахмат, өнер және қолөнер, би, семсерлесу, күрес өнері, футбол, жүзу, тенниспен айналысқанын қалайтын ата-аналарға қызмет көрсетті. Академиялыққа бағытталған коммерциялық оқу орталықтары айналадағы барлық сауда

орталықтарында бар; бұл мектепке баратын балалардың күнделікті өмірінде басты рөлді атқарып отыр. Осы «байыту» және оқу орталықтары қамқорлық орталықтары деп шектелмейді, олар қамқорлық инфрақұрылымының маңызды компоненттерін құрайды, өйткені бұл кейбір балалардың күніне бірнеше сағатын, аптасының бірнеше күнін өткізетін орны.

Үй, мектеп және орталықтар арасындағы жүріс балаларды бір орыннан екінші орынға күнделікті тасумен айналысатын мигрант үй жұмысшыларының (бірінші кезекте Филиппин және Индонезиядан) саны есебінен жүзеге асып отыр. Расында, еуропалықтар, америкалықтар және аустралиялық отбасылар тұратын менің ауданымда аналары ашық әрі ұдайы Сингапурда бала тәрбиелеу өз елдерімен салыстырғанда керемет деп сипаттайды. Олардың өмір сүру салттары отандарында жүзеге аспайтындығы туралы айтқан кезде екі мәселе туындайды: біріншіден, балаларға қолжетімді көптеген

қызықты шаралар бар; екіншіден, толықтай төленетін көмек өте ыңғайлы. Олардың атап өткен мәселелері бір фактіні жеңілдетеді: ұлтына қарамастан, қаржысы бар отбасылар, сингапурлықтарды қоса алғанда, Бірінші әлемнің қызметіне мен Үшінші әлемнің серситутына қол жеткізу мүмкіндігі болғандықтан, Сингапурды бала тәрбиелеуге арналған керемет орын деп есептейді.

Бұл тұрғыда қамқорлық көрсетудің кеңейтілген нұсқалары бойынша табысы аз сингапурлықтар үшін қолжетімді мүмкіндер мүлдем өзгеше. Олардың күнделікті өмірлері үй шаруасымен, үй тапсырмасымен, балаларды күтумен, тамақ дайындаумен және кей кезде күзетшілер, супермаркет кассирлері және тазалаушылар секілді ауысыммен жасайтын жұмыстармен өтеді. Олар азық – түлік сатып алу үшін, коммуналдық қызметтерге төлеу үшін ақшаның жетіспейдігін ойлап алаңдап, күйзеліске түседі. Балалары, орта таптың балаларымен салыстырғанда тәуелсіз: сегіз жасында күріш пен жұмыртқа пісіре алады, мектепке өздері барып келеді және тіпті өзінен кіші бауырларына қамқор бола алады. Ең бастысы, табысы төмен отбасылар балалары үйде жалғыз қалған кезде, оларды қызығатын ісімен қамтамасыз ете алмағандықтан және балалары ауырып қалған кезде аурухана апарған кезде немесе мектептегі шараларға апарған кезде жұмысынан айрылып қалу туралы немесе жалақылары барлық шоттарды төлеуге жетпейтіндіктерін ойлап уайымдайтындықтарын айтады.

Сингапур табысы төмендерге бала тәрбиелейтін керемет орын болмай шықты. Кейбір тұтынушы – ата-аналарға ғана қолжетімді әлеуметтік көмектің кеңеюі және сан түрлі нұсқалар тапқа келгенде адамдардың өмірін бірдей қалыптастырмайды. Таптық айырмашылық бұл мәселе, кейбір отбасыларға «қолайлы» болып келетін жұмыс режиміне қамқорлық кейбір отбасыларға мүлдем «қолайсыз».

Осы ерекше мәселеде авторлар бір жағынан адамдар мен отбасылардың жеке, жыныстық және микротәжірибелері мен екінші жағынан қамқорлықтың үлкен саяси экономиясы арасындағы тұрақты және шатастыратын шиеленестердің көптеген жолдарын көрсетеді. Менің

жұмысым да адамдар жасайтын таңдау оларға қолжетімді нұсқалар арқылы қалыптасатын жолдарды көрсетеді. Отбасыларға арналған нұсқалар қоғамдық қолдауда кеңеюге қарамастан, бұрынғыдай нарық шешімдеріне және ресми жалдамалы жұмысқа тәуелді. Бұл оқиға – неолибералдық капитализмнің адамның қажеттіліктеріне жауап беретін жеке және нарықтық шешімдерді қолдана алу үрдістер үлкен тарихының бір бөлігі. Қазіргі әлемдегі әртүрлі формадағы үрдістердің сақталу деңгейіне байланысты бұл саяси экономикалық оқиғалардың әлеуметтік – экономикалық жағдайлары төмен адамдарға зиян келтіріп отырғандығын ашық айту маңызды.

Қамқорлыққа мұқтаждықты кеңейту және осы қажеттіліктерді нарық арқылы кеңінен тарату жалпылама және мигранттарға көмек көрсететін жұмысшылар әлемнің бай қалаларында ғана сақталуы мүмкін үрдіс. Біз жаһандық қамқорлық тізбегіне кірмейтін, бірақ терең шиеленісіп отырған қоғамда өмір сүріп жатырған адамдарды енгізу үшін үрдістердің салдарын түсіндіретін кеңейген желі құруымыз қажет. Әлеуметтік экспансияға қарамастан табысы төмен отбасылар маңызды индивидуалды, нарыққа бағытталған қағидаларды сақтайды және еңбек мигранттары қамқорлық пен тұрмыстық еңбекті қажет ететін жерлерде өз қажеттіліктерін жасырын, елеусіз, назардан тыс қалдырады. Мұндай жағдайларда жұмыс пен қамқорлық қиындықты туындатады. Саясаткерлер мен ғалымдар, өз кезегінде, табысы жоғары отбасыларға қызмет көрсететін жұмысшылар, мысалы, сабақтан тыс шараларда, балалар арасында теңсіздік орнатады.

Мемлекеттік саясатты, қоғамдық нормаларды және ұжымдық тәжірибені талап ететін феминист ғалымдар мен белсенділер секілді, біз үнемі таптық теңсіздіктер мен ауытқуларды талқылап отыруымыз қажет. Көпшілігіміз үшін және көп уақыт бойы бұл жоғары басымдыққа ие бола алмады. Мемлекеттік саясаттың әйелдер мұқтаждықтына тең қарамауына, жұмыс – күту – көші-кон режимін тұрақты сынау, төмен жалақы мен еңбек жағдайларын талқылаудың интеграциясы, ақылы үй жұмысының қоғамдық саясатқа және жаһандық қамқорлық тізбегіндегі түрлі топтардың әл-ауқатына қалай ықпал ететіндігіне аса назар аударуымыз қажет. ■

Хаттарды Юен Теоға <yyteo@ntu.edu.sg> жолдауға болады.

> Жапонияда күтуші мигрант-жұмыскерлерді жалдау және оқыту

Пей-Чиа Лан, Тайвань ұлттық университеті, Тайвань, ХӘҚ мүшесі, миграция әлеуметтануы бойынша зерттеу комитеті (ЗКЗ1)



Күтім жасаушы қызметкерлерге арналған тренинг. Әлемдік банктің CC BY-NC-ND 2.0. суреті.

35

Шығыс Азия елдері Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінен үй шаруашылығына көмектесуші немесе қамқор болатын мигранттарды кеңінен жалдап отырғанда, Жапония оларға өз есігін айқара ашуға батылы бармады. 2014 жылы премьер-министр Синдзо Абэ астаналық алты ауданда шетелдік үй қызметкерлеріне жұмыс жасауға рұқсат бере отырып, әйелдердің еңбекке араласуы аясын кеңейтуге бағытталған жаңа саясатты ұсынды. Дегенмен, бұл жұмыскерлер өздерін қызметке алған үйде тұра алмайды; қызмет көрсетуші агенттіктер арқылы жұмысқа

орналасады және бақыланады. Болашақ қызметкерлер жапон тілін, үй шаруасындағы жұмыстарды және қалай дұрыс иілу сияқты мәдени этикетті үйрену үшін 400 сағаттық оқу бағдарламасын игереді. «Жапон уақытында» (1 қаңтар 2017) жапон шенеунігі: «Бұл істі жүргізудің нағыз жапондық әдісі. Біз, Гонконгтағыдай, көшелерді олармен толтыра алмаймыз», – деген еді.

Жапония мигрант үй қызметкеріне дейін 2008 жылдан бастап Индонезия, Филиппин және Вьетнаммен қол қойылған экономикалық серіктестік туралы келісімдердің

>>

(ЭС – ЕРА) негізінде тіркелген медбикелер (*Kangoshi*) мен аттестацияланған күтушілерді (*Kaigo Fukushima*) қабылдап келді. ЭС күтушілеріне де дәл солай жеке қожалықтарға жалдануға рұқсат жоқ. Олар медициналық мекемелерде немесе қарт кісілерді немесе мүгедектерді қамқорлыққа алған мекемелерде ғана жұмыс жасайды.

Күтуші мигрант қызметкерлерді еңбекпен қамту осы мәселені зерттеушілердің негізгі нысаны ғана емес, сонымен қатар «мінсіз мигрант қамқоршыларды» тәрбиелеудің мәдени мәні мен институттық құрылымы жөнінде қоғамда пікірталас бар. Үкімет ЭС үміткерлерді таңдауда квоталарды қадағалауда, мамандарды іріктеуде және үлкен қаражатқа оқытудың интенсивті бағдарламаларын даярлағанда жасаған әрбір қадамын аңдап басты. Медбикелік білімі бар білікті қызметкерлер болғанына қарамастан ЭС үміткерлер Әлеуметтік Қызметтің Жапон Халықаралық Корпорациясында (JICWELS) тіркелген мекемелер өткізетін оқыту курстарына баруға міндетті, содан кейін ғана ауруханаларда және күтім жасайтын мекемелерде жұмыс жасайды немесе оқиды. Олар ұлттық емтихандарды тапсыруға дайындалады, осылайша тіркелген медбике немесе сертификатталған қызметкер болады. Ұлттық емтиханды тапсырғандар шектеусіз визаға және Жапонияда тұрақты тұруға құқық алады.

Оқу бағдарламасы мигранттардың этникалық ерекшеліктері мен өзгешеліктерін «жұмсарту», яғни бейімдеу мақсатын көздейді. Беата Швитек (*Beata Świtek*) жапон дәстүрлерін сақтау өткеннің түбегейлі бейнесін қайта жаңғыртуға мүмкіндік береді және осының арқасында егде адамдар өзін әлеуметтік тұйықталғандығына қарамастан осы мекемеде ыңғайлы сезінетін жапон қарттар үйін «мәдени интимді» деп атаған еді. Егде адамдар өздерімен туыстық немесе этникалық байланыста жоқ қызметкерлерден көмек алғандықтан, мәдени жақындықты және абыройын сыйлайтынын сезінуі үшін мигрант жұмыскерлер күтімнің жапон мәдениетіне сәйкес интерактивті ережелері мен тәжірибесін қабылдауы тиіс.

Оқу бағдарламасының басым бөлігі жапон тілін үйренуге арналған негізгі ауызекі сөйлеу ғана емес, сонымен бірге оқу мен жазудың біраз бөлігі қамтылған (іріктеуден бұрын 391 сағат және Жапонияда 675 сағат). Ең қиыны қытай иероглифтерін үйрену (кандзи), себебі жапон дәрігерлері медициналық құжаттарда фонетикалық хаттың орнына кандзиді қолдануға бейім келеді. Жапон тілін білу араласуды және құжаттармен жұмысты жеңілдетіп ғана қоймайды, сонымен қатар жапон тілінде сыпайы сөйлеу (*Keiko*) күтушілерге егде кісілерге құрмет көрсетуге көмектеседі.

Оқу бағдарламасы ЭС үміткерлеріне қамқорлықты мәдени практика ретінде қабылдауға және «күтімнің жапондық үлгісінің» мәдени қырларын білуге ықпал етеді. Жапониядағы «тазалықтың» мәдени мәні жөніндегі сабақ,

егде адамдардың сапалы күтімінің маңызды бөлігі жөкемен емес, ваннада жуындыру екенін түсінуге мүмкіндік береді. Қазіргі кезде Жапонияда жөргек өндірушілер балалардікінен гөрі, ересектерге арналған жөргектерді көбірек сататын болды. ЭС үміткерлері тренингтерде түсіне байланысты әртүрлі уақыт мен мақсатқа арналған жөргектерді ажыратуды үйренеді. Оларды ересектерге арналған жөргектер және тәуелсіздік пен ар намыстың арасындағы байланысқа егде жапондықтың көзімен қарауды үйретеді.

Оқу бағдарламасына жапон мәдениеті мен қоғамы туралы пәндер енген. Күтімдегі кісілермен бірген «*itadakimasu*» («ізгілікпен қабылдаймын») сияқты жапондардың тамақтану тәжірибесіне үйретеді. Олар юзу және васаби сияқты жапон асханасының дәмдеуіштерін бағалауға үйренеді. Сондай ақ олар дәстүрлі киімді сыйлауға үйренеді – кимононы киюдің дұрыс тәсілдері (солға қарай жатқызылатынды оң жағынан киеді), – және киіндіру мен шешіндіруге көмектесуді ұсыну үшін ұялуды мәдени сезіну бойынша нұсқау алады. Мен әңгімелескен ЭС кейбір қызметкерлері оқытудың осы бөлігін «аса пайдалы» десе, кейбіреулері «тіпті пайдасыз» деп тура сынап тастады («Қарттар үйінде ешкім кимоно кимейді!»). Еңбекші мигранттар үшін жапон дәстүрлері және мәдениетімен танысудың шарықтау шегі практикалықтан гөрі символдық мәнге ие; бұл тек күтімге зәру егде кісілермен ғана емес, сонымен қатар жалпы жапон қоғамына мәдени тұрғыда жақындық сезімін тудырады.

Оқыту бағдарламасы жапондық әріптестермен араласу және өзара ықпалдасуға да үйретеді. ЭС үміткерлері әдетте жұмыс күні ұзақ әрі қатаң және статустық иерархия сақталған жапон ауруханалары мен күтім көрсететін мекемелердегі жұмыс мәдениеті бойынша нұсқау алады. Қызметкерлер стандартты рәсімдерді қатаң сақтауға және кәсіби көмекті қамтамасыз ету үшін құжаттарды мұқият толтыруға тиіс. Тілді білу деңгейінің жоғары болмауына байланысты ЭС мигранттарының Жапонияда кәсіби сертификаттаудан өтіп, статустық мобилдікке қол жеткізу ықтымалдығы өте төмен. Тіпті лицензия алғандарының өзі түбінде елге қайтып кетеді, себебі Жапониядағы әлеуметтік және мәдени орта өздерін бөліп, оқшаулап тастаған сияқты сезінеді.

ЭС жапон бағдарламасы күтуші мигрант қызметкерлерге «кәсіби бөтендер» деп қарайды. Қонақ жұмысшыларды қабылдау жүйесі басқа Шығыс Азияның қабылдаушы елдерімен салыстырғанда, еңбекші мигранттарға жәрдемақы мен жеңілдіктері көбірек ұсынады. Кәсіби сертификаттау емтихандарын тапсырғаннан кейін тұрақты тұруға рұқсат алғанымен, кәсіби бейімділікті бағалаудың жергілікті мәдениет пен тілге байланғаны соншалықты ұсынылатын жоғары тсатусқа қолжеткізетіндері кемде кем. Нәтижесінде кәсіпқойлық әлеуметтік мобилдікке қолжеткізудің сенімді жолын қамтамасыз ете алмай, шетелдіктерді шеттету механизміне айналып отыр. ■

Хаттарды Пей-Чиа Ланға <pclan@ntu.edu.tw> жолдауға болады.

> Жүктілік пен босану

жалдамалы жұмыс

Шармилла Рудраппа, Техас – Остин университеті, АҚШ

Жүктілік пен босану халықаралық кәсіп көзіне айналды.



Нәсілдік тазалық, патриархаттық және мұрагерлік, жүктілік және босану идеалдылығымен айқындалатын нәрселер табиғи құбылыс емес, отбасы немесе қауымдастықтар құру үшін маңызды құндылықтар мен сыйлықтарды алмастыратын әлеуметтік процестерге бағытталған мәдениетаралық және гендерлік оқиғалар болып табылады. Аналар атқаратын репродуктивті әрекеттері өзіндік қамқорлық, жанкиярлық және өзін құрбан ету секілді түсіндіріледі. Қасиетті мінсіз болып саналатын отбасы құрудағы репродуктивті қызметтің гендерлік формаларының маңыздылығына байланысты жүктілік және босану нарықтың қараңғы әлемінде орын алып жатырған айырбастан қорғалған. Әйелдер жүкті болып, сәбилерін жалақыға айырбастаған кезде не болады? Жүктілік пен босану жалдамалы жұмыстың қай түрі?

Бұл сұрақтар коммерциялық суррогаттық тұрғысынан туындайды, яғни суррогат ана жүкті болады және жалақыға айырбастау үшін қос ата-анаға немесе жалғыз басты ата-анаға баланы немесе балаларды дүниеге әкеледі.

Суррогат ана өзінің имплантацияланған эмбриондарымен генетикалық қарым-қатынаста болмайды, ол заңды түрде ата-анасына (-ларына) тиесілі болу керек. Эмбриондар жыныстық жасушалық банктерден немесе басқа адамдардан адамның ұрық жасушасын немесе ұрығын сатып алумен байланысты әртүрлі нарықтық механизмдер арқылы пайда болады. Дегенмен, әртүрлі әлеуметтік акторлар, яғни не нәрсенің айырбасқа түсіп жатырғаны түсініксіз, бұл индустриядағы стандарттар суррогат анаға берілетін ақша бала үшін емес, балаға жасалынатын гестаталдық жағдай үшін деп анықтайды.

Суррогиография бойынша зерттеулерімде, сұхбат алған Үндістандағы жұмысшы таптың суррогат аналары мен жоғары – орта таптың ата-аналары көптеген адамдар сияқты жүктілікке қатысты бұрын ақша алмаған. Бұл адамдардың биологиялық репродуктивтік қызметтерді нарыққа шығарумен айналысуы туралы ойлайтындай емес, себебі олардың ресурстары жеткіліксіз. Нәтижесінде олар алмасу туралы дәстүрлі ойлау тәсілдеріне көшеді: суррогат ана болу сыйлық па, әлде тауар биржасы ма? Сыйлықтар

>>

мен тауарлар – әлеуметтік кеңістіктерде таралатын нысандарға арналған терминдер, бірақ олардың таралуы маңызды ерекшелік. Сыйлықтарды немесе тауарларды айырбастау туралы әдебиет кең таралған, бірақ қысқаша мазмұндайтын болсақ, сыйлықтармен алмасу жеке адамдар немесе адамдар тобы арасындағы әлеуметтік қатынастарды білдіреді. Сыйлық алмасу эгалитарлық сипатта емес, бірақ жасы, жынысы, мүгедектігі, сексуалдығы, діні, нәсілі және кастасы арқылы анықталатын әлеуметтік иерархияға негізделген теңсіздіктер арқылы сипатталады. Тауар биржалары, екінші жағынан, жұмысшылар мен тұтынушылар әдетте бір-біріне бөтен болып табылатын өтпелі кезеңмен сипатталады. Ақшаға айырбастаған кезде, тұтынушылар капитализм құрылымының кесірінен үнемі тиімсіз жағдайға ұшырап отыратын қызметкерлерден тауар алады. Осылайша, сыйлықтар немесе тауарлар әлеуметтік қатынастарды көрсетеді. Сыйлық немесе тауарлы экономика әртүрлі болып келетін және өз кезегінде сыйлық немесе тауар биржасы арқылы сипатталатын адамның бейнелеріне байланысты.

Жүктілік пен босану сыйлық немесе тауар болып табылатындығына қарамастан, ата-аналар мен суррогат аналар менің зерттеулерімде өзара қарым-қатынастарының шарттарын талқылады. Дегенмен, суррогат аналар өздерінің гестотианалды суррогат орталығына келіп, жақсы жалақыға келісуге тырысқандықтарын, коммерциялық суррогат ана болған кезде сыйлықпен алмасу принциптері сақталынатынына үміттенгендіктерін толықтай сипаттап берді. Олар бірнеше ай ішінде суррогат ана болу арқылы тапқан табыстарының жоғалтатындарын және олардың еңбек күш-жігерін көрсету үшін ешқандай нақты дәлел болмайтындықтарын білді.

Оның орнына олар орта таптың ата-аналарымен тұрақты түрде әлеуметтік қарым-қатынас орнатуды қалайды, өйткені олар осы желілерді қысқа мерзімді несиелер, жұмыс орындарына арналған ұсынымдар және экономикалық капиталға айналдырылуы мүмкін басқа да әлеуметтік тауарлар үшін қолданушы еді. Алайда, ата-аналары бір-біріне қайшы келмеді: ешқандай ақшалай қаражаттың суррогат аналардың күшімен келген балаға тең келмейтіні туралы куәландыратын рубриканы пайдаланғанына қарамастан, олар капиталистік қоғамда тұтынушылар сияқты әрекет етті. Осы жұмысшы табы Үшінші Дүние әйелдермен қарым-қатынасты сақтауға қызығушылық танытпады және олар транзакцияларды аяқтағаннан кейін

барлық байланыстарды қысқартты. Келісімшарттарына сәйкес, олар әділ және бейтарап қатысушылар болды, өйткені олар толық ақы төледі және одан көп нәрсе беруге міндетті емес.

Суррогаттық агенттіктер, бедеулікті емдейтін дәрігерлер және ата-аналар анық айтпаса да, олардың өзара әрекеттесуі және суррогат аналарға бейімділігі суррогатияны жалақы төленетін еңбек түрі ретінде қабылдайтындығын көрсетеді. Әртүрлі әлеуметтанушылар репродуктивтік еңбектің пайда болған формаларын сипаттау үшін «ана болу қызметі» және «өндіретін жатыр» сияқты ұғымдарды қолданады.

Бірақ нарыққа кірген кезде жүктілік пен босану еңбектің қандай түрі болып саналады? Бір қарағанда, суррогат ана болуды жыныстық жұмыс күшінің түрі ретінде қарастыруға болады, яғни ақы төленетін, тұлғаралық қатынастарды қолдаумен және басқарумен байланысты, табиғи тұрғыда реципиенттердің көмегін қалайтын және қажет ететін еңбек. Интимдік жұмысына суррогат ананың жұмысы секілді жұмысшылардың бүкіл денесі қатыспайды. Сексуалдық жұмыс бұған жақын болуы мүмкін, бірақ огенез және геодезиялық үрдістердің коммерциялық сюррегациясында пайда болатын in-vivo процестері орын алмайды, қосымша құн тудырады. Биологиялық, табиғи процестермен байланысты болғандықтан, суррогат ана болуды әйелдер дәрігерлерге және өзге де медицина қызметкеріне өз денесіне қол тигізуге мүмкіндік беретін, дене процестерін пайда табу үшін қолданатын клиникалық еңбек түрі деп сипаттауымызға болады.

Суррогат ана болуды клиникалық еңбек түрі деп түсіну тек қана гастация мен жүктіліктен түсетін артық пайданы сипаттамайды, сонымен қатар жалақы алу үшін әйелдердің орындаған биологиялық репродуктивтік еңбек заңдылығын қамтамасыз ету жолдарын легитимизациялауға мүмкіндік береді. Суррогат ана болу секілді дене коммодификациясының формаларын күрделендіру сөзсіз дұрыс емес нәрсе, бірақ әйелдердің еңбегі отбасылық салада және туыстық қарым-қатынастар аясында болған кездегі уақытқа ысырып қоюға болмайды. Суррогат ана болуды клиникалық еңбек ретінде қабылдаудың мәні өмірдегі келісімдердің тереңдігін бағалау және еңбекті ұйымдастыру мен бала қарайтын жұмысшылар, бастауыш мектеп мұғалімдері және медбикелер секілді өзге де репродуктивті жұмысшылармен одақ құруда. ■

Хаттарды Шармилла Рудраппаға <rudrappa@austin.utexas.edu> жолдауға болады.

> Үй қызметкерлерінің құқығын зерттеушілер желісі

Сабрина Марчетти, Венециядағы Ка'Фоскари Университеті, Италия және **Хелен Швенкен**, Оснабрук Университеті, Германия – ХЭҚ Миграция әлеуметтануы комитетінің (ЗК31) мүшесі және Еңбек қатынастары комитетінен (ЗК44) Мэри Голдсмит (Мексика), Сонал Шарма (Үндістан), Лиза-Мари Хеймшоф (Германия), Верна Виажар (Филиппин) және Оксана Балашова (Украина) қатысты.



Желінің Венециядағы кездесуі, Италия, 2017, маусым. Суретті түсірген Сабрина Марчетти мен Хелен Швенкен.

Үй қызметкерлерінің құқығын зерттеушілер желісі (RN-DWR) он жыл бойы қызмет жасап келеді, ақылы үй қызметі саласындағы мамандардың, ұйымдардың мүшелері және белсенді зерттеушілердің халықаралық желісі болып саналады.

> Жағдайы

Нақтырақ, соңғы он жылдықта әлеуметтік ғылымдарда күтім қызметі нарығындағы гендер, миграция және жаһандану сұрағы көпқызығушылық тудырды, көп ғалымдар ақылы үй қызметі бойынша ғылыми-зерттеу жобаларын жүргізуде, олар бұл жұмысты үй қызметкерлерімен және арнайы ұйымдармен бірлесе отырып жасап жатыр. Бұл зерттеулердің басым бөлігі бір-бірімен байланысты емес. Сондықтан, зерттеушілердің негізгі тобы Лайықты еңбек және даму халықаралық орталығы және Жаһандық еңбек университетімен (GLU), әртүрлі еуропалық және

халықаралық университеттердегі зерттеушілермен бірлесе отырып, 2009 жылы Үй қызметкерлерінің құқығы бойынша желіні құрды және [WIEGO](#), [Үй қызметкерлерінің халықаралық федерациясының](#) (IDWF), голландық FNV Bondgenoten кәсіподақтарының қолдауына ие болды. Бастау болған бұл топ тек ішкі жұмысты ғана зерттеп қана қоймай, азаматтармен олардың құқығын қорғау бойынша келісу керектігін мәлімдеді.

Бірден зерттеуші және белсенді ретінде бұл желінің негізін салғандар бірнеше рет Женева қаласында кездесіп, Халықаралық еңбек ұйымының №149/1992 конвенциясы бойынша келіссөзде жұмысшы топқа көмек көрсету бойынша анықтамалық зерттеулер жүргізді. Халықаралық еңбек ұйымында басқалар өзінің пікірін білдірді. Бірақ, бұл зерттеу емес, сұрақ қана болды. ХЕҰ тобында біз үй қызметкерлері бойынша зерттеушілермен жобалар, үй қызметкерлері бойынша зерттеулерді байланыстыру мәселесін қозғадық. Ұйымдасқан топтар арасында көп келіспеушіліктер болды:

>>

өзінің пайдасы үшін немесе зерттеу нәтижелеріне қарамастан олар көп уақытын сұқбатқа жұмсауға тұра келді; басқалары болса, бірқатар зерттеушілердің үй қызметкерлері туралы өмірбаянды зерттеулеріне қарсы шықты және нақты зерттеу жұмыстарын жасауға шақырды. Сол себепті бол топқа желі құрылған кезде барлық тараптар шақырылды.

Осыдан барып, Үй қызметкерлері бойынша желі 2011 жылы ХЕҰ Халықаралық еңбек конференциясында Женевада бастау алып, онда «Үй қызметкерлері үшін лайықты еңбек» атты №189 Конвенция талқыланды және қабылданды. Осылайша, осы конвенцияны орындауға қолдау білдіру және оны тарату бұл желінің негізгі міндетіне айналды.

> Мақсаттары

ҮйҚҚЖ мына принциптерді негізге ала отырып, зерттеулерді жүргізеді және басқарады:

- Үй қызметкерлерінің сапалы ұйымдасуы, олардың қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін маңызды, қажетті зерттеулер жүргізу.
- Үй қызметкерлерін біріктіретін ұйымдар, халықаралық бірлестіктер мен зерттеушілер арасында сенімді, коммуникативті байланысты дамыту.
- Зерттеу нәтижелерін тек академиялық аудитория үшін ғана емес, сонымен қатар үй қызметкерлері мен олардың ұйымдарына да қолжетімді ету.
- Осы саладағы мүдделі зерттеушілер арасында ортақ қауымдастық құрып, мүмкін болса, барлық географиялық аудандарға тарату.
- Зерттеу нәтижелерін шығару, тарату және ұсыну тек үй қызметкерлерінің еңбегін таныту және олардың құқығын қорғау мақсатында болуы қажет.

> Тәжірибелері

Жаһандық желінің негізгі міндеті зерттеушілердің халықаралық картасын құрып, оларды байланыстыратын негізгі принциптерді қолдап отыру. Осы мақсатта ҮйҚҚЖ ұйымдастырушылары 2011 жылдан бері үй қызметкерлеріне қатысты құқықтың өзгеруі және жергілікті жерлердегі өзгерістерді біріктіру үшін арнайы [ақпараттық бюллетень](#) шығарып, оны редакциялап отырады.

Шамамен жылына бір рет жаздың басында жаһандық желі арнайы конференция ұйымдастырып, сонда кездесу өткізеді немесе Халықаралық әлеуметтанушылар қауымдастығы ұйымдастыратын еңбек миграциясы конференциясына жиналады. Желінің мүшелері үй қызметкері құқықтарының

өңірлер бойынша өзгеруін, сонымен қатар қызықты зерттеулерімен және бірлескен жобаларды құру туралы пікірлермен бөліседі.

2014 жылы «Біз өз тарихымыздың бас батырлары болғымыз келеді» деген [әдебиетті жарияладық](#). Бұл әдебиет үй қызметкерлері мен зерттеушілер қалай бірлесіп, зерттеулер жүргізуге болатыны туралы жазылды (Kassel: Kassel University Press, тегін жүктеу). Бұл еңбек желінің үй қызметкерлерін әлеуметтік қолдау бойынша жүргізген бірлескен зерттеулерінің нәтижесі. Бұл жобада Оңтүстік Африка және Нидерланды үй қызметкерлері қарастырылды. Сонымен қатар, бұл еңбек үй қызметкерлерін біріктіретін ұйымдар үшін олардың жұмысын құжаттандыруға және кәсіби зерттеулермен байланыстыруға көмек құралы болады.

> Мәселелері

Осы саладағы белсенділер, зерттеушілер бұл қызмет жолын сәтті тәжірибеге бағалап, әлеуметтік маңызы бар зерттеулер жүргізуге мүмкіндік беретіні және жаһандық байланыста болуға, үй қызметкерлері мен олардың ұйымдарымен үздіксіз байланыста болуға мүмкіндік туғызғаны туралы айта береді. Дегенмен бірқатар мәселелер бар екені анық.

Он жылдық қызметінде желінің кейбір белсенді мүшелері (әзірге тек бір бөлігі ғана) басқа зерттеу орталықтарына ауысты немесе олар белсенді зерттеу жүргізе алатын ұйымдар мен университеттерден шығып жатты. Сонымен қатар ХЕҰ №189 конвенциясын дайындау, ұйымдастыру кезіндегі импульстің жоғалғаны тағы бар, зерттеулер мен белсенділіктің қайтадан бәсеңдеп, бұл сұраққа қатысты қоғамдық қызығушылық, энтузиазм төмен екендігін көрсетті. Желінің принциптерін қабылдай отырып, біз зерттеу бағдарламасын дайындау барысында үй қызметкерлері ұйымдарымен бірігіп жұмыс істеуіміз, сонымен қатар олар үшін зерттеу нәтижелерінің қолжетімді болуын қамтамасыз етуді үздіксіз, жүйелі түрде жалғастыруымыз қажет. Желідегі зерттеушілер әдетте өз жобаларын университетте жүргізіп, оны кейінірек дәстүрлі, арнайы академиялық ортада ұсынып, бағалау бойынша қиындықтардың бар екендігін айтады. Тағы бір жағдай желінің жаһандық картасында мәселелер көп және өңірлер бойынша таралымы біркелкі емес. Дегенмен, мәселелер мен қиындықтарға қарамастан біз ұйымдастырған желі ішіндегі байланыстар мүшелер арасында жоғары бағаланады – күнделікті зерттеу тәжірибемізде осындай желінің болуы онсыз да дұрыс ұйымдаспаған белсенділердің бірігіп, зерттеулер жүргізуге фокус болуға мүмкіндік жасап отыр. ■

Қосымша ақпарат алу үшін [Facebook](#)-тегі [блогты](#) немесе бізді шолып, қараңыз.

¹ Сілтеме үшін біздің [блог](#) пен [ақпараттық бюллетенді](#) қараңыз.
Хатты Сабрина Марчеттиге <sabrina.marchetti@unive.it>
және Хелен Швенкенге <hschwenken@uni-osnabrueck.de> жолдауға болады.

> Резонанс идеясы — әлеуметтанулық тұжырымдама

Хартмут Роза, Йен университеті, Германия



Жылдамырақ және үлкенірек мұратқа
айналғанда оқшаулану тереңдей түседі.

Әлемдегі болмыстың оқшауланбаған формасы деген не? Оқшаулану деген не? Ұсынылып отырған жұмыс резонанс концепциясын әлеуметтанулық тұжырым ретінде қарастыра отырып, осы сұраққа жауап беруге тырысады.

Оқшаулану – реакциясыз, яғни мәнді ішкі байланысы жоқ заттар әлемімен, адамдармен және өзіңмен байланысты ерекше тәртіп екенін жария еткім келеді. Бұл – шынайы қатынастарсыз қатынас. Бұл жүйеде,

>>

“Резонанс өзіміздің қатысты болуымызды және тіпті болжанбаған әрі бақыланбайтын әдіспен өзгеруді қалайтынымызды концептуалды тұрғыдан растайды.”

сөзсіз, каузалды және құралдық байланыстар мен өзараықпалдастық бар, дегенмен әлемді (бүкіл өзіне тән қасиеттерімен) субъект иелене алмайды, оны «сөйлете» алмайды, ол түссіз және үнсіз сияқты. Осылайша, оқшаулану – шынайы, қозғалыстағы айырбас пен байланыстан ада қатынас: екеуі де «кейінге қалдырылған» немесе нақты хаостағы және бір-біріне жиіркенішті тыныш және қоңыр тіршілік пен жансыз «құрғақ» субъекті арасындағы қатынас. Олай болса, оқшаулану жағдайында мен және әлем түбегейлі мәнсіз немесе тіпті дұшпандық сипаттағы байланыста сияқты көрінеді.

Оқшауланудың шынайы мәні біз балама туралы ойлай бастаған кезде түсініктірек бола түсетіні – қызық. Оқшауланудың кереғарлығы – субъектінің адамдармен, орындармен, объектімен және т.б. түйісетін, орын ауыстыратын немесе бағытталатын сияқты сезімімен байланысты тоғысатын әлемге қатысты тәсіл. Феноменологиялық тұрғыдан айтсақ, біз біреудің көзқарасы немесе дауысы, өзіміз тыңдап отырған әуен, оқып отырған кітап немесе тап қазір тұрған орнымыз арқылы түйісіп отырғанымызды білеміз.

Осылайша, бірдеңені сезіну қабілеті және, өз кезегінде, бізге ықпал ететін әлемнің бір бөлігіне деген қызығушылығымызды дамыту әлеммен қатынас жасаудың кез келген позитивті әдістің басты элементі. Сонымен қатар психологтар мен психиатрлардың айтқанынан білетініміздей, қызығушылықтың болмауы – депрессия мен әлсіздіктің басым формаларының негізгі себептері. Соған қарамастан оқшауланудан тек қызығушылық ғана құтқара алмайды.

Мәселеге «жауап» беру қабілеті – қосымша талаптың бірі: жоғарыда суреттелген жағдайды сезінгенде біз дененің тітіркенуі, жүректің жиі соғуы, қан қысымы, терінің қызаруы және т.б. табиғи сипаттағы ахуалда боламыз. Басқаға<–телінудің осы қосарланған қозғалысын (бізді іштей мазалайтын) мен резонанс деп атағым келеді және осы негізде э→моциялардың (жауап беру арқылы қабылдаймыз және осылайша байланыс орнатамыз) үнемі және даусыз тәндік іргетасы бар.

Бірақ біз беретін жауаптың психологиялық, әлеуметтік және когнитивті жағы бар екені даусыз; ішкі немесе сыртқы реакцияларымыздың көмегімен байланыс орнату үшін мәселеге жауап бере алатындай қол

жеткізген тәжірибемізге негізделген. Тап осы реакцияда иемдену процесі пайда болады. Біз осындай резонансты, мысалы махаббат немесе достық қатынасында, сондай-ақ шынайы екеуара қатынаста, сонымен қатар саз аспабында ойнаған кезде, спортта, жұмыс орнында да өте жиі сезінеміз. Қабылдаушы, сонымен қатар белсенді байланыс өзің мен әлемнің прогресшіл трансформациясы процесіне жетелейді.

Осылайша, резонанс тек ғана жанасу немесе ықпал ету тәжірибесіне негізделген емес, сонымен қатар өзіндік тиімді деп атауымызға болатын қабылдаумен байланысты. Әлеуметтік тұрғыда өзіндік тиімділік, біз шындығында қол жеткізіп және басқаларға ықпал ететін және олар шындығында бізді тыңдайтын және бізбен байланыста, сондай-ақ өз кезегінде бізге жауап беретінін сезінген кезде көрініс табады.

Алайда, өзіндік тиімділік, әрине, футбол немесе пианино ойнағанда, күресе отырып мәтін (ол, әлбетте, өзі туралы мәлімет береді) жазғанда, және тіпті мұхиттың жағалаудағы бекетінде тұрып бірін-бірі қуалаған толқынмен, сумен және желмен «түйіскенімізде» сынақтан өтуі мүмкін. Тек осы қабылдаушы жақындық пен мейірбан өзіндік тиімділік тәртібінде ғана тиісінше сипатта байланысқан табиғилық пен әлем бар, соқтығысу екі тарапты да өзгертеді, субъекті мен әлем осыны басынан өткізеді.

Әрине, бұл тұжырым тудыратын аталмыш мәселе неде десек, ол – субъект скрипкамен немесе мұхитпен кездескенде әжептәуір өзгереді, бірақ соңғылар өзгере қоймас деген уәждің ойламаған жерден пайда бола қалатыны. Осы дәлел негізінен реакция жасау қабілеті тек адамдарға ғана тән деген «асимметриялық антропология» сияқты аса қарапайым эпистемологияға мүмкін тәуелді, біз қабылдаған әлемдегі осы сияқты кездесулердің (скрипка немесе мұхитпен) ықпалы туралы дауласу қиын.

«Осы кітапты оқығаннан кейін» немесе «осы әуенді тыңдағаннан кейін» немесе «осы топпен кездескеннен кейін» немесе «осы тауға шыққаннан кейін», «Мен басқа адам болдым» деген сияқты тұжырымдар барлық автобиографиялық жазбалардың, мысалы, сұқбаттардың стандартты бөліктеріне айналуы осы тәрізді резонанстардың идентификацияның қалыптасуындағы маңызды элементтер болып табылатынын түсінуге

болады. Бұл жерде резонанстың трансформациялық тиімділігі субъектінің бақылауына бағынбайтынын байқау маңызды: бізді бірнәрсесі мазалаған кезде, оның нәтижесінде қалай өзгеретінімізді ешқашан білмейміз және алдын ала болжай алмаймыз.

Сонымен, оқшауланған базбіреу төрт маңызды элемент арқылы айқындалады: біріншіден, шынымен қатысты немесе орын ауыстыру тәжірибесі мағынасында басқаға<–телінуі; екіншіден, э–>моциялар – мейірбан өзіндік тиімділік тәжірибесі (таза құралдықтан айырмашылығы); үшіншіден, оның өзгертуші сапасы; және төртіншіден, болжанбайтын, яғни бақыланбайтын немесе қауіпті өзіндік сәт арқылы.

Резонансты ешқашан құралдық тұрғыда жәй орната алмаймыз немесе оны өз қалауымызбен келтіре алмаймыз; ол барлық кезде қолға ұстатпайды. Басқаша айтар болсақ, «үндеуді естіп» тұрып, біз өз еркімізге бағынып, бақылай алмаймыз. Бұл бір жағынан резонанстың жаңғырық еместігімен байланысты – бірақ ол күшеюі мүмкін немесе өзін сенімді сезінуі мүмкін деген сөз емес, дегенмен біздікінен ерекше өзіндік дауысы немесе әдісінен хабардар ететін біздің бақылауымыздан тыс, сондықтан біз үшін «бөтен» болып қалатын базбір нақты «басқамен» кездесуді болжайды.

Чарльз Тейлордың түсінігіне сәйкес «басқа» тіпті «мықты қамқорлықтың» қайнар көзі ретінде қабылдану керек: осы басқада (ол адам, сонымен қатар, мысалы, музыкалық шығарма, тау немесе тарихи оқиға болуы мүмкін) біз оны тыңдағымыз келе ме немесе жоқ па, бізді «торына түсіргенін» шынымен сезіне алуымызға және түйсіне алатынымызға қатыссыз, бізге бірдеңе айтқысы келген немесе үйреткісі келгендіктен маңызды бірдеңе бар екенін тек сезген кезде ғана. Олай болса, резонанс өзіңнен де асып түсетін сәтті сөзсіз талап етеді. Дегенмен, ол бізде нақты таным концепциясы немесе осы басқаның бастапқы тәжірибесі болуын талап етпейді. Тіпті бізге жат тәрізді бірдеңенің төтенше әсеріне ұшырап, таң қалуымыз мүмкін.

Сондықтан резонанс, әрине, жәй ғана үндестік немесе гармония емес; керісінше, ерекшеліктерді талап ететін, кейде тіпті нақты қақтығысқа алып келетін оппозициялар мен карама-қарсылықтар. Осылайша, үйлесім мен келісімдегі әлемде ешқандай резонанс болмаған болар еді, себебі біз «басқаның» даусын – және, тиісінше өз дауысымыздың шарықтауы мен өткірлігін айыра алмас едік. Соған карамастан, тек диссонанс пен конфликт ғана бар әлем резонансты сезінуге мүмкіндік бермейді: ондай әлем тек итеруші ретінде қабылданады.

Қысқаша айтсақ, резонанс өзіндік алмасу арқылы қабылдау және нәтижесі прогресшіл, өзара трансформациялар мен адаптацияға алып келетін

ықпал етуші қатынастар мүмкіндігін тудыратын айырмашылықты талап етеді. Демек, резонанс – үндесу мен қайтарымсыз диссонанстың арасындағы шарт. Осыған байланысты мен тұжырымның бірегейлікке негізделген теориялар мен философиялар және өзгешеліктерге басымдық беретін концепцияларға тән дәстүрлі текетіреті жоюдың кілті деген сенімдемін. Резонанс бірегейлікті талап етпейді, керісінше айырмашылықты трансформациялық иемденуді қолдайды.

Резонанстың теңсіздігі және бір сәттік сипаты оны толығымен кездейсоқ және болжанбаған дегенді білдірмейді. Нақты тәжірибені ешқашан толық бақылау және болжауға болмайтындықтан, бұл жерде әлеуметтік жағдайларға тәуелді екі элемент бар және олар тиісінше резонансты әлеуметтік сын құралы ретінде қолданылуы мүмкін концепцияға айналдырады. Біріншіден, субъектілер әдетте резонансты оның бөлек «осьтері» бойынша жеке және ұжымдық сынақтан өткізеді.

Сонымен, біреулер үшін музыка барлық кезде олар концерт залына, операға немесе фестиваль алаңына барғанда тәжірибе алатын жақсы мүмкіндік беретін осьті қамтамасыз етеді. Басқа біреулер үшін ол музей, кітапхана немесе ғибадатхана, орман немесе жағалау болуы мүмкін. Тіпті біз резонанстың сенімді осі сияқты нәрсені қамтамасыз ететін әлеуметтік қатынастарды да қалыптастырамыз – өз нақсүйерлерімізбен, балаларымызбен немесе достарымызбен, кездескенде аса құлықты болмасақ та, біле тұра резонанс сәттерді күтуіміз мүмкін.

Еңбек әлеуметтануының дәлелдерінен білетініміздей, тап осылай өте көптеген адамдар жұмыс орындарындағы әріптестерімен ғана емес, сонымен қатар жұмыспен, өздері жұмыс істейтін және өздері күресетін материалдар мен тапсырмалармен де резонанстың интенсивті қатынастарын дамытады. Міне осылай, қамыр, шаштың шаштаразға, ағаштың ұстаға, өсімдіктің бағбанға немесе мәтіннің жазушыға иліккені сияқты, наубайшының «илеуіне көнеді». Осы жағдайлардың бәрінен біз өзіндік тиімділік, карама-қайшылық, иемдену, сонымен қатар өзара өзгеріске түсу тәжірибелерін сіңірген шынайы екіжақты байланысты табамыз.

Осы осьтерді зерттеген кезімізде жүйелі түрде резонанстың үш әртүрлі өлшемін байқаймыз: резонанстың әлеуметтік, материалдық және экзистенциялық өлшемдері. Әлеуметтік осьтер – бізді басқа адамдарға қосатын және солармен біріктіретіндер. Заманауи қоғамдардың басым бөлігінде махаббат, достық, сонымен бірге демократиялық азаматтық резонанстық қатынастардың осы түріне жатады.

Материалдық осьтер – белгілі бір табиғи немесе қолдан жасалған өнер туындылары, бойтұмарлар, жұмысқа

қолданатын немесе спортпен айналысқанда қолданатын құрал-саймандар мен материалдармен орнататын байланысымыз. Карл Ясперс, Уильям Джеймс пен Мартин Бубер сияқты философтармен бірге мен де адами субъектілер өздерін біріктіретін және өмірмен немесе тіршілікпен немесе жалпы әлеммен байланыстыратын экзистенциялық «резонанс осьтерін» іздейді және табады деп есептеймін. Осы авторлар діни сенімге не жетелейтінін, сол нәрсенің діни сенімге алып келетінін және не нәрсе бірінші кезекте дінді ақиқатқа айналдыратынын сенімді көрсетуге тырысты. Інжілдің, немесе Құранның, немесе Упанишадтың басты идеясы – өміріміздің, пенделігіміздің негізінде үнсіз де немқұрайлы да емес немесе әлемдік, өлі материяны немесе көрсоқыр тетіктерді білдіретін нәрсе жоқ, бірақ резонанс пен реакция процесі бар. Әрине, діни ойдан тәуелсіз басқа да экзистенциялық резонанс осьтері бар. Табиғат соңғы және бәрін қамтитын, сонымен қатар үн қатушы нақтылық деп танылады. Табиғат үніне құлақ асу идеалистік философияның ғана идеясы емес, күнделікті толып жатырған рутина мен тәжірибелерде де кездеседі. Осындай таңқаларлық әдіспен өнер мен музыка да тұтынушыға ұқсас ось ұсынады. Кез келген жағдайда резонанс жағымды, үйлесімді болуы міндетті емес, сонымен қатар ол әжептәуір кобальд да туғызуы мүмкін.

Енді мен осындай резонанстың нақты осьтері антропологиялық тұрғыдан жоқ, көп жағдайда олар – мәдени және тарихи құрылғылар, осындай осьтерді жасау субъектілер резонанс тәжірибесін ашуға бейім болатын контекстерді қамтамасыз ететін жақсы өмір үшін өте қажетті. Дислокациялық резонанс жағдайына өту үшін өзінді қауіпке итермелейтін тәуекелге бел буу қажет. Бұл өзіміздің бірдеңеге қатысты болғымыз келетінімізді және болжанбайтын және бақыланбайтын әдіспен өзгергіміз келетінін концептуалды тұрғыда көрсетеді. Демек, қорыққанда немесе күйзелісте немесе күрес барысында немесе белгілі бір нәтижеге жетуге құлшынғанда резонанс іздемейміз немесе оны күтпейміз; керісінше, ол қауіпті және зиян болуы мүмкін. Осыны ескере отырып, үнемі диспозициялық резонанс жағдайын талап етуіміз ақымақтық болатыны айдан анық. Тек заманауи ғылым мен техниканы ғана емес, сонымен қатар нақты көрсетілген үш өлшемде адами резонанс үшін қажетті өмір формасын қамтамасыз ету және қорғау, сөзсіз – мәдени жетістік, ол – жағдайдан шығу, әлемнен алшақтау, оған қатысты анық, құралдық, талдау позициясын ұстану.

Біздің құралнамамыздағы осы концепциямен үстем әлеуметтік алғышарттарды сынауда сын әлеуметтануының критерийі ретінде резонансты қолдануды бастай аламыз деп санаймын. Оның негізгі өзегін жақсы өмір үшін барлық үш өлшемдегі сенімді және өміршең осьтер қажет деген ой құрайды. Егер субъект оған болмыстың резонанстық әдісін, яғни экзистенциялық сезімталдық пен байланысты итеративті және кезеңмен игеруге мүмкіндік беретін резонанстың әлеуметтік, материалдық және экзистенциялық осьтерін тауып және сақтай алса, оның өмірі жақсы болады деп тұжырымдаймын. Сонымен, осьтердің ахуалы және резонанс диспозициясының жағдайы құрылымдық немесе жүйелі бұзылса, жақсы өмір мүмкіндігі қауіпті жағдайда.

Әлеуметтік құрылымды және институттық статус-квоны қайта жаңғырту үшін үзіліссіз өсімді, жеделдетуді және инновацияларды талап ететін динамикалық тұрақтандырудың басым институттық тәртібі субъектілерді «диспозициядан оқшаулануға» итермелегендіктен осындай жүйелі іркіліс тенденциясы мен әлеуетін көрсететіні даусыз: олар өз ресурстарын арттыру және қамтамасыз ету, оларды жабықтауды жеделдету және тиімді ету үшін объектілер мен пәндерге қатысты құралдық тәсілді заттандыруға мәжбүр. Бәсекенің бәрін қамтитын қисын, айталық, резонанс тәртібіне көшу мүмкіндігіне кедергі болады – біз бір сәтте бәсекеде және резонанста бола алмаймыз. Сонымен қатар эмпатия мен неврологиялық зерттеулерден білетініміздей, қан қысымының уақытша көтерілуі резонанстың нақты сенімді превенторы болып табылады. Егер бойымызда үрей болса, әрине, бұл – дұрыс. Үрей кедергілерді құруға бастайды және бізді «әлемге» тиіспеуге тырысатын жағдайға ауыстырып, ақыл есімізді жауып тастайды. Сондықтан резонанс шарттары өзара сенім мен өжеттікті талап етеді; және бұл контекстер өз кезегінде негізгі шарт ретінде уақыт пен тұрақтылықты қалайды. Ең ақырында, жұмыстың соңғы заманауи жағдайын анықтайтын, олардың тиімділігі мен ашықтығын қамтамасыз ететін процестер мен нәтижелер және оларды толық бақылауға талпынған жалмаңдаған бюрократиялық әрекеттер резонанс қатынастары үшін өзекті, себебі оның болжанбайтын және өзгертуші әлеуетімен үйлеспейді. Сондықтан, резонанс шарттарын мұқият қарастырған жөн. ■

Хаттарды Роза Хартмутқа <hartmut.rosa@uni-jena.de> жолдауға болады.

> Балкандануға қарсы

ынтымақтастық әлеуметтануы

Жасминка Лазнякпен бірге сұхбат



Жасминка Лазняк ғылым әлеуметтануы (әлеуметтік ғылымдар) мен технология, инновацияның әлеуметтік аспектілері және инновациялық саясат, экономикалық әлеуметтану, еңбек әлеуметтануы және басқа да салаларда танымал. Ол – Хорватияның Загреб университетінде әлеуметтану кафедрасында Әлеуметтану профессоры және Хорватиялық әлеуметтанушылар қауымдастығының (ХӘҚ) қазіргі президенті. Оның Жадранка Шварчпен (Jadranka Švarc) бірлесіп жазған ең соңғы кітабы Кландық Капитализмдегі инновациялық мәдениет. Хофстедтің моделі жарамды ма? (*Innovation Culture in Crony Capitalism. Does Hofstede's Model Matter?*) (2017). Бұл сұхбат танымал әлеуметтанушылармен әңгімелесу арқылы халықаралық және ұлттық әлеуметтанудың байланысын зерттеуге бағытталған ықпалды әлеуметтік теория бойынша жобаның бөлігі болып табылады. Сұхбатты Косовоның Приштины университетінің әлеуметтану магистрі, Халықаралық әлеуметтанушылар қауымдастығы – Жас әлеуметтанушылар қауымдастығының мүшесі Лабинот Кунушевчи өткізді.

| Жасминка Лазняк.

Л.К.: *Өзіңіздің Загреб университеті мен Хорватиялық әлеуметтанушылар қауымдастығындағы (ХӘҚ) тәжірибеңіз туралы не айтар едіңіз?*

Ж.Л.: Соңғы бірнеше жыл ішінде кәсіби қауымдастықтардың мәртебесі құқықтық реттеу мен кейбір қаржылық шектеулер тұрғысынан өзгергенімен, Хорватиялық әлеуметтанушылар қауымдастығының (ХӘҚ) қызметі соңғы онжылдықта өсті. ХӘҚ 1959 жылы 50-ге жуық мүшесімен құрылған. Бүгінгі күні бізде 200-ден астам адам бар.

Қауымдастық әлеуметтануды мамандық және пән ретінде ынталандыру, дамыту және қорғау жөніндегі өз миссиясын жалғастыруда. ХӘҚ өз мүшелерінің тек ерікті жұмысына сүйенеді және біздің қауымдастығымызға академиядан тыс

көп әлеуметтанушыларды қосқым келеді; соңғы зерттеулерге сәйкес, әлеуметтану мамандығын тамамдағандардың жартысы зерттеу және білім беру саласындағы әлеуметтанулық жұмыс орындарынан тыс жерді жұмыс істейді.

Л.К.: *Хорватия әлеуметтануының дамуы бағытында бағдарламалар, оқу бағдарламалары мен парадигмалар қалай жұмыс істейді? Университет пен еңбек нарығы арасындағы қарым-қатынас қандай?*

Ж.Л.: Хорват әлеуметтануы социалистік дәуірдегі марксизмнің басымдығына қарамастан бір парадигмаға негізделген жоқ. Алғашқы әлеуметтану кафедрасын 1963 жылы Загреб университетінде профессор Руди Супек құрды, ол әлеуметтануды праксис философиясына енгізілген сыни

>>

тұрғыда ойлайтын эмпириялық және теориялық пән ретінде қарастырды. Осы дәстүрге және сыни ойлау өзінің шарықтап тұрған шағына қарамастан, кейбір әлеуметтанушылар өз еңбектерінде құрылымдық – функциялық, Чикаго мектебі немесе символдық интеракция сынды басқа парадигмаларға сүйенді. Мультипарадигмалық сипаты тұрғысынан заманауи хорватиялық әлеуметтануы әлемдік әлеуметтанудың бейнесі болып табылады. Хорватияда әлеуметтану кафедраларының саны бесеу, сондықтан олардың әрқайсысы нақты пәндерді, концептілер мен әдіснамаларды дайындауға/дамытып отыруға тырысады. Әлеуметтану басқа да көптеген пәндер сияқты жаңа технологиялар мен жаңа мамандықтар проблемаларымен бетпе-бет келді. Мен әлеуметтану пән ретінде «үлкен сурет» перспективасын, сенімді жалпы білім және әдіснамалық/статистикалық дағдыларды қамтамасыз ету арқылы әлеуметтанулық мамандықты еңбек нарығында өте жоғары орналастыру мүмкіндігіне ие деп ойлаймын. Хорватиядағы әлеуметтануды тамамдаған түлектер арасындағы жұмыссыздық деңгейінің төмендігі және үкіметтік емес ұйымдар секторынан жергілікті билік органдарына дейін дәстүрлі әлеуметтанулық жұмыс орындарының ауқымының кеңдігі – менің сөзімнің дәлелі.

Л.К.: Қоғамдық әлеуметтану барған сайын маңызды орын алуда. Оның Хорватиядағы жағдайы мен аймақтық ынтымақтастықтағы мүмкіндігі туралы не айтар едіңіз?

Ж.Л.: Қоғамдық әлеуметтану Хорватияда қоғамдық академиялық емес аудиториялармен диалог үшін қалыптастырылған әлеуметтану түрі және әлеуметтанудың негізгі міндеттерінің бірі ретінде кеңінен қабылданады. Мұндай институттанған және кеңінен тараған перспективаға деген ұмтылыс қоғамдық әлеуметтанудың мемлекеттік саясатқа бағытталған әлеуметтанумен қалай байланысты екенін талқылайды. Бұл – бір-бірін толықтыратын және бір-бірін нығайтатын әлеуметтанудың өте маңызды бөліктері. Әлеуметтанулық сараптама – саясатты талдаудың қажетті бөлігі. Біз саяси әлеуметтанудағы қажет дағдыларды дамыту үшін оқу бағдарламаларын жетілдіруіміз керек, бұл өз кезегінде, өңірлік ынтымақтастықты одан әрі дамытуға ықпал етеді.

Л.К.: Сіз «Негізгі бағдарламалар аясында Батыс Балқан елдері мен Түркияның интеграциясы: кейбір эмпириялық дәлелдер» атты Жадранка Швенк және Юря Перковичпен дайындаған мақалаңызда Еуропалық Одақтың Негізгі Бағдарламаларындағы Батыс Балқан елдері мен Түркия арасындағы ынтымақтастықтың кедергілері туралы айтқан едіңіз. Қазір қандай нәтижелері мен жаңа жетістіктері бар?

Ж.Л.: Менің білуімше, соңғы онжылдықта Косово үлкен прогреске қол жеткізді, бірақ зерттеу инфрақұрылымы әлі де қанағаттанарлық емес. Біздің зерттеуіміз көрсеткендей, Батыс Балқан елдеріндегі кедергілер Еуропалық Одақтың зерттеу қауымдастығына ұқсас, бірақ олар Батыс Балқан елдері үшін күрделірек және оларды жеңу қиындау. Зерттеу саласына үлкен инвестиция тартпай инфрақұрылымның елеулі жақсаруы мен халықаралық зерттеу және инновациялық ынтымақтастық

жүзеге асуы мүмкін емес. Ұлттық ғылыми саясаткерлер халықаралық зерттеу және инновациялық жобаларға қатысу үшін жеке зерттеушілер мен ғылыми-зерттеу институттарын ынталандыру шараларын жасауы керек. Зерттеу саласындағы ынтымақтастық пен зерттеушілердің ұтқырлығын арнайы ынталандыру шараларымен қызықтыру қажет. Сонымен қатар, білім беру зерттеумен тығыз байланыста болуы тиіс.

Ғылыми-зерттеу институттарының потенциалын дамытуға/арттыруға арнайы көңіл бөліну қажет. Жүргізілген зерттеулерге сәйкес, зерттеушілер өздерінің мекемелерінің көмегімен және басшылығының жасап отырған жұмысымен салыстырмалы түрде қанағаттанғандығын көрсеткенімен, алайда мұндай қанағатшылық олардың қандай қосымша көмек ала алатындығы туралы хабарсыздығымен байланысты болуы мүмкін. Делдалдардың жүйесін, яғни зерттеушілер/институттар мен Еуропалық Одақ әкімшілігі арасындағы интерфейс ретінде әрекет ете алатын ірі институттарда, университеттерде немесе мүдделі тараптардың консорциумдарында орналасқан кеңесшілер немесе ғылыми жетекшілер желісін құру пайдалы болар еді.

Л.К.: Аймақта тұрақсыздық қаупіне қарсы төтен бере алатын қандай стратегия ұсынасыз?

Ж.Л.: Бұл қиын мәселе. Біздің өңіріміз әрқашан жергілікті, ұлттық және этникалық қақтығыстардан бастап, бүкіл әлемге қауіп төндіретін қауіп-қатерлерге, сондай-ақ шамасы біз құтыла алмайтын – көші-қон дағдарысы мен әлемдік лаңкестік сынды қатерге ұшырап отырды. Шағын көршілес елдер жалпы мәселеге қатысты «ортақ ойда» болса, дағдарысты еңсеру әрдайым оңай болар еді. Айырмашылықтарға қарамастан ынтымақтастық және ашық диалог құра білу – жалпыға ортақ мәселелерді шешудің ең жақсы жолы. Әрине, айту оңай, бірақ әзірге басқа жолын көріп тұрған жоқпын. Тұтас өңірдің экономикалық өркендеуі қамтамасыз етілсе ғана бізде ынтымақтастық үшін жақсы ортақ негіз бола алады. Бұл үшін ашық шекаралар мен еркін байланыс қажет.

Л.К.: Шын мәнінде, Косово дағдарысының шешімін табу үшін маңызды саяси, дипломатиялық, әскери күштерге, сонымен қатар көптеген халықаралық институттарға жаһандық міндеттеме болды. Аймақтағы қате түсінік пен бақталастық күйі орнап тұрғандығын, сондай-ақ Ұлы державалардың геосаяси есептерін ескере отырып, Косово және басқа да Балқан елдерінің өмір сүру мүмкіндіктерін қалай бағалайсыз?

Ж.Л.: Мен Косово бойынша сарапшы емеспін және іс жүзінде қазіргі мәселелер туралы аз білемін. Жалпы алғанда өзім Балқандағы «тарихтың тым көп екендігі» туралы мәлімдемемен келісемін және бұл ауыртпалықты біз оңай жоққа шығара алмаймыз. Косово бұрынғы Югославияның ең нашар дамыған автономды аймағынан пайда болған ең жас мемлекет ретінде кеш модернизация мен өтпелі кезеңнің көптеген қиындықтарына тап болды. Бұл оны халықаралық қаржы институттарына және ұлы державаларға одан да бетер тәуелді етеді.

Еуропалық Одақтың қазіргі дағдарысы оның барлық Балқан елдеріне әрекетін тоқтатып отыр, ал бұл, өз кезегінде, аймаққа біраз тұрақтылық әкелер еді. Қате түсінік/бұралқылық пен бақталастық біздің саяси билікке ұмтылған жемқор саяси элитамыздың қолындағы құрал болып отыр. Халқының жартысынан көбі жас және жұмыссыздық деңгейі шамадан тыс жоғары Косово үшін күрделі құрылымдық өзгерістер болмаса, оның созылмалы дағдарысқа ұшырайтындығы анық. Студенттердің өзіндік ойлау қабілетін дамыту мақсатында жоғары білім беруді күшейту – бұл процестегі ең маңызды шара. Әйтпесе, біздің аймақтағы мыңжылдық ұрпақ үшін өздерінің ата-аналарының, тіпті ата-әжелерінің дәуірінен де артық ұлтшылдық, этноцентризм және тоталитаризм құрсағында қалу қаупі бар. Әлеуметтану теориясы мен зерттеулер біздің аймақтағы сенім мен ынтымақтастықты дамытуға, балканизация үрдісіне қарсы тұруға көмектеседі.

Л.К.: Капитализмнің кеңеюімен әлемнің түрлі бөліктеріндегі азаматтар басқа үкіметтік жүйелерге қайта оралғысы келуі мүмкін деген қауіп бар ма? Жауапкершіліксіз капитализм бұрынғыдан көбірек әлеуметтік әділетсіздікті өмірге әкелгендіктен, ол терең құрылымдық дағдарыс болып отыр. Бұл әсіресе саяси табы коммунизмнің құлдырауынан кейін келген, басым бөлігі жемқор саяси элитадан тұратын және заң үстемдігі институттарының құлдырауы орын алған Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Еуропада әбден анық байқалады. Сіз бұған қандай түсінікте мен ұсыныстар берер едіңіз?

Ж.Л.: Өкілдік демократия әлемдегі халықтың өсіп келе жатқан сегменті арқылы өзінің даулы фазасын кешуде. Көпшілік тікелей демократия мен балама басқару үлгілері мәселенің шешімі деп көреді, алайда олар шешім қабылдау үдерістерін демократияландыруда және ауқымды мәселелерге қоғамдық әсер етуде күтіп отырғандай жағымды өзгеріс әкелмеді.

Өтпелі кезеңдегі қоғамдардағы демократияландыру процесі көптеген азаматтардың көңілін қалдырды. Бұл проблемалардың жауабын, бір жағынан, тікелей демократияны жақтайтын қозғалыстардан, екінші жағынан, әртүрлі популистік қозғалыстардан ала аламыз. Осы уақытқа дейін бұл қозғалыстар кландық капитализмді аймақта қатерге ұшырауы мүмкін деп ойламады.

Демократияның тапшылығы қаржы секторының күші мен жемқор саяси элитаға шектеу қоя алмайтындығынан көрінеді. Социализмнен либералды демократияға көшу Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Еуропада либералдық нарықтық үлгіден бастап капитализмнің әлеуметтік-корпоративтікке дейінгі әртүрлі үлгілерін алып келді. Соғыспен қатар, біздің аймақ саяси капитализмнің бір немесе басқа түрінің дамуынан құтыла алмады, бұл өз кезегінде қазір аймақтың барлық елдерінде үстемдік орнатуы мүмкін. Жаһандық деңгейде өңірде әлеуметтік теңсіздік сонша көп болмаса да, бірақ шағын ауқатты элита мен кедей орта тап арасындағы алшақтық кеңеюде. Менің ойымша, саяси саладағы жемқорлыққа шыдамдық танытпау саясаты,

сот жүйесінің тәуелсіздігі мен жұмыспен қамтудың жаңа экономикалық үлгілері кез- келген оң қадам үшін қажет.

Л.К.: Британдық әлеуметтанушы Энтони Гидденспен өткізген сұхбатта, ол Еуропалық Одақ өзінің эволюциясының ерекше қиын кезеңін басынан кешіп жатқанын және кейбір мүше-елдердегі азаматтар арасында Еуропалық Одаққа сенімнің күрт төмендеуін айтты. Еуропалық және жаһандық дағдарыстардағы Косовоның және Хорватияның позициясын қалай түсінуге болады?

Ж.Л.: Мен ешқашан Еуроскептик болған емеспін, дегенмен Еуро- бюрократтардың қолында Еуропада туындаған мәселелерді шешудің дұрыс және дереу жолдары жоқ екені анық. Брюссель мен ЕуроОдақтың институттанған билігі арасындағы сәйкессіздік, сондай-ақ кешіктірілген және нашар саясат үшін жауапкершіліктің төмен деңгейі Еуропалық Одақтағы сенімнің төмендеуіне әкелді. Бұны өзгерту керек. Еуро дағдарыс – реттелмеген ақша-несие және фискалдық саясаттың нәтижесі. Еуроаймақтағы еңбек, капитал мен тауарлардың ортақ нарығы осындай түрлі келісімдермен қызмет ете алмайды.

Л.К.: Гидденс сондай-ақ, Еуроодақтың прогресі ғана Балқан елдерінің проблемаларын шеше алатындығын айтып кетті. Ол Сербияның Хорватияны Одақтың мүшесі ретінде ұстануы керек екенін - бұл жердегі негізгі мәселе дей отырып, бұл процесс Косовоның мүше болуына жол ашады деп үміттенді. Менің сұрағым: Косово тек қана он жыл бұрын тәуелсіз болған кішкентай ел болғандықтан, ол әлі күнге дейін көп қиындықтарға тап болып отыр, әсіресе визаны либерализациялау және Еуроодаққа интеграциялану процесі. Бұл изоляция біздің еркін қозғалысымызды, басқа еуропалық елдермен және мәдениеттермен байланысымызды, еуропалық жұмыс орындарына қол жеткізуді және еуропалық нарықта танылуымызды шектейді, ал біздің халықтың 60% – 25 жасқа толмаған азаматтар. Біз Еуропалық Одаққа интеграциялану және тиесілі болу қажеттілігін сезінеміз. Косовоны Еуропада интеграциялау үшін не істеу керек деп ойлайсыз?

Ж.Л.: Мен өзімнің құрметті әріптесіммен келісемін. Менің ұсынысым осыған дейінгі жауаптарыммен ұштасады. Еуропалық Одаққа интеграциялануды кейінге қалдырылып отыр, ал бұл келісімсөздер жүргізу процессін бәсеңдетуі мүмкін. Косоводан ауқымды эмиграция көмектеспейді. Хорватияның «ұзын және орамдақ жолы» тәжірибесін ескере отырып, мен Косовоның Еуропалық Одаққа мүше болуға ұмтылысын түсінемін. Жол жаңа үміткерлерге айқара ашылғанмен, қайткенде де тұрақтылық және әлеуметтік қамтамасыз ету әрі қарайғы интеграция үшін негізгі алғышарттар болып табылады. Әлі күнге дейін мен Еуроодақтың келешегіне және еуропалық (жартылай) периферияға мүше болудың артықшылықтарына сенемін. Өмір сапасын дереу жақсартуға деген үміттің сәтсіздікке ұшырауы және бастапқыға қарағанда баяу жүзеге асып отырған пайдалар әлеуметтік және экономикалық реформаларға кедергі болмауы керек. ■

Хаттарды Лабинот Кунушевчиге <labinotkununushevc@gmail.com> > жолдауға болады.

> Мықты аутсайдерлер: қытайлық құрылыс салушылар және шаруа наразылығы

Ю Ду, Висконсин-Мэдисон Университеті, АҚШ, ХӨҚ аймақтық және қалалық дамуды зерттеу комитетінің мүшесі (3K21)



Шығыс Қытайдағы қала шетінде жартылай бұзылған «шеге-үй»,
2017 жылғы маусым. Суретті түсірген Ю Ду.

Кытайдың жылдам өсіп отырған қалалары бірінің шет шағындағы жартылай бұзылған үйдің алдында «шеге-үйдің» қарсылық көрсетушісі девелоперлік компанияның қызметкерлерін үнемі маза бермейтін «бұзушы бұзақы топ» деп айыптап, асүйлік қос пышағымен қорқытып, үй салушыларды өлтірмек болып сондарынан қуып жүрді. Соңғы жылдары ауылдас көршілердің басым бөлігі жерлеріне берген төлемақыны алып, үйлерінен көпқабатты үйдегі пәтерлерге қоныс аударды. Бірақ осы елдімекенде жиырма «шеге-үй» тұрғындары көшуден бас тартты. Арада үш ай өткен соң Қытайдағы урбандалу саясаты бойынша зерттеулерім аясында жылжымайтын мүлік маманымен бірге қосқабатты ауыл үйін ысыруға келген бульдозерлерді көріп, денем тігіркенді. Қарсылық білдіруші өз үйін айналдыра жанар майды құйып, май құйылған ыдысқа от қойды да есікті жауып, үйінің шатырына шығып, жарылыстың өмірін жалмағанын күтіп отырды.

Алайда, құрылысшылар тобындағы екі жоғары білікті қызметкер оны шатырдан түсіріп алғанын байқадым. Қалғандары отты жылдам сөндірді және оның үйін

бульдозермен ысырып тастады. Бұл таңертенен бері бұзылған оныншы «шеге-үй» – қатты қарсылық көрсетуші шаруалардың меншігіндегі үй дегенді білдіретін термин – қалған тоғызын бұзуға бір сағаттан кем уақыт кетті.

Қытайдың жылдам урбандалуы салдарынан жерді жаппай тартып алу орын алды: миллиондаған шаруа отбасылары тым төмен өтемақымен қуылды және көшірілді. Соңғы онжылдықтарда мемлекеттің орталық билігі шаруалар мен ауылшаруашылық жерлерін қорғау мақсатында жерді пайдалануды бақылайтын құқықтық және институттық құрылымдарда реформалар жүргізді. Дегенмен, жерді сату жергілікті муниципалитеттер табысының негізгі көзі болғандықтан, Қытайдағы жергілікті билік ауылшаруашылық жерлерін тартып алуды, шаруаларды көшіруді және тұрғын аудандарды коммерциялық мақсатта пайдалануды қояр емес.

Бүгінгі күні Қытайдағы халық наразылығының басым бөлігін жер дауы тудырып отыр: мәселені шешудің барлық мүмкіндіктері таусылғанда ашынған шаруалар ауылдық аймақтарда өмір сүру құралдарын сақтап қалу үшін жерге

>>

шегедей қадалған ескі үйлеріне кенедей жабысып, қысым құралы ретінде амалсыздан бастарын бәйгеге тігеді.

Қытайдағы халық наразылығы мен бақылау хақындағы әлеуметтанулық пікірталастардың басым бөлігі жермен байланысты шаруа наразылығына тыйым салғысы келеді деп муниципалитеттік және ауылдық билікті көрсете отырып, мемлекет-қоғам деп бөлудің айналасынан шықпайды. Бірақ, осы мемлекеттік акторларға ғана назар аудару қысымның тағы бір аса мықты көзін елемейді: олар - Қытайда қала инфрақұрылымын қаржыландырудың жаңа тәсілдерінің нәтижесінде жергілікті билік шаруаларды қанауға және бейтараптандыруға рұқсат берген жекеменшік девелоперлер.

Жиырма жыл бойы Қытайдағы жергілікті билік жылжымайтын мүлікті рәсімдеу мен жаңғыртуды қаржыландыратын банк несиелеріне арқа сүйеп келген еді; бірақ 2016 жылдан бастап орталық мемлекеттік органдар жерді тартып алуға берілетін банк несиелеріне қатаң тыйым салды, оның орнына жергілікті атқару орындарына муниципалитеттік құнды қағаздарды дамытуды қолдайтынын білдірді. Соған қарамастан, жергілікті билік орындары қосалқы облигациялар нарығына иек артудың орнына көбіне жергілікті одақтастарынан, яғни жекеменшік жылжымайтын мүлік девелоперлерінен көмек сұрайды.

2016-8 жылдары жүргізген далалық зерттеулер кезінде жекеменшік девелоперлердің жерді иемденудің әрбір кезеңіне белсенді қатысқанын және наразылық білдіруші шаруаларды жерге таласын болдырмау үшін жылжымайтын мүлік агенттерінің саналуан қитұрқылдыққа баратынын байқадым.

Кейбір бақылаушылар наразылық білдіруші «шеге-үйлердің» үнін өшіру үшін Қытайдың жергілікті билігі ішінара «жалдамалы баскесерлерге» арқа сүйейтінін айтады. Бірақ бұл лас шиеленістер болуы мүмкін: ауылдағы мамандардың көбі басқа шаруаларды қолдайды, және өз басшыларының нұсқауларын орындаудың орнына жергілікті шенеуніктер ауылдастарына қосылып, тіпті өздері де «шеге-үйлерге» айналады.

Тәртіпке бағынбау шиеленісті нәтиже мен жаман атаққа ұшыратады. Бұл жағдайда стратегия нәтижесі көңілге қонымды болмасы анық, кейде орталық билік жергілікті бюрократтарға жаза қолданып, мансаптарына кедергі келтіріп бағады. Жергілікті билік күштеуді жекеменшік құрылыс салушыларға жүктейді, тұрғындарды көшіру мен ысырудың тиімділігіне қол жеткізіп, өздері кез келген күштеу мен зорлыққа қатысты жауапкершіліктен алшақ болуға тырысады. Жобаны дайындаушылар басқа ауылдарда «шеге-үйлерді» сәтті бұзып, «шығынсыз» көшіре алады деген атаққа қол жеткізген тәжірибелі баскесерлерді («ысыру командалары» деп аталады) жалдауы мүмкін.

Ысыру тобының мүшелері наразылық білдірушілерді жарақаттамай үйлерінен алып шығады; осы жұмыс үстінде

ауыл тұрғындарынан таяқ жеп қалу мүмкін, сондықтан олардың тәуекелі жақсы бағаланады. Орталық және жергілікті билік органдары БАҚ наразылық туралы, оның өзінде де үйден шығару құрбандықпен немесе қатысушылар санының әдеттен тыс көп болуымен байланысты болған жағдайда ғана араласатынын жергілікті шенеуніктер мен жылжымайтын мүлік мамандары маған ескертті. Осы жекеменшік күштер дене жарақатын түсірмей «шеге-үйлердің» наразылық білдірушілерінің «дене саясатын» тас талқан етеді және орталық үкіметтің араласуы ықтималдығын төмендетеді.

«Шеге-үй» өкілдері тарапынан ұзаққа созылған наразылық осы процестерді күрделендіретіні рас. Өз үйлерін босатпайтын шаруалардың кесірінен ұзақ үзілістермен шағын жылжымайтын мүлік компанияларын банкроттыққа ұшырататын пайыздық төлемдердің жылдам жинақталуы орын алады.

Дегенмен, осы процесте кейбір үзіліске жол бере алатын жылжымайтын мүлік алпауыттарымен кездескенде шаруа қожалықтары негізінен әлсіз болып келеді. «Шеге-үй» қожалықтарының күнделікті наразылығы ысыру топтары тарапынан үнемі қысымда: бұзақылар олардың терезелерін сындыруы мүмкін; ал су мен электр жарығын жергілікті муниципалитеттік органдар кесіп тастауы мүмкін. Осы жағдай наразылық білдірушілердің көпшілігін есінен тану, жүрек талмасы, мазасыздық немесе депрессияны қоздыратын қауіпті табиғи және психологиялық шарасыздыққа ұшыратады. Әдетте, үйлерді бульдозермен ысыратын соңғы рейдке жеткенде девелоперлер наразылардың табиғи және рухани күшін әбден сарқып алады.

Әділетті төлемақы үшін күресіп жатырған барлық «шеге-үй» қожалықтары күресінің себептері саналуан. Қала маңындағы көптеген үй қожалықтары қоныс аудару кірістің жалғыз көзін шектегені үшін күресті қыздыра түсті: «қалалық ауылдастардың» көбі өзіне тиісті жерлерде көпқабатты үйлер салып, оны еңбекші мигранттарға және кеңсе қызметкерлеріне жалға береді немесе бірінші қабатта шағын кәсіпорындар ашады. Шеткері ауылдық қалаларда шаруалар «шегеге» айналуы мүмкін, себебі олар өздеріне ұсынылған пәтерлерді ала алмайды. Өз ұрпақтарына пәтер алуға көмектесе отырып, аға буын басқа баратын жері болмағандықтан көбіне жартылай бұзылған үйлерде қалып қояды.


Шаруалардың неліктен «шегеге» айналғанына қарамастан, осы шиеленістердің зияны шаш етекпен. Бір ауылда егде қарсылық көрсетушінің өзінің кек алатынын айтып, балағаттап, қозғалмайтын мүлік бөлімі қызметкерінің тұрақтағы көлігінің астына жатып алғанын көрдім. Өзіне жақындаған кез келген кісіні, тіпті оны сабырға шақырған әйеліне де доқ көрсетіп, ұзын ағаш сырықпен маңайына жолатпады. Беті қызарып, демі бітіп қалған кезде әйелі жылап жіберді. «Бұл – жүрегі. Егер осылай өмір сүре беретін болсақ, бір күні жүрек талмасы оның өмірін қиып тынатынын білемін», – деп жылады әйелі. Бірақ оны тыңдаған ешкім болған жоқ сияқты. ■

Хаттарды Ю Дуға <yue.du@wisc.edu> жолдауға болады.

> Жаһандық диалогтың румын редакциясын таныстыру



| Раиса-Габриела Замфиреску



| Диана-Александра Димитреску



| Юлиан Габор



| Родика Лизеану



| Мадалина Манеа



| Бианка Михайла



| Андреа Молдовяну



| Уна-Елена Негреа



| Миоара Парашив



Раиса-Габриэла Замфиреску – Бухарест университетінде әлеуметтану бойынша философия докторы. Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс факультетінде (Бухарест университеті) әлеуметтану бакалавры дәрежесін алған, екі магистрлік дәрежесі бар, бірі – терроризммен күресте ақпаратты басқару саласында (Михай Витеазул атындағы Ұлттық барлау академиясы, Румыния) екіншісі – Зерттеу мәліметтерін талдау мен қауіпсіздігі саласында (Бухарест Университеті мен Румын барлауының бірлескен бағдарламасы). Оның қызығушылықтар аясы кең, қауіпсіздіктен бастап гендерлік зерттеулер мен кластерлік талдауға дейінгі теледидарға, әсіресе америкалық телехабарларға бағытталған нақты тақырыптар бойынша қағидаттарға негізделген. Қазір статистика мен саяси әлеуметтанудан семинар сабақтарын жүргізеді.

Диана-Александра Думитреску – Бухарест университетінде әлеуметтану бойынша философия докторы. Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс факультетінде (Бухарест университеті) әлеуметтану бакалавры дәрежесін алған, екі магистрлік дәрежесі бар, бірі – жаһандық медиа мен коммуникациялар саласында (Уорвик Университеті, Ұлыбритания) және екіншісі ақпаратты талдау мен қауіпсіздікті зерттеу саласында (Бухарест Университеті мен Румын барлауының бірлескен бағдарламасы). Қазір Бухарест университетінің Ғылыми Зерттеу институтындағы әлеуметтік ғылымдар бөлімінің жоба жетекшісінің көмекшісі және зерттеу әдіснамасы бойынша семинар жүргізеді.

Юлиан Габор – Бухарест университетінде әлеуметтану бойынша философия докторы. Оны бірлесе қолдану экономикасы, дәлірек айтсақ, автокөлікпен алмасу, бірлескен мобилдік, онлайн-араласу, тұрақтылық және автостоп қызықтырады. Этнограф ретіндегі ұстанымы - қолданушылардың тәртібі. Сонымен қатар үкіметтік емес экологиялық ұйымда жұмыс жасайды және «біліміміз зерттеулермен, шығармашылықпен және технологиялармен үйлесе отырып, болашақтағы түйткілдеріміздің көбін шеше алады» деген оптимистік ойда.

Родика Лизеану – Бухарест университетінде әлеуметтану бойынша философия докторы. Бухарест университетінің әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс факультетінде қауіпсіздік саласындағы зерттеулер бойынша магистр, осы университет пен Париждегі Өнер және ғылым Жоғары Мектебінде (École des hautes études en sciences sociales (EHESS) саясаттану магистрі дәрежесін алған. Оның ғылыми қызығушылықтары білім әлеуметтануы аясында. Қазіргі кезде мектепті тастап кету себептеріне, салдарына және әлеуметтік акторларына

басымдық бере отырып, Румынияның мектеп түлектерін зерттеп жүр.

Мэдэлина Манеа саясат саласынан бакалавр дәрежесін Ұлыбританияның Ноттингем қаласындағы Трент университетінде, әлеуметтанулық зерттеулер бойынша магистр дәрежесін Бухарест университетінде алған. Докторантурада оқи бастаған-ақ Бухарест университеті миграцияны зерттейтін Орталығының зерттеушілер тобы мүшесі ретінде ол екі халықаралық YMOBILITY және TEMPER жобаларында ғылыми қызметкер болып жұмыс істеді.

Бианка Михаэла – Бухарест университетінің әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс факультетінің магистрі. Оның ғылыми қызығушылықтары трансұлттық қосавторлық желілер аясына шоғырланған. Бұл салада ол зерттеушінің ғылыми өнімділігіне трансұлтшылдықтың ықпалын талдайды. Өз жұмысында әлеуметтік және жеке желілердің сараптамасын қолданады. Қазіргі кезде Вальтер ДеГруйтер шығаратын *International Review of Social Research* басылымының басқарушы редакторы.

Андреа Молдовеану – Бухарест университетінде әлеуметтану бойынша философия докторы. Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс факультетінде магистр дәрежесін алған. Зерттеулерінің негізгі бағыттары зерттеулер мен инновациялық жобалар секторындағы мемлекеттік және орталық әкімшілікпен байланысты. Оның ғылыми қызығушылықтар аясына мемлекеттік басқарудан бастап, кескінді романдар мен комикстердегі эпосқа дейінгі бірнеше бағыт енеді. Қазіргі кезде әлеуметтік зерттеулердің әдіснамасы бойынша семинар сабақтарын жүргізеді.

Уна-Елена Негреа – әлеуметтану бойынша философия докторы. Бухарест университетінде бакалавр және магистр дәрежесін иемденген. Зерттеулерінің негізгі бағыттары румын еңбек нарығындағы экономикалық гендерлік теңсіздік пен гендерлік секторлық сегрегацияға баса назар аударған әлеуметтік теңсіздік пен гендерлік зерттеулермен байланысты. Сонымен қатар әлеуметтанулық зерттеулер әдістері мен техникасы курсының оқытушысы.

Мноара Парашив әлеуметтану мен психологияны тәмамдаған. Қазіргі кезде Бухарест университетінде әлеуметтану мамандығы бойынша докторантурада оқиды. Оның докторлық диссертациясында қаралатын негізгі мәселе - жыныстық қылмыс жасаған жазасын өтеушілер немесе арнайы тіркеуде тұрғандарға арналған топтық бағдарлама. Сонымен қатар жазадан шартты босату мәселелері бойынша кеңесші болып жұмыс жасайды.